

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



«ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫ: САЛҒАСТЫРМАЛЫ АСПЕКТІ»  
халықаралық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
2025 жыл 19 қыркүйек

МАТЕРИАЛЫ  
международной конференции  
«ЮМОРИСТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС: СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ»  
19 сентября 2025 года

MATERIALS  
of the international conference  
«HUMOROUS DISCOURSE: A COMPARATIVE ASPECT»  
September 19th, 2025

Ақтөбе-Актобе-Aktobe

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

Баспаға конференцияның редакциялық кеңесі ұсынған.

Халықаралық конференция АР 19676461 «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» гранттық ғылыми жобасы аясында ұйымдастырылды.

**Редакция алқасы:**

**Н.К. Кулганбаева** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, философия докторы (PhD), жоба жетекшісі;

**С.С. Исакова** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор, жобаның бас ғылыми қызметкері;

**А.С. Тухтарова** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, философия докторы (PhD), жобаның жетекші ғылыми қызметкері;

**Н.Е. Қартжан** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, философия докторы (PhD), жобаның аға ғылыми қызметкері;

**Г.Г. Ермекбаева** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, философия докторы (PhD), жобаның кіші ғылыми қызметкері;

**Ж.А. Жетесова** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, жобаның кіші ғылыми қызметкері;

**Р.К. Танатова** – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, жобаның кіші ғылыми қызметкері.

**«ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫ: САЛҒАСТЫРМАЛЫ АСПЕКТІ»** халықаралық конференция материалдарының жинағы – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2025. – 244 б.

**«Әзіл-оспақ дискурсы: салғастырмалы аспекті»** халықаралық конференцияның материалдары дискурс талдау теориясының этномәдени және лингвомәдени аспектілері, қазіргі тіл білімі парадигмасындағы әзіл-оспақ дискурсы, когнитивті лингвистика және лингвомәдениеттану мәселелері атты бағыттардан тұрады.

Материалы международной конференции **«Юмористический дискурс: сравнительный аспект»** состоят из направлений этнокультурные и лингвокультурные аспекты теории анализа дискурса, юмористический дискурс в парадигме современного языкознания, проблемы когнитивной лингвистики и лингвокультурологии.

The materials of the international conference **«Humorous Discourse: a comparative aspect»** consist of the following areas: ethnocultural and linguocultural aspects of the theory of discourse analysis, humorous discourse in the paradigm of modern linguistics, problems of cognitive linguistics and linguoculturology.

**СЕКЦИЯ №1**  
**ДИСКУРС ТАЛДАУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ**  
**ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ**  
**СЕКЦИЯ №1**  
**ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ И ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ ТЕОРИИ**  
**АНАЛИЗА ДИСКУРСА**  
**SECTION №1**  
**ETHNOCULTURAL AND LINGUOCULTURAL ASPECTS OF THE**  
**THEORY OF DISCOURSE ANALYSIS**

---

**GRAPHIC NOVEL TRANSLATION AND LOCALISATION AS**  
**LINGUOCULTURAL PROBLEM IN MULTIMODAL DISCOURSE**

**O.M. Sedliarova, N.S. Soloveva**  
Magnitogorsk, Russia

**Introduction.**

Living in the information age of the XXI century has revealed predominance of visual culture and our reliance on visual information. Nowadays you can rarely find a monomodal, purely verbal, text because it does not attract so much attention as a multimodal text does, and modern people are used to it and even demand it as the multimodal approach eases them into understanding of information. We deal with multimodal texts in all spheres of communication – from entertainment to education and science.

In a multimodal text codes of different semiotic systems being in constant interaction either complement or intensify the pragmatic meaning of each other [6] and this interplay can achieve an effect that no monomodal verbal text can ever produce.

One of the genres of multimodal texts that are gaining popularity in mass culture in Russia is the graphic novel considered as a type of comic or the result of comic's evolution by others [11, p. 3]. The comic book is quite new in the Russian reading culture and most comic books are translations of American comics. Unlike classical comic books, graphic novels touch upon more serious problems – economic, social and political issues, have a more sophisticated structure and a more highly developed plot and multifaceted characters. The illustrations are more laconic, without excessive imitations of movement sounds and the characters' emotions look quite realistic [4].

The pragmatic force in the graphic novel like in any other multimodal text is achieved through the interplay of the image and the verbal part. Having a big visual part a graphic novel may seem easy to read but when it comes to perceiving its visual images the reader needs to have enough visual literacy to decode visual messages. The reader has to interpret all facial gestures and body language of people who belong to another culture. Understanding a graphic novel both in the original and in translation means decoding symbols, intergrating all the verbal and graphic information and the whole text structure [1, p. 7].

Multimodality in translation studies is quite new, it makes scholars cross disciplinary boundaries and adopt new theoretical and methodological approaches [12, p. 1]. Taking into account all the visual and structure details of a graphic novel the translator should interpret all the information verbally as long as the graphic part of the novel remains unchanged. In other words, with the original images the only part that could be localized is the verbal part of the novel. Thus, the purpose of the paper is to analyze the adequacy of the translation of some graphic novels and the translation transformations applied.

**1. Multimodal approach to the graphic novel localization. Material and methods.** In this translation research we have employed three graphic novels and their adaptations in Russian: “Seconds” by O’Malley [9; 10], “Coraline” by N. Gaiman and P.C. Russel [3; 2] and “Watchmen” by A. Moore and D. Gibbons [8; 7], applying such methods as contrast, comparison, description and context analysis.

Being semantically and semiotically complex texts graphic novels need a special approach to their translation and localization. The translator should regard the text-image interaction and the organization structure of the panel. The size of the panel and its shape also convey the author’s ideas and they cannot be changed even if the verbal text of the translation happens to be shorter or longer than in the original. If some panel appears larger than others it may mean that the author intended to make a broader view to stress some point, to underline its significance.

The verbal text (narration, monologues and dialogues) is placed in speech balloons/bubbles. There are rectangle balloons normally used for narration, conversation/dialogue bubbles, thought and dream bubbles in the shape of clouds, bubbles with needle edges to imitate a scream or a cry, action bubbles, explosion bubbles, etc. The normal colour of the bubble is white but the author may choose another colour or shape of the bubble to express the character’s emotional state.

Bearing in mind the message that comes from the whole text-image interplay and being restricted by the size and shape of the speech bubble and the panel space the translator cannot use long syntactical constructions that sometimes might better interpret the scene. The translator has to do an adequate translation without changing the organization structure of the panel and the page.

In graphic novels there are a lot of dialogues in a colloquial and familiar colloquial style, slang and taboo words, interjections, sound imitations and some characters’ speech has individual features. All these things combined should be regarded by the translator. Another important detail about graphic novels as a type of a comic book is the conventional version of earlier translations of all proper names that allude to other novels or comic books.

Thus, the translator has to be well-read and have a broad outlook to achieve adequacy in translation of a graphic novel.

**2. Analysis of the translation transformations applied to the localization of graphic novels. Results.** Graphic novels are thought to belong to the fiction discourse, which allows to apply the same translation transformations as applied to works of fiction [5, p. 155].

The analysis of a great many samples of translation with *zero transformation* revealed that graphic novels admit lots of cases when the translator can turn to a

word-for-word translation, for example, in some of the instructions and short comments to actions (fig.1).



Fig. 1 – Zero transformations [9; 10]

Of all lexical transformations the most common for the novels analyzed is *modulation*. The following sentence describing a picture of rain in “Coraline” [2; 3] (fig. 2) “*It was the kind of rain that meant business*” was translated as «*Дождь явно приходил по делу*» while the set expression “*to mean business*” has the following equivalents in Russian: «не шутить, иметь серьезные намерения, действовать решительно». The translator applying modulation developed the idea and turned from the cause to its consequence. However, the play of words that came afterwards was not regarded. The translation in this example has kept the complementary relation to the image, but it has not managed to realize the author’s idea fully. We think it would be better to translate it as follows: «*Дождь явно пришел с определенными намерениями... Как раз сейчас он превращал сад в грязное месиво*».



Fig. 2 – Modulation (Rain)

*Specification* is also often used in translation. For example, the sentence “Every day they would take pieces of white silk” [2; 3] was translated into Russian as «Каждый день они берут отрезы белого шелка» with the word ‘piece’ specified in Russian as «отрез (кусок ткани)».

Graphic novels translators often use *transcription* when dealing with interjections and sound imitations but quite often it fails to convey the right idea (fig. 3) and the translator should use another transformation to serve the purpose instead.



Fig. 3 – Transcription (KREEAK) [2, 3]

*Compensation* is another common transformation used in localization of graphic novels. In “Watchmen” the sentence “ ‘Course that’s just MY opinion.” ( «Ясное дело, это типа моё личное мнение» ). The conversational contracted form ‘course was intensified (compensated) in Russian by «*мана*» and the capital letters in MY were compensated by the word «*личное*» [7; 8].

*Description* normally employed when there is no equivalent in the translation language may be used to suit the style or the target audience although it is against the translation norms in graphic novels. For example, the adjective “baggy” in “Caroline” having the Russian equivalent «*мешковатый*» was translated as «*похожий на мешок*» [2; 3] because the novel is meant for young readers and most of them would understand the description rather than the equivalent (fig. 4).




Fig. 4 – Description

Also, we can often come across *grammar transformations*. In “Watchmen” the two-member sentence “I always wonder” appeared in Russian as «*Интересно*», and the sentence of the same type “You black out” was translated as indefinite-personal «*Вырубаетесь*». The whole sentence “Do you think?” was translated by the adverb «*по-твоему*» [7; 8] (fig. 5).



Fig. 5 – Grammar transformations

These grammar transformations have added to the conversational style that suits the atmosphere of the novel. Still, the translator should be careful not to go too far as everything the character says characterizes their personality.

Among grammar transformations we should also mention *omission* which is often caused by limited space on the panel or in the speech bubble (fig. 6).



Fig. 6 – Omission

“To choose from”, “discounting” and “other” were omitted and compensated by «и без» in Russian [7; 8].

This is not a full recount of all transformations applied to localize a graphic novel. Actually, we can often find a combination of different translation transformations in one speech bubble or on a single panel.

**Conclusion.** Localization of the graphic novel is a challenging task both if you need to localize all the novel including the visual part and with the original visual part remained unaltered. In the latter case the translator (or localizer) of the novel has to do a tremendous job only in the verbal text taking into account multimodal details and peculiarities of the source culture and adapting them for the readers of the accepting culture. Having analyzed three novels and their adaptations in Russian we have revealed that the translators have applied the same translation transformations as they use to translate any book of fiction but in case of a graphic novel they have to regard the verbal text, the images, the text structure organization (the panels and all kinds of bubbles) and the message resulting from this interplay.

#### References:

1. Eisner W. Comics and Sequential Art. Tamarac: Poorhouse Press, 1990.164 p.

2. Gaiman N., Russell P. C. Koralina. M.: AST, 2016. 192 s. (Гейман Н. Коралина М.: АСТ, 2016. 192 с.)
3. Gaiman N., Russell P. C. Coraline. New York: Harper Collins Publishers, 2008. 192 p.
4. Gervasovskaya S. Yu. Graficheskii roman v sisteme komiksovykh zhanrov. *Via scientiarum – doroga znanii*. 2022. № 1. S. 121–126.  
(Гервасовская С.Ю. Графический роман в системе комиксовых жанров. *Via scientiarum – Дорога знаний*. 2022. № 1. С. 121–126.)
5. Khrustaleva M. A., Sukhanova A. E. Osobennosti perevoda graficheskogo romana (na materiale “Watchmen”) // Yazyk: kategoriya, funktsii, rechevoe deistvie: Materialy XIV mezhdunar. nauch. konf. Vypusk 14. Chast' II. (Moskva–Kolomna, 15–16 aprelya 2021 g.). Kolomna: Izd-vo Gosudarstvennogo obrazovatel'nogo uchrezhdenie vysshego obrazovaniya Moskovskoi oblasti «Gosudarstvennyi sotsial'no-gumanitarnyi universitet», 2021. S. 154–156.  
(Хрусталева М.А., Суханова А.Е. Особенности перевода графического романа (на материале «Watchmen») // Язык: категории, функции, речевое действие: материалы XIV междунар. науч. конференции. Выпуск 14. Часть II (Москва-Коломна, 15-16 апреля 2021 г.). Коломна: Изд-во ГОУ ВО Московской области «Государственный социально-гуманитарный университет», 2021. С. 154-156.)
6. Kress G. Multimodal Discourse: The Modes and Media of Contemporary Communication. London: Arnold, 2001. 152 p.
7. Moore A., Gibbons D. Hraniteli [Elektronnyj resurs] // Unicomics. URL: <https://unicomics.ru/comics/series/watchmen> (data obrashhenija: 24.01.2025).  
(Мур А. Хранители [Электронный ресурс] // Unicomics. URL: <https://unicomics.ru/comics/series/watchmen> (дата обращения: 24.01.2025).)
8. Moore A., Gibbons D. Watchmen [Elektronnyj resurs] // Internet Archive. URL: [https://archive.org/details/WatchmenByAlanMoore\\_AndDaveGibbons/page/n5/mode/2up](https://archive.org/details/WatchmenByAlanMoore_AndDaveGibbons/page/n5/mode/2up) (дата обращения: 24.01.2025)
9. O'Malley B. L. Seconds. New York: Ballantine Books, 2014. 323 p.
10. O'Malley B. L. Shansy. SPb.: Komil'fo, 2014. 334 s. (O'Мэлли, Б. Л. Шансы. СПб.: Комильфо, 2014. 334 с.)
11. Soloveva N.S., Sedliarova O.V. Perevod graficheskogo romana kak raznovidnosti multimodal'nogo teksta. *Gumanitarno-pedagogicheskie issledovaniya [Humanitarian and pedagogical Research]*. 2023. T. 7. № 1. S. 40-53. (Соловьева Н.С., Седлярова О.М. Перевод графического романа как разновидности мультимодального текста. *Гуманитарно-педагогические исследования*. 2023. Т. 7. № 1. С. 40-53.)
12. Tuominen T., Jimenez Hurtado C., Ketola A. Why methods matter: Approaching multimodality in translation research. *Linguistica Antverpiensia. New Series: Themes in Translation Studies*. 17. Pp. 1-21.

## **ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ДИСКУРС ЖӘНЕ ДАРАЛЫҚ СТИЛЬ: Ә. НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ**

**Б. Айхынқызы**

Гуманитарлық-педагогикалық институтының магистранты

Қызылорда, Қазақстан

Қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгерлерінің бірі Әзілхан Нұршайықов эпистолярлық жанрды шебер қолдануымен танылды. Жазушы соғыс және соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ прозасына жаңа жанрлық-стильдік ерекшеліктер әкелді. Ә. Нұршайықов – естелік, күнделік, хат жанрларын көркем проза деңгейіне көтерген жазушы [1]. Оның шығармашылық

мұрасында публицистикалық очерктерден бастап роман-диалог, роман-естелік, эпистолярлық романға дейінгі жанрлар бар екенін көреміз. Әсіресе жазушының хат түріндегі баяндауы мен сол арқылы қалыптасқан даралық стилі ерекше назар аударады.

Эпистолярлық дискурс дегеніміз – хат жанрындағы шығарма мәтіні және сол хат алмасу негізіндегі баяндау тәсілі. Хат түрінде жазылған шығарма оқырманға тікелей автордың немесе кейіпкердің ішкі әлемін, эмоциясын, дара дауысын танытуға мүмкіндік береді. Эпистолярлық әдебиет әлем әдебиетінде көне дәуірден қалыптасқан дәстүр болса, қазақ әдебиетінде де бұл жанрдың үлгілері Шоқан, Ыбырай, Абай хаттарынан бастау алып, XX ғасырда жалғасын тапты. Алайда қазақ көркем проза жанрында хат формасы көбіне қосалқы тәсіл ретінде қолданылып, жеке эпистолярлық роман жазу сирек болды. Дәл осы тұрғыдан алғанда, Ә. Нұршайықовтың эпистолярлық үлгідегі еңбектері қазақ әдебиетінде жаңа арна салған құбылыс ретінде бағаланады [2].

Бұл мақалада эпистолярлық дискурстың ерекшеліктері Ә. Нұршайықов шығармаларында, әсіресе «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы хат үлгісіндегі бөліктерде талданады. Жазушының хат түрінде баяндау арқылы көрінетін даралық стилі, тілдік және эмоциялық өрнегі, баяндаушының дауысы қарастырылады. Зерттеу барысында эпистолярлық жанр мен стиль туралы теориялық негіздерге сүйене отырып, қаламгердің авторлық тұлғасын айшықтайтын хат үзінділеріне талдау жасаймыз.

«Эпистолярлық стиль» ұғымы ең алдымен қатынас қағазы, жеке хат алысу тілі мағынасында қолданылады. Ғалым Р. Сыздық эпистолярлық стильге былай анықтама береді: *«Бұл стиль – жеке адамдардың бір-біріне жазысқан хаттарының тілін танытатын сөз мәнері»*[3,35]. Яғни, күнделікті тұрмыстағы, адамдардың өзара хабар алысу барысында қолданатын хаттың тілі – эпистолярлық стильдің зерттеу нысаны. Әдетте эпистолярлық дискурсқа талдау жасау үшін қарапайым тұрмыстық мазмұндағы хаттардан гөрі белгілі қоғам қайраткерлерінің, қалам иелерінің қоғамдық, рухани мәні бар хаттары негізге алынады.

Теориялық тұрғыдан, эпистолярлық жанрдың ең басты ерекшелігі – қосарлылық сипаты, яғни хат жазушы (адресант) және хат алушы (адресат) арасындағы диалогтық байланыс. Хаттың әрқайсысы әдетте жауап күтеді; сол себепті әр хаттың өз адресаты болады, ал жауап хат – жаңа адресанттың сөйлеуіне айналады. Эпистолярлық дискурс тікелей бірінші жақтық баяндауға негізделеді, онда автор (немесе кейіпкер) өз «мені» атынан сөйлейді. Сол арқылы хат тілінде автордың мәдени және рухани дүниетанымы, эмоциялық күйі, тіпті өмірбаянының іздері көрініс табады. Хат мәтінін талдау арқылы жазушының немесе кейіпкердің дара болмысын, стильдік ерекшеліктерін анықтауға болады.

Эпистолярлық стильдің тілдік сипатына тоқталсақ, оның синтаксистік құрылымы көбіне ауызекі сөйлеу стиліне жақын, еркін формада келеді. Хат стилінде тікелей тілдесім элементтері (қаратпалар, риторикалық сұрақтар), эмоционалдық бояуы қанық сөздер жиі қолданылатыны байқалады. Мәселен, жеке хаттарда құрметтеу немесе еркелету мәніндегі сөз орамдары («Қадірлі ...»), «Жаным ...», т.б.) мен интимдік лексика кең орын алады.

Сонымен бірге эпистолярлық мәтіндерде күнделік, мемуар жанрларына тән шыншылдық пен деректік қасиеттер бар. Хат авторы көбіне өзі куә болған өмірлік оқиғаларды, сезім күйін қаз-қалпында баяндауға тырысады, сол арқылы көркем шығармаға тән ойдан құрастырудан гөрі деректі негіз басым болады. Қазақ зерттеушілері эпистолярлық жанрды көркем әдебиеттегі *деректі проза* ретінде қарастырады: «*Көркем шығарма шындық оқиғаның сәулелі көрінісі болса, эпистолярлық туынды – қаламгердің жан-дүниесінен шығатын деректі туынды*» деп жазады [2]. Яғни, хат жанрында жазылған шығармалар жазушының ішкі әлемінен қайнап шыққан шыншыл сөз болғандықтан, оқырман үшін әсерлі, өміршең келеді.

Әзілхан Нұршайықов өз шығармашылығында эпистолярлық тәсілді құнарлы қолданған жазушы. Ол өз жолын алғашқыда журналистік публицистикадан бастап, кейін көркем әдебиеттің сан қилы жанрларында еңбек етті. 2000 жылы жарық көрген «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романы – қазақ әдебиетінде бұрын болмаған соны тәжірибе еді [4,5]. Бұл шығарма ұлт қаламгерлерінің өзара жазысқан хаттарынан құралған, деректі негіздегі роман ретінде бағаланды. Зерттеушілердің пікірінше, Нұршайықовтың эпистолярлық жанрдағы еңбектері өте мол және олар арқылы тұтас бір заманның келбеті көрінеді. Шынымен де, жазушының хат формасында жазылған шығармаларында өз дәуірінің тағдыры, заманының ауқымы, халық тарихы, ұлттың мәселелері, сол кезеңдегі адамдар психологиясы кең тұрғыда сараланады. Эпистолярлық баяндау оған өткен өмірдің маңызды сәттерін, замандастарының бейнесін шынайы әрі жан-жақты сомдауға мүмкіндік берген. Хат формасы авторға бірінші жақтан, жанды дауыс арқылы сөйлеуге жол ашып, оның баяндауын барынша жеке әрі сенімді етеді.

Нұршайықовтың даралық стилі ең алдымен шын жүректен шыққан сырлы сөзге негізделеді. Ол көркем шығармада қиялдан гөрі өмірде болған деректер мен фактілерге сүйеніп жазуды құп көрді. Мысалы, «Екі естелік» атты кітабында Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов туралы естеліктері олардың өмірінде болған нақты оқиғалар, детальдар арқылы өріледі. Сол сияқты эпистолярлық шығармада да жазушы кейіпкерлерін шынайы болмысымен көрсетуге тырысқан. Хат жанры бұл мақсатқа өте ыңғайлы болды: автор кейіпкерінің атынан тікелей сөйлетіп, оның ішкі сезімін, көзқарасын, тіпті сол кезеңнің тыныс-тіршілігін қоса бейнелейді. Жазушының өзі бір сұхбатында: «*Естелік жазуға ерекше шеберлік қажет... Шынайы естеліктің көркем шығармадан еш кемдігі жоқ*» деп, деректі негізге құрылған жанрларды қадір тұтатынын атап өткен. Осы ұстаным оның хат арқылы баяндайтын бөлшектеріне де сіңген деуге болады.

Нұршайықовтың ең танымал туындысы – «Махаббат, қызық мол жылдар» романы. Бұл шығарма негізінен екі жастың махаббат хикаясын арқау еткенімен, оның құрылымында эпистолярлық элементтер айрықша орын алады. Роман Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және одан кейінгі студенттік өмір кезеңіндегі оқиғаларды қамтиды. Бас кейіпкер Ербол мен оның достарының, сондай-ақ оған ғашық жандардың хат алмасуы сюжет желісін толықтырып, кейіпкерлердің жан дүниесін ашуға септеседі.

Атап айтқанда, шығармада соғыс майданынан жазылған хаттардың мәні зор. Ербол мен оның майдангер достары алыстағы ауылдағы қыздардан келген хаттарды ерекше үміт, қуанышпен күтеді. Романда сол кезеңнің жастарына тән мұндай эпистолярлық жағдай әсерлі суреттелген. Мысалы, жазушы жауынгердің сүйікті адамынан хат алған сәттегі көңіл-күйін былай бейнелейді: «*Үшбұрыш хат қолына тиіп, сыртындағы өзіне таныс жазуды көргенде, жел қозғаған жапырақтай дірілдеп, тез оқып шыққанша тағаты қалмай асығатын*»[5,24]. Ал хатты оқып болған соң сол солдаттың жүзі жадырап, көздері күлкіге толып, бетін алқызыл рең басады. Бір сәттік хат лебізі оған ерекше қуат пен рақат сыйлайды. Автордың бұл суреттеуі сол заман жастарының жүрек толқынысын дәл беруімен құнды. Хат – алыстағы жауынгерге рухани демеу, өмір өзегіне нәр беретін қуат екенін жазушы дәл сезіндіреді. Бұл туралы шығарманың өзінде хат жолдаушы қыздардың атынан: «...*сенің әр хатың бес күндік азық, әр сөзің бір күндік қызу*» деп бейнелі айтылған[5,114]. Қарапайым сөздер арқылы жазылған осы теңеу жауынгер жүрегіне хаттың қаншалықты азық екенін оқырманға да сезіндіреді. Эмоциялық әсері мол мұндай эпистолярлық шумақтар жазушы стилінің сыршыл, жүрекке жақын қырын көрсетеді.

Романдағы маңызды эпизодтардың бірі – Ерболдың соғыста өзіне хат жазған белгісіз қыз – Сәлиманың соңғы хатын Меңтайға оқып беруі. Бұл бөлікте автор толық бір хаттың мәтінін келтіріп, кейіпкердің дауысын тікелей оқырманға жеткізеді. Хат «Жаным Ербол!» деген аңсарлы қаратпа сөзден басталып, Сәлиманың Ерболға деген шексіз махаббатын және сағынышын ақтара отырып баяндайды. Хат мәтінінен қыздың нәзік жан дүниесі, елдегі күйбең тіршілік пен соғыс жылдарының қиындықтары көрініс табады. Мысалы, Сәлиманың хатында: ауыл жаңалықтары, ер азаматтардың майданға кетуі, өзінің ауыр еңбектен шаршауы, бірақ сүйгеніне демеу болу үшін мойымауы секілді жайттар айтылады. Ол Ерболға «*тезірек жауды жеңіп қайт*» деп тілейді, өзінің үмітпен күтіп жүргенін жазады. Тіпті хатты тоңып отырып жазып жатса да, сүйгенінен келген әр хаттың оны жылытып, тіршілікке жігер беретінін әсерлі жеткізеді. Осы хат арқылы автор соғыс кезіндегі жастардың жеке сезімі мен Отанға деген сүйіспеншілігін ұштастырады. Жеке махаббат пен азаматтық парыз бір хаттың өнбойында астасып, көркемдік тұрғыдан тұтасып тұр. Бұл – Нұршайықовтың қаламгерлік шеберлігі мен көзқарасының белгісі. Жазушы жеке адамның сезімін қоғам өмірімен үйлестіруге, махаббатты патриоттық тақырыппен байланыстыра суреттеуге қол жеткізген.

Эпистолярлық баяндаудың арқасында шығарманың баяндау дауысы да өзгеріп отырады. Романның бір бөліктерінде баяндаушы – автор болса, хат келтірілген тұстарда баяндаушының рөлі кейіпкерге өтеді. Мысалы, Сәлиманың хатын Ерболдың аузынан естісек те, ол жолдарда Сәлиманың ішкі дауысы анық сезіледі. Бұл тәсіл оқырманды кейіпкердің жан әлеміне біртабан жақындатады, оқиғаға ортақтастырады. Ә.Нұршайықов осылайша полифониялық баяндауға қол жеткізіп, шығармада бірнеше тұлғаның үнін естірте алған. Басты кейіпкер Ерболдың өз атынан баяндауы мен хат арқылы сөйлейтін Сәлиманың үні романның эмоциялық палитрасын байытады.

Жазушының эпистолярлық стильдегі тілі қарапайым, шұрайлы әрі бейнелі. Ол хат мәтіндерінде күрделі синтаксистік құрылымдардан гөрі ауызекі сөйлесуге жақын ықшам сөйлемдерді пайдаланады. Сәлиманың хатында кездесетін тіркестерге назар аударсақ, көбінесе қысқа, нақты сөйлемдер («Амансың ба?..», «Мен ауылға барып қайттым...», т.б.) және көңіл күйді білдіретін сезімге толы сөздер («Жаным...», «сағындым», «мәңгілік сүйемін») жиі ұшырасады. Осының өзі хат жазушының бейнесін шынайы етіп, оқырманды нандырады. Сонымен бірге Нұршайықов кейіпкерлерінің хаттарында қазақы ойлау үлгісі, ұлттық болмыс та көрініп қалады. Мысалы, ауыл тіршілігінің баяны, үлкендерді сыйлау, амандық сұрау салты хат мазмұнында сезіледі. Бұның бәрі жазушының дара стилін айқындай түседі – ол кейіпкер тілін табиғи қазақы қалыпта бере алған.

Ә. Нұршайықов эпистолярлық жанрды тек осы романында емес, басқа да шығармаларында сәтті қолданды. Жазушының Ұлы Отан соғысы кезіндегі жеке күнделіктері, майдан жазбалары кейінірек оқырманға жол тартып, оның суреткер ретіндегі шеберлігін толықтыра түсті. Қаламгердің күнделік-естеліктерінде де хаттық стиль элементтері байқалады, мысалы, автор кейде күнделік жазбасын белгілі бір адресатқа арнап сөйлескендей түрде жүргізеді. Бұл да эпистолярлық дискурстың әсері деп қарастыруға болады.

Қорыта айтқанда, Ә. Нұршайықовтың эпистолярлық дискурсты пайдаланудағы мақсаты – кейіпкерлердің жан сырын, қаламгердің өзі жеткізгісі келген өмір шындығын оқырманға барынша жақын, ұғымды тәсілмен ұсыну. Хат жанры арқылы ол ресми немесе үшінші жақ баяншының қашықтық әсерін жойып, оқырманды тікелей кейіпкердің ішкі диалогіне кіргізеді. Бұл тәсіл оның шығармаларына шынайылық реңкін береді. Жазушы эпистолярлық баяндауды пайдалана отырып, өз даралық стилінің басты қырларын – гуманизмді, шындыққа адалдықты, сезімталдықты – айқын көрсете білді.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасындағы эпистолярлық дискурс – оның дара стилін танытатын маңызды арнаның бірі. Эпистолярлық жанрды жаңғырту арқылы жазушы қазақ әдебиетіне тың үрдіс енгізді. Хат формасын көркем шығарма деңгейіне көтере отырып, ол оқырманға кейіпкердің жан-дүниесін ашудың тиімді жолын тапты. Нұршайықов хат жанрын тек техникалық тәсіл ретінде емес, бүтін бір ұрпақтың өмір шындығын, көңіл күйін, сана сезімін көркемдікпен бедерлейтін әлеуметтік-художестволық құрал ретінде қолданды.

Жазушының эпистолярлық баяндауы бір жағынан деректілікке, өмірдегі нақты оқиғаларға сүйенсе, екінші жағынан лирикалық сыршылдықпен өрілген. Оның кейіпкерлерінің хаттары шынайы сезімге толы, тілегі мен назы астасқан жылы лебіздерімен әсер қалдырады. Сол арқылы автор өз заманының тынысын, соғыс және бейбіт күндердің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақтың арман-мұратын көркем әдебиетте өшпестей із қалдырып бейнелеген. Эпистолярлық дискурс Нұршайықов шығармаларында нарративтік эксперимент қана емес, мазмұндық тереңдікке жеткізетін көпір іспетті болды: хаттар арқылы жеке адамның жан сыры мен қоғамдық өмірдің келбеті тоғысты.

Ә. Нұршайықовтың даралық стилі оның эпистолярлық туындыларында айқын көрінеді. Жазушының тілі қарапайым, жүрекке жылы тиеді, алайда қарапайымдылығында үлкен өнер жатыр – бірнеше сөзбен терең ой мен сезімді жеткізе білу шеберлігі. Хаттардың тіліне тән еркіндік пен іш тарту, эмоционалдық әуен жазушының суреткерлік әдісімен үйлесім тапқан. Нәтижесінде, оқырман хат кейіпкерлерінің қуанышы мен мұңына ортақтасып, шынайы эмоцияны бастан кешіреді. Баяндаушының дауысы хат мазмұнына ауысқанда, автор даусын кейіпкер даусымен алмастырып, нағыз көпүнді шығарма тудырды. Бұл – қаламгердің үлкен табысы.

Әзілхан Нұршайықов эпистолярлық дискурсты мазмұндық та, стильдік те тұрғыда байытып, оның әдеби мүмкіндіктерін толық көрсетті. Оның хат жанрындағы ізденістері қазақ прозасында ерекше құбылыс ретінде бағаланады. Бір жағынан, ол халқымыздың ежелден келе жатқан хат жазысу мәдениетін, сөз қадірін жаңа қырынан жаңғыртса; екінші жағынан, көркем әдебиеттің бейнелеу құралдарын кеңейтіп, жеке авторлық ұстанымын, эстетикалық мұратын хат арқылы іске асырды. Даралық стиль тұрғысынан келгенде, Нұршайықов хат формасы арқылы өзіне ғана тән гуманистік пафосын, оптимистік өмір сүйгіштігін, сезім тереңдігін танытты. Жазушының эпистолярлық мұрасы – оның әдеби мұрасының қомақты және қадірлі бөлігі. Бұл мұра кейінгі қаламгерлер үшін де үлгі болып, қазақ прозасындағы эпистолярлық жанрдың әдеби құндылығын әйгілей түсті.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ізтілеуова Д. «Әзілхан Нұршайықов – әдебиеттегі дара тұлға» // *Түркістан* газеті, 14.12.2022
2. «Замандас бейнесі» (Ә. Нұршайықовтың туғанына 100 жыл) // *Семей таңы* газеті, 03.08.2022, №85
3. Сыздық Р. Эпистолярлық стиль туралы // *Хат жазбаларындағы қоғамдық көрініс*, Әдебиет порталы (adebiportal.kz), 27.10.2016
4. Қалқабаева С.Ә., Алмас Л.А., Ахмедова Ж.А. Ә. Нұршайықов прозасындағы шығармашылық тұлға және авторлық концепция // *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.* – 2023. – №3 (191). – 113-122 бб.
5. Нұршайықов Ә. Махаббат, қызық мол жылдар: Роман. – Алматы: Жазушы, 1970 (шығармадан алынған үзінділер) .

## **ЭТНОМӘДЕНИ КОНЦЕПТИГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

**М.Т. Куштаева**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан

Прагматика – тіл мен оны қолданушы арасындағы байланысты зерттейтін ғылым саласы. Прагматика тілді адамның сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету мақсаты тұрғысынан қарастырады.

Тіл бірліктері қолданысқа қарай прагматикалық мәнге ие болады. Яғни прагматикада сөздің, сөз тіркесінің, жалпы тілдік орамдардың, қолданыс үстінде жаңа мәнге ие болу табиғаты түсіндіріледі. Бұдан прагматикалық аспект тіл деңгейлерінің барлық бірліктеріне тән екендігін білеміз. «Тіл бірліктерінің "прагматикалық қабілеті" жұмсалым үстінде айқындалады» [1,34]. Сонда прагматика тілдік орамның тура мағынасынан басқа барлық мағыналарын қамти отырып, айтылымнан тыңдаушының қандай пікірге келіп, қандай әрекет жасайтындығын қоса зерттейді деуге де болады.

Кейінгі жылдары қай ғылым саласында болмасын, көтерілетін мәселенің адамға қатысты жақтарын кеңірек ашып, тереңірек көрсету мақсат етілуде. Өйткені халықтың өзін-өзі тануы оның тарихы мен рухани дәстүрлерін білуі арқылы жүзеге асады. Сондықтан да қазіргі кезде тіл мәселесі тек филолог мамандарды ғана емес, адаммен байлаысты барлық мамандық иелерін толғандыруда. Олай болса, тіл мамандарының тілдік болмысты таныммен сабақтастырып, адамға қатысты біртұтастықта талдап, зерттеуі табиғи құбылыс болып саналады. Тілді мәдениетпен, таныммен байланыста зерттеуші А.Вежбицкая былай дейді: "язык антропоцентричен: Он предназначен для человека, и вся языковая категоризация объектов и явлений внешнего мира ориентирована на человека; это общая черта всех языковых" [2,21].

Тілді антропоцентристік бағытта зерттеуден шығатын қорытынды: тіл мен таным арақатынасының адамға қатысты мәселені шешумен түйінделуі. Өйткені кез келген тілдік құбылыстың табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана зерттеп тану тілдің бай мазмұны мен ішкі мәнін жан-жақты ашып, өз дәрежесінде таныта алмайды. Сондықтан да тіл білімінің бүгінгі күндегі көздейтін мақсаты - тілдік құбылыстардың табиғатын жүйелі түрдегі кешенді бағытта зерттеуді дамыту. Бұл бағыттың негізгі арқауы тілді сол тілде сөйлеуші халықтың рухани дүниесінің қалыптасуымен тығыз байланыста қарау болып табылады. Сонда тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымын, ойлауды, сананы қалыптастырып дамытуға қызмет ететін күрделі құбылыс екендігі еш дәлелдеуді қажет етпейді.

Қазақ халқының мәдени өмірінің көрінісі паремиологиялық қор мен фразеологиялық қорынан ерекше байқалады. Өйткені тілдегі тұрақты тіркестер халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай қамтылады. Бұл ретте ұлт мәдениеті оның ғылымында, өмірінде, дінінде тіл арқылы танылады десек, онда фразеологиялық материалдар ұлттық мәдени маңызы бар деректерден тұрады. Яғни тіл-тілдегі тұрақты тіркестердің мәдени ақпар беретін халықтың қалыптасқан дүниетанымы мен ұлттық ерекшелігін аңғаруға болады.

Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз орамдарының (мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Көнелікті ең көп сақтаған "жаны сірі" сөздерінің небір шоғырлары алдымен, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады.

Тілдегі осындай оралымдардың мән-мағынасын кейінгі ұрпақ түсініп-білу үшін халықтың өткен тарихы мен мәдениетінен, рухани дүниесінен хабардар *аялық, білім* негізі болу керек. *Аялық білім* (фоновое знание) әр халықтың дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты. Бұл (аялық білім) - халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі арқылы қалыптасқан ұғым-түсінігі. Е.М.Верещагин мен В.К.Костомаров аялық білімді былайша атап көрсетеді: "В них входят, прежде всего, общечеловеческие знания: всем людям без исключения известны солнце, ветер, рождение, время и т.д. В фоновые знания входят также региональные сведения: не все жители тропиков, например, знают, что такое снег. Наконец, третий вид фоновых знаний - те сведения, которыми располагают все члены определенной этнической и языковой общности" [3,210].

Жалпы тіл білімінде аялық білімді зерттеу лингвоелтанымның арнасында, көптен бері жүргізіліп келеді. Бұл туралы Е.М.Верещагин мынадай ой түйеді: «Қарым-қатынас актісіне қатысушылардың белгілі бір дәрежеде жалпы әлеуметтік тарихы болуы керек. Адамның әлеуметтік тарихы деп нақты әлеуметтік топтың өмірде көрген-білгенінің тәрбие барысында көріну сипатын, кеңірек айтқанда -тілдік ортақ бірлікті түсінеміз. Оған адамның мінез-құлқы, оның дүниетанымы, этикалық бағасы, эстетикалық талғамы және ең бастысы - білім қорының басым бөлігі жатады» [4,13].

Аялық білім тілдің семантикалық құрылымын сипаттайды. Бұл арқылы пайымдаудың ақиқат немесе жалғандығын айқындауды емес, айтылымның негізгі мағынасын ашуды көздейтін *пресуппозицияның* лингвистикалық мәртебесін анықтай аламыз. Өйткені пресуппозиция - сөйлеуші тындаушының айтылып отырған ойды түсіне алатын білім аясы.

Психоллингвист А.Н.Крюков сананың тілдік (вербальды) және тілдік емес (вербальды емес) деген екі түрлі деңгейін атап көрсетеді де, аялық білімді сана-сезімнің вербальды емес деңгейіне жатқызады [5,25]. Шынында да, адам ой-санасының мазмұндық, мағыналық деңгейін құрайтын аялық білім тілдік тұлғада түрлі логикалық импликациялар мен пресуппозициялар арқылы беріледі. «Пресуппозиция» ұғымы тіл біліміне айтылымның шынайылығы мен жалғандығын айқындайтын философиялық тұжырымдамалар (концепция) негізінде енген. Айтылымның ақиқат немесе жалғандығы - логикалық ұғымдар, олар

экстралингвистикалық қатынастармен байланысты. Семантика теориясына алғаш «пресуппозиция» ұғымын енгізген Г.Фреге болды. Ф.Кифер пресуппозицияның экзистенциональды түрінің бар екендігін атап көрсетеді [6,14]. Экзистенциональды пресуппозиция сөздің шынайы өмірдегі затдеректің болуына негізделеді. Мысалы, "шаңырақ" сөзінің затдеректік (денотаттық) белгісі, біріншіден - киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі, уықтардың басын біріктіріп тұратын, дөңгелек шеңберлі ағаш бөлшек, киіз үйдің негізгі тірегі әрі жарық, түгін шығатын орны, екіншіден - тұратын мекен, отбасы ордасы. Реңдеректік (коннотативтік) белгілері: отбасы, әулет, ұрпақ – «шаңырақ көтеру» тіркесі жас отаудың құрылуын, жаңа әулеттің басталуы; бірлік, тұтастық – уықтардың бәрі шаңыраққа байланысып, ел бірлігінің символы ретінде қабылдану; Отан, мемлекет – «ортақ шаңырақ», «қазақ шаңырағы» сияқты қолданыстарда халық пен елдің бірлігі; тұрақтылық, тірек – шаңырақ үйдің беріктігінің кепілі, сондықтан тұрақтылықтың нышаны, қасиеттілік – қазақ дүниетанымында шаңырақ құт-берекенің орны, қасиетті ұғым.

Пресуппозиция тіл бірліктерінің қолданыстағы мән-мағынасын анықтаумен қатар, олардың семалық қабатында болатын өзгерістер мен астарлы мәнді ашуға көмектеседі. Демек, лингвистикалық пресуппозицияның анықтайтын нысаны мен қолданылуында өзіндік ерекшелігі бар.

Логика-философиялық концепциялардың негізінде тіл біліміне енген пресуппозиция қазақ тіл білімі үшін де қажетті ұғым екендігі анық. Өйткені пресуппозиция адресант пен адресаттың кез келген тілдік бірліктің мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін аялық біліммен тығыз байланысты. Яғни пресуппозицияны сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлеу жағдаятында қолданылатын аялық білімдерінің негізінде жеткізілетін хабарды, оқиғаны жіктеп, талдауға мүмкіндік беретін шарттардың жиынтығы деуге болады. Қазақ тіл біліміндегі пресуппозиция салыстырмалы түрде айтсақ, яғни шетел және орыс тіл білімдеріне қарағанда, соңғы жылдары қолданысқа енді.

Пресуппозиция идеясының сындарлы рөлі логикалық семантика мен қазіргі лингвистиканың арасын ұштастыратын "көпір" секілді қызметінде жатыр. Тіл білімінде "пресуппозиция" ұғымы адамдардың қатысым қызметіндегі логикалық, психологиялық және әлеуметтік аспектілердің, тікелей қатынасуы арқылы тілдегі «жасырын параметрлерді» іздеуге байланысты пайда болған. Орыс тіл біліміндегі пресуппозиция теориясының аспектілерін зерттеуші В.В.Лазарев: «Теория пресуппозиции как теория «скрытых параметров» речевой деятельности самым теснейшим образом связана с исследованием структурных элементов и их отношений в языковой и речевой парадигмах»,- дей келе, пресуппозиция табиғатын анықтайтын ұғымдарға имплицитті (астыңғы (лоубинные)), эксплицитті (үстіңгі (поверхностные)) құрылымдарды жатқызды [7,6].

Имплицитті айтылымда ой саналы түрде жасырын беріледі. Айтылымның имплицитті, яғни астарлы мәнде берілуі кей кезде белгілі бір себептермен ойды ашық, эксплицитті түрде бере алмауға да байланысты. Сөйлеуші имплицитті тұлғаны айтайын деген ойын тек қана жасырын мәнде астарлап беру үшін ғана емес, сонымен бірге тура, ашық түрде берілген ой, бір жағынан, хабарды нақты әрі толық жеткізе алмайтындықтан қолданады. Астарлы мазмұндағы айтылым қабылдауға күрделі, әрі қандай да бір мөлшерде толымсыз түрде берілуі мүмкін, сол себептен имплицитті компонентті тыңдаушы өз бетінше айқындап, түсіне білуі керек.

Халқымызға тән қасиет айтайын дегенін тура емес, жанамалап, астарлап жеткізуінде. Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы тілдік орамдардың молдығы халықтың танымдық деңгейінің тереңдігін көрсетеді. Яғни тіліміздегі сан мыңдаған тұрақты тіркестер ұлт танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты. Бұл тілдік орамдар – ұлттық менталитетті танытатын тілдік көрсеткіштер. Осы орайда «шаңырақ» сөзіне қатысты тұрақты тіркестерге байланысты да айта аламыз. Мысалы, шаңырақ көтеру – жаңа отау тігу, үй болу, отбасын құру; шаңырағы биік болсын – отбасың берекелі, ұрпағың көп болсын деген бата-тілек; ортақ шаңырақ – бірлік, ел, мемлекет символы; шаңыраққа қарау – отбасына, әулетіне мойынсұну, тірек ету; шаңырақ көтеру - үй болу, отау тігу, жаңа әулеттің басталуы т.б. «Шаңырақ» сөзіне қатысты тұрақты тіркестердің барлығы дерлік отбасы, бірлік, береке, тұрақтылық ұғымдарына байланысты. Бұл қазақ халқы үшін шаңырақтың тек тұрмыстық зат қана емес, рухани-мәдени символ екенін көрсетеді.

Пресуппозиция тілдік бірліктің мазмұнын анықтаса, импликация жасырын мәнді тұспалдайды. Импликация ауызша немесе жазбаша мәтінмен байланысты қалыптасады. Импликация логикалық операция болғандықтан, оған объективтік тән. Ал пресуппозицияға объективтіліктен гөрі субъективтілік тән болып келеді. Себебі ол сөйлеушінің тәжірибесіне тәуелді. Сөйлеу актісіне қатысты пресуппозиция ұғымын қолдану оның сөзбен, сөйлеммен, мәтінмен, экстралингвистикалық біліммен байланысты екенін көрсетеді. Пресуппозиция сөйлесімнің табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Астарламаға тән басты ерекшелік жеке адамның индивидуальды білім қорына қатысты тәуелсіз сипатқа ие. Бұл әлеуметтік тұрғыдан сұрыпталған, сол тілде сөйлеушілер үшін тұрақты сипатта санада модельдер түрінде қалыптасқан, ойды тұспалдап жеткізуші сөйлесім түрлері.

Тұрақы тіркесті айтылымдардың астарлы мәнді жеткізуі оларға тән жинақтаушы мағынаның болуымен байланысты. Ол жалпы жинақтаушы мағына пресуппозициялық мәнді жеткізеді. Бұл жерде сөйлеушінің тілді білу деңгейі де үлкен рөл атқарады. Себебі тілді білу дегеніміз - берілген тілдің жүйесін біліп, оны дұрыс қолдана білу. Сонда ғана сөйлеуші өз ойын анық жеткізе алады. Тілдік орамның астарлы мағынасын түсіну дегеніміз де сол тілді терең түсіне аларлық *аялық білімнің* болуына келіп тіреледі.

**Әдебиеттер:**

1. Ернарарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. — Алматы: 2001. - 194 б.
2. Вежбецкая А. Язык. Культура. Познание, - Москва: Русские вари, 1996. - 416 с.
3. Верещагин Е. М., Костомаров В. К. Язык культура: новострановедение в преподавании русского языка как иностранного. - Москва: Русский язык, 2000. - 246 с.
4. Верещагин Е. М, Вопросы теории речи и методики преподавания и иностранных языков. - Москва: Моск. ун - та, 2005. -457 с
5. Крюков, А. Н. Фоновые знания и языковая коммуникация / А. Н. Крюков // Этнопсихолингвистика / Отв. ред. Ю. А. Сорокин. - М.: Наука, 1988
6. Кифер Ф. О пресуппозициях // Новое и зарубежной лингвистике. – Москв: Наука, 2008. Вып. 3. - 341 с.
7. Лазарев В. В. Некоторые аспекты теории пресуппозиции проблемы семантического синтаксиса. - Пятигорск, 2005.

**СЕКЦИЯ № 2**  
**ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІ ПАРАДИГМАСЫНДАҒЫ ӘЗІЛ-ОСПАҚ**  
**ДИСКУРСЫ**  
**СЕКЦИЯ № 2**  
**ЮМОРИСТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В ПАРАДИГМЕ СОВРЕМЕННОГО**  
**ЯЗЫКОЗНАНИЯ**  
**SECTION №2**  
**HUMOROUS DISCOURSE IN THE PARADIGM OF MODERN**  
**LINGUISTICS**

---

**COMMUNICATIVE-PRAGMATIC FEATURES OF KAZAKH HUMOR:  
REFLECTION OF NATIONAL VALUES**

**А. Абдикаримова, К.У. Есенова**

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

### Introduction

#### Rationale for Choosing the Topic

The national identity, spiritual values, and cultural heritage of the Kazakh people are reflections of societal experience accumulated over centuries. These values are vividly evident in folklore, particularly in humorous texts. Humor is not merely a means of entertainment but also a cultural phenomenon that conveys the worldview and moral-social norms of the people. In the era of globalization, the issue of preserving national identity is particularly important. From this perspective, studying the communicative-pragmatic features of Kazakh humor is one of the essential mechanisms for preserving national culture and transmitting it to future generations.

Kazakh humor, as part of the nation's intangible heritage, has been studied in various dimensions. However, a comprehensive exploration of its communicative-pragmatic aspects remains insufficient. While foreign researchers like Raskin [6, p.45], Attardo [7, p.23], and Chiaro [13, p.28] have examined the general mechanisms of humor, their studies lack a focus on the unique characteristics of Kazakh humor. Domestic researchers such as Abikenova and Kabysheva [2, p.25] have delved into national humor's linguistic features but have yet to address its broader social and cultural functions. This research, therefore, aims to fill these gaps by exploring the multifaceted roles of humor in preserving cultural identity and addressing societal issues.

#### Relevance of the Topic

Humor is an integral part of the linguistic and cultural heritage of the Kazakh people. Its content is deeply rooted in national identity, promoting moral values and ideals of justice. By examining the educational and social roles of humor, its significance in modern society can be better understood. Furthermore, humor

serves as a lens to explore the spiritual world, lifestyle, and worldview of the nation.

For example, the humorous anecdotes of Khoja Nasreddin and Aldar Kose often highlight societal inequities, encouraging critical reflection through subtle humor [4, p.72]. The inclusion of such narratives underscores the continuing relevance of humor in addressing modern societal challenges. Additionally, the integration of humor into digital platforms and its influence on youth culture emphasizes its evolving role in contemporary communication [14, p.376]. These aspects highlight the theoretical and practical importance of studying Kazakh humor, particularly in light of emerging technologies and their impact on traditional cultural forms.

#### Problematic Situation and Prior Research

Currently, the communicative-pragmatic aspects of Kazakh humor remain underexplored. Existing studies often focus on either structural or semantic features, overlooking its pragmatic roles in social discourse. For instance, while punctuation's communicative function is widely recognized in written texts, its role in humor to convey nuanced meanings and cultural values is yet to be systematically studied [10, p.267]. Furthermore, the impact of modern technological platforms on the dissemination and reception of Kazakh humor has not been addressed. This gap underscores the need for a comprehensive investigation that bridges traditional and modern perspectives on humor.

This study also considers the inadequacies in prior research. While domestic scholars have provided valuable insights into the linguistic elements of humor, they have not fully explored its communicative, educational, and social dimensions. This research aims to address these shortcomings by incorporating both traditional narratives and contemporary digital expressions into its analysis.

#### Object, Subject, Aim, and Objectives of the Research

**Object of the Research:** Texts of Kazakh humor, their structural and content-specific features.

**Subject of the Research:** Communicative-pragmatic features of humor and its role in conveying national values.

**Aim of the Research:** To determine the place of Kazakh humor in national culture and its educational, social, and pragmatic functions.

#### Objectives:

To analyze the cultural and linguistic features of Kazakh humor.

To study the structural and content-specific features of humorous texts. To identify the educational and social roles of humor.

To determine the similarities and differences between Kazakh humor and humor in other The study hypothesizes that Kazakh humor functions as a unique communicative tool for preserving and transmitting national values. By analyzing traditional and modern expressions of humor, this research seeks to demonstrate its continued relevance in shaping cultural identity and fostering intercultural dialogue.

#### Literature Review Contributions of Foreign Researchers

Foreign researchers have made substantial contributions to understanding the

structural and semantic mechanisms of humor. These studies have significantly advanced the comprehension of humor's cultural and linguistic dimensions. Victor Raskin, in his seminal work *Semantic Mechanisms of Humor*, analyzes the semantic structures underlying humor, demonstrating their strong dependence on cultural context. He argues, "The interpretation and appreciation of humor are often deeply tied to the national and cultural characteristics of its audience" [6, p.45].

Similarly, Salvatore Attardo focuses on the linguistic and pragmatic dimensions of humor, asserting: "Humor serves not only as a form of entertainment but also as a complex social tool that influences perceptions and reinforces cultural identity" [5, p.23]. Attardo's theoretical framework is instrumental for examining the communicative functions of humor within a cultural setting, such as Kazakh humor.

Delia Chiaro's work on intercultural humor highlights its dependency on shared linguistic and cultural knowledge. She notes: "Humor's effectiveness is contingent upon the audience's familiarity with the cultural and linguistic nuances underlying its construction" [7, p.28]. While these studies provide critical insights into humor's universal and intercultural aspects, they lack a specific focus on the unique features of Kazakh humor, such as its use of traditional elements to address social and cultural themes.

Emerging research has begun to address modern dynamics. For instance, studies on the role of social media and technology in humor creation, as highlighted by Egemen.kz, suggest that digital platforms are reshaping humor's accessibility and cross-cultural relevance [18].

#### Contributions of Domestic Researchers

Также через русскую литературу советские читатели познакомились с веселыми, а иногда даже нелепыми похождениями простого русского солдата Ивана Чонкина, о котором создал произведение русский, советский писатель Войнович В.Н. — «Жизнь и необычайные приключения солдата Ивана Чонкина», В этом произведении автор остроумно рисует будни простодушного солдата во время Великой Отечественной войны. Чонкин часто попадал в нелепые и даже можно сказать идиотские ситуации, хотя он и не идиот. Но жизнь в начале войны, возникшая в то время неразберих ставила его в идиотское положение и это положение сумел умело подловить такой мастер слова как В.Н.Войнович.

Таким образом, можно сказать, что связи между народами оказывают влияние на развитие юмора не только у родственных по языку, религии народов, но и на народы, принадлежащие иным культурным мирам (по языку, верованиям, историческому развитию).

## **ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ СКАЗОЧНОГО ЮМОРИСТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА (НА МАТЕРИАЛЕ БАШКИРСКИХ НАРОДНЫХ БЫТОВЫХ СКАЗОК)**

**Самситова Л.Х.**

Институт стратегических исследований ГБНУ  
«Академия наук Республики Башкортостан»  
Россия, Республика Башкортостан

В последнее время наблюдается повышенный интерес лингвистов к изучению дискурсивных аспектов языка, особенно сказочного дискурса как репрезентации национальной картины мира, менталитета, истории, культуры, быта, психологии того или иного народа.

Сказочный дискурс, как сложное лингвокультурологическое образование реализуется в различных ситуациях и условиях современного общения при наличии живого исполнителя или заменяющего его технического носителя и слушателя. Тональность общения, выделяемая некоторыми исследователями в качестве конститутивного признака коммуникативного общения, в сказочном дискурсе варьируется в зависимости от жанра сказки. В волшебной сказке она художественная, эстетическая, в легенде – информативная, поучительная, в бытовой сказке – шутливая, юмористическая, в эпических поэмах – пафосно-восхваляющая [1, 7].

Юмористический дискурс в бытовых сказках проявляется через сатиру и юмор, которые высмеивают человеческие пороки и недостатки общества, делая сказки привлекательными и поучительными. Герои, часто представляющие контрастные стороны человеческой природы (умный/глупый, добрый/злой), взаимодействуют в реальных бытовых ситуациях, где юмор подчеркивает нелепость поведения или остроумно раскрывает мораль произведения.

Лингвокультурологический подход к изучению категории юмора можно считать основополагающим, ведь именно в рамках этого подхода формулируются основные положения теории комического, на которые опираются другие направления, что способствует изучению социально значимого явления комического как комплексного. В связи с этим исследование лингвокультурологического аспекта башкирских народных бытовых сказок нам представляется важным и актуальным, но еще малоизученным, что обусловило наш интерес к данной проблематике.

К лингвокультурологическим знаниям в структуре лингвокультурологической компетенции А.А. Осипова относит следующие уровни знаний:

- 1) языковой уровень (лексика, грамматика)
- 2) текстовый уровень (характеристика персонажей и т.д.)
- 3) концептуальный уровень [6].

Мы соглашаемся данной классификацией, но считаем, что языковой уровень включает в себя не только лексику и грамматику, но и стилистику.

Языковой уровень. Уникальное сочетание лингвистических средств, имплицитных смыслов и ситуации общения рождает в тексте башкирской народной бытовой сказки эффект юмора. Так, стратегии языковой игры, создаваемые с помощью рифмы, звукоподражания и аллитерации, встречаются в следующих примерах:

*Тәпән-тәпән кымыз за, бал да буза,  
Аяк тот та казы һогон, әйзә, коза.*

(Дәрүиш менән мосафир батша. С. 91).

- *Сүн йыям, сүн килтерегез!  
Сүн кәрәк, күп кәрәк  
Сүн кәрәк тә күп кәрәк!*

(Һынсыл карт. С. 57).

*Матур матур күренмәй,  
Һөйгән матур күренә.*

Карбуз. С. 121.

- *Агас башы алты айыры,  
Ул ни булыр, Балкантаз?  
Агас башы алты айыры  
Алты агайың түгелме?*

(Балкантаз. С. 189).

*Белдем эшегеззе,  
Һындырам тешегеззе!*

(Таз менән һуқыр. С. 215).

В качестве лингвокультурологического средства выражения выступают фразеологизмы, которые встречаются в речи персонажей: *Ярар, мин уга таштан ката тегермен, ул миңә комдан еп ишен ебәрһен, – ти кыз* (Торахан менән Йәнәбәхан һәм Ерәнсә сәсэн. С. 35).

В башкирских народных бытовых сказках часто употребляются пословицы и поговорки, которые служат средством передачи моральных установок, культурных ценностей, эмоционального состояния героев или как напутствие и совет. Они помогают читателю или слушателю глубже понять смысл сказки: *Мөрйәһе кыйыш буһа ла, төтөнө тура сыға* (Торахан менән Йәнәбәхан һәм Ерәнсә сәсэн. С. 34). *Ир – баш, катын – муйын* (Ерәнсә сәсендең каз бүлгәне. С. 48). *Әйткән һүз – аткан ук* (Бер фәкир кешенең һүзе. С. 111). *Әзәмде әзәм иткән акыл булыр, хур иткән назанлык булыр* (Акыллы батша. С. 143). *Һөнәрле үлмәс* (Таззың һалдат булғаны, шуһан батша булғаны. – С. 195). *Тырышһаң ташка казак кағырһың* (Халик кызы Хәзисә. С. 353).

На лексическом уровне передача своеобразия быта, духовной культуры башкирского народа прослеживается:

- в традиционных фольклорных формулах: *Әкиәтем ары китте, үзем бире калдым, бер телем әпәй менән Хәзисәгә йөкмәттем* (Батыр кыз. С. 426).

*Әкиәтем ары китте, үзем бире калдым* (Кәмән менән Сәмән, картуф сәскән Сәлмән);

- в именах сказочных героев: *Ерәнсә сәсэн, Көрәнсә, Торахан, Йәнәбәхан, Әгзәм, Фәүкинуур, Акбулат бабай, Ылыубикә әбей, Иблиәмин, Әлмерйән* и др.;

- в безэквивалентной лексике: *курай, батман, комган, мәзин, азан, намаз* и т.д.;

- в диалектной лексике: *ана, атый, балдар, бүртлек, көтөй, коток, ни нәхтә, сөгөн, шимдек, әпсәһе, яматай* и т.д.;

- в архаизмах: *углан, хибес, һибә, сагарак, калын, илә;*

- в наименованиях сказочных существ: *мәскәй, шайтан, ен, дейеү пәрәйе* и т.д.

Зачины и концовки в некоторых случаях противопоставляются друг другу. В конце сказки злые существа подвергаются казни, т.е. добро побеждает зло. Но имеются и сказки, где торжествует коварство (“Мәскәй”, “Кеше һүзе кеше үлтерә”, “Кеше менән шайтан”) [4, 523].

Понятие времени начинается с зачинов сказок *борон, борон-борон заманда, борон заманда, берзән-бер көндө, бер вакыт, элек, бынан күп заман элек, элекке вакытта, элекке заманда*, среди которых доминирует *борон-борон заманда*. Например: **Борон-борон заманда бер яуыз батша йәшәгән, ти** (Якшы катын яман ирзе әзәм итә. С. 75). **Борон заманда бер карт йәшәгән** (Фәкир. С. 88). **Берзән-бер көндө батша ауырып китә** (Бер фәкир кешенең һүзе. С. 112). **Борон-борон заманда булган, ти, бер карт** (Аксаны кем урлаган? С. 113). **Берзән-бер көндө Кашикәрип акса эшләп кайтырға тиң калага эшкә китергә уйлай** (Кашикәрип менән Маһимөһир. С. 216). **Бер вакыт ул Кашикәриптәр ауылында була** (Кашикәрип менән Маһимөһир. С. 216). **Борон заманда бер әбей булган, ти** (Ураксы егет. С. 331). **Борон заманда бер шайтан булган** (Кеше менән шайтан. С. 399). **Борон-борон заманда бер әбей менән бабай йәшәгән, ти** (Кырк карак. С. 415) и т.д.

В башкирских народных сказках превалируют эмоциональные междометия, которые придают сказкам эмоциональность. Междометия, употребляемые в башкирских народных сказках, выражают радость, возвышенность, восхищение, готовность что-либо сделать, клятвенное уверение, удовольствие, сочувствие, недовольство, возмущение, испуг, гнев, негодование:

- *Әх, ахмак, – ти бабай, – тура юл борол буламы ни?! – тиң асылана бабай* (Торахан менән Йәнәбәхан һәм Ерәнсә сәсэн. С. 34).

- *Әй-й-й, үгез бызаулаймы ни ул? – ти* (Торахан менән Йәнәбәхан һәм Ерәнсә сәсэн. С. 36).

- *Һи-и, бер алыот малай ул!* (Откор егет. С. 54).

- *Эй, улым, – ти, – алдагы ауылга барып еткәс тә һине сокорзан сыгарырға кешеләр ебәрермен тиң уйлап кына бара инем – ти. – Үзең дә котолганһың икән* (Шакир. С. 124).

*Батша карап тора ла быға:*

- *Ай-һай, булдыра алырһыңмы? – ти. – Башың киңелеүзән куркмайһыңмы? – ти* (Иблиәмин. С. 125).

Прилагательные в сказочном юмористическом дискурсе выполняют особую стилистическую функцию, создавая комический эффект и усиливая сказочную атмосферу.

Основные функции прилагательных в данном контексте:

- усиление гротескности – использование преувеличенных характеристик (например, *яман матур* (страшно красивый), *иç китмәле зур* (невероятно огромный) создает контраст и вызывает смех;
- создание контраста – противопоставление ожидаемых характеристик (например, *бәләкәй алтамыш* (крохотный великан), *һүҙһез мәрәкәсе* (молчаливый балагур);
- формирование образа – прилагательные помогают создать запоминающиеся характеристики персонажей и предметов, делая их более яркими и комичными;
- ирония и сарказм – использование прилагательных в несвойственном значении (например, *бер катлы акыллы* (мудрый простаки));
- гиперболизация – чрезмерное усиление качеств (например, *бөтөнләй буш* (абсолютно пустой), *бөтөнләй ышанышсыз* (совершенно безнадёжный));
- персонификация – наделение неодушевленных предметов человеческими качествами через прилагательные (например, *каты ел* (сердитый ветер), *шаян ямгыр* (весёлый дождь), *хәйләкәр таш* (хитрый камень).

В сказочном юмористическом дискурсе прилагательные часто используются в сочетании с другими средствами выразительности: метафорами, сравнениями, эпитетами, что создает многослойный комический эффект и делает текст более насыщенным и интересным для читателя.

На синтаксическом уровне эффект юмора передается за счет внутренней динамики развития комедийной линии сюжета сказки и использования следующих синтаксических конструкций:

- нераспространенные простые предложения: *Үзем зирәк, катыным тоғро* (Катыны тоғролоғона инанған бай менән Ерәнсә. С. 49).
- распространенные простые предложения: *Итексенә ошондай кыйын хәлдән дә бик ошта котолоуы ла уға окшаған* (Хәйләкәр итексе. С. 88). *Эскесе генерал бисәһен таный за иһез булып йығыла* (Хажы кызы. С. 396).
- распространенные простые предложения с однородными членами: *Хәзисәне ике апаны мысқыллау менән, ата-әсәһе борсолу менән озатырға сықтылар, ти* (Халик кызы Хәзисә. С. 350).
- простые предложения с деепричастными оборотами: *Кашикәрип, Маһимәһирзе, әсәһен, һеңлеһен алып кайтып, курайын уйнап, туйзы үз өйөндә дауам иткән, ти* (Кашикәрип менән Маһимәһир. С. 218). *Бына шунан һуң малайзар, теге картка рәхмәт әйтеп, өләсәләре менән илай-илай хушлашып сығып китә* (Турыйән менән Ғәлийән. С. 374).
- односоставные определенно-личные предложения: *Бер һүзенә лә ышанмағыз* (Кырк карак. С. 420).
- односоставные неопределенно-личные предложения: *Ундағы һылыу кыззарзы коткарып, байлыкты бүлешеп алғандар* (Бабай менән әбейсәң

байып киткәне. С. 403). *Хәзер тегенең менән һөйләшеп, аксалар биреп тегегә, азырак эсереп, алдаштырып кайтарырга булалар* (Кырк карак. С. 421).

- сложноподчиненные предложения:
- придаточное предложение времени: *Бер азна үткәс, Ғабдулла, үзенең күк тимер алашаһын кыңгыраулы дуға, якшы камыттар менән кырандас арбаға егеп, күршеһе Сөләймән карттың ун алты йәшлек Сәлихен кейәү егете итеп ултыртып алып китте, ти* (Халик кызы Хәзисә. С. 349).
- придаточное предложение причины: *Өйгә инер сакта танауына тәмле аш еҫе бәрелгәс, сикһез кыуана, шатланып өйгә керә был* (Кем аңра? С. 348).
- дополнительное придаточное предложение: *Картлыгыбызза таяныс булып, беззе карар, тип тырышалар* (Бабай менән әбейзең байып киткәне. С. 401).
- придаточное предложение условия: *Кеше изге эш кылһа, мәсет һалдырһа, күпер эшләтһә, юлдар эшләтһә, исеме үлмәй уның* (Откор егет. С. 54).
- придаточное предложение уступки: *Бай ни кәзарле үлтерергә тырышһа ла, егет шулай үзенең укығанлығы аркаһында үлемдән котолдо, ти* (Шакир. С. 124).
- сложные синтаксические конструкции:
- сложные синтаксические конструкции с несколькими придаточными: *Акса кәрәк булып төшкәс, һандыкты асып караһалар, уртақ акса юк, ти* (Аксаны кем урлаған. С. 113).
- смешанные сложные синтаксические конструкции: *Кеше үлһә лә, уның эше кала, исеме кала* (Откор егет. С. 54). *Һин алғанһың да, һин алғанһың, тип үз-ара ызғышып та бөттөләр, ти, табылманы, ти, акса* (Аксаны кем урлаған? С. 113).

В башкирских народных бытовых сказках чаще всего встречаются придаточные предложения времени, благодаря которым более точно описываются происходящие события. Придаточные предложения времени указывают на время совершения действия, его начала или конца, а также на его продолжительность, также они могут передавать длительность, повторяемость, неожиданность действий, разрыв во времени между событиями и т.д.

Башкирские народные бытовые сказки исполнены юмором и сатирой, что делает их привлекательными и легкими для восприятия. Юмор может выражаться в забавных ситуациях или в остроумных диалогах персонажей. В них наиболее ярко и эмоционально насыщено выражается речь главного героя и остальных действующих лиц, представленная обращениями и в основном вопросительными предложениями:

- *Эт ниңә өрә ул? – тип һорайзар тауыш айырыусынан.*
- *Һеззең туганығыз бында, тип өрә, ти тегеһе. Шул сак этәс кыскырып ебәрә.*
- *Этәс ни ти?*
- *Батшаның алтынын алырға куша, – ти кош телен белеүсе* (Үгәй кыз менән ун ике каскын. С. 387).

**Текстовый уровень.** В башкирских народных бытовых сказках отражены история, культура, быт, менталитет, обычаи, психология народа, характеризуются образы и повадки простых людей. В этих сказках мужественные батыры и отважные егеты побеждают злых дею и жестоких ханов, трудолюбие и доброта получают достойное вознаграждение, а трусость и жадность – наказание.

Ярко описана в сказках охота на диких зверей, которой башкиры занимались наряду с разведением лошадей, коров и овец. В сказках нашли отражение некоторые обычаи и характерные бытовые особенности башкир: свадьба (туй), обычай наречения имени новорожденному, обычай пересказывать и разгадывать сны, подчеркивается гостеприимство, упоминаются особые предметы домашнего обихода – батман и кумган. Рассказывается также о курае, национальном музыкальном инструменте башкир, и приводится легенда о его происхождении [2, 4].

Башкирская сказка зло высмеивает притеснителей народа: падишахов, ханов, баев. Несмотря на то, что сказка рассказывает о тяжелой жизни бедняков, сирот, падчериц, все-таки она чаще бывает веселой, чем грустной. Юмор присущ башкирской сказке, может быть, в большей степени, чем какой-нибудь другой сказке. В неторопливом, спокойном характере повествования чувствуется «внутренняя сила народная», уверенность в том, что правда победит. Сказка высмеивает богачей за их жадность и подлость («Жадный богач»), клеймит трусость и подлость тех, кто бросает товарища в беде («Охотник Юлдыбай»), призывает к здоровому труду – нужно знать какое-нибудь ремесло, и тогда не пропадешь («Аминбек»), учит ценить опыт – нехорошо задирать нос перед стариками, как делал «глупый царь»: старики знают жизнь и могут помочь своим богатым опытом («Мудрый старик и глупый царь») [2, 5].

В башкирских народных бытовых сказках мудрецы бывают нескольких типов: 1) добрый советчик, который дает ценные наставления по своей инициативе; 2) мудрец, к которому герой сам обращается за советом; 3) героиня, которая дает остроумные ответы на трудные вопросы, соглашаясь решить явно невыполнимые задачи царя, ставит перед ним такие же условия; 4) из критических ситуаций герой выходит благополучно лишь благодаря своей исключительной честности и бескорыстию («Агзам», «Йылкысы бай»).

Среди башкир большую популярность имеют бытовые сказки о Ерэнсэ сэсэне. В целом ряде сюжетов бытовых сказок тюркских народов, имеющих близкое сходство с башкирскими народными сказками о Ерэнсэ сэсэне, герой носит это же имя Жиренше шешен, Джиренше шешен, Джэренче чечен и выступает тоже в роли мудреца. Башкирские народные сказки о Ерэнсэ сэсэне во многом напоминают также сказки и анекдоты казахов о Жиренше шешене, узбеков и каракалпаков об Эфенди Ходже Насретдине и Алишере Навои, туркмен о Мирали, армян о Пул-Пути, арабов о Джухе, индийцев о Бирбале и т.д. Башкиры верят, что Ерэнсэ был реальным историческим лицом, о чем говорят многочисленные предания [5, 8].

Приведем некоторые характеристики образа:

- смекалистый и находчивый (Реплики Ерэнсэ-сэсэна часто остроумны и метафоричны);
- социальное положение не закреплено (Иногда герой из простонародья, иногда судья или занимает высокую должность у хана);
- всегда на стороне простых людей (Наказывает ханов за их коварство, жадность, лицемерие);
- преодолевает любые трудности (Решает, казалось бы, невыполнимые задачи);
- часто сталкивается с баем или ханом (Одурачивает могущественного властителя).

Итак, в лице Ерэнсэ сэсэна полное и яркое выражение получает обобщенный тип народного мудреца. Ерэнсэ сэсэн – персонаж смекалистый и находчивый, его реплики часто остроумны и метафоричны. Социальное положение этого героя в сказках не закреплено: иногда он из простонародья, иногда судья или занимает высокую должность у хана. Но всегда он на стороне простых людей, наказывает ханов за их коварство, жадность, лицемерие. В сказках об Ерэнсэ сэсэне подчёркивается превосходство мудрости и остроумия над богатством и знатностью, независимо от того, в каком возрасте действует герой – молодом, зрелом или пожилым.

**Концептуальный уровень.** Основу башкирских народных бытовых сказок составляет бинарная оппозиция «якшылык – яманлык», которая лежит в основе юмористического восприятия, где смех связан с обнаружением зла как нарушения нормы и добра – как незыблемости культуры.

Символическая основа концептов «якшылык» и «яманлык» связана с мифологией. Концепт «яманлык» репрезентируется через образы злых воров, которые грабят и богатых, и бедных, и начальников, и слуг. Они живут в глуши и выходят на черный промысел только ночью. То, что они одеваются и как путник («Кырк карак менэн кыз»), и как девушка («Ен карактары»), и как покупатель на базаре («Хэтирэ») похоже на покладистость древних мифических существ. Им присуще качество колдуна.

Концептуальное поле «якшылык – яманлык» в башкирских народных бытовых сказках репрезентируется противопоставлением *сообразительности (смышлености) (зирәклек) коварству (мәкерлек)*, где один советует, другой следует за его советом («Мәскәй», «Кеше һүзе кеше үлтерә», «Кеше менән шайтан», «Ялғансы вәзир»). Совет доброго человека приводит к успехам, совет злого – к несчастьям [4, 523].


В башкирских народных бытовых сказках концепт «якшылык» репрезентируется через концепты «акыл» (ум), «тәүәккәллек» (решительность), «кыйыулык» (смелость, отвага), «мәрхәмәтлелек» (милосердие), «изгелек» (добро), «йомартлык» (щедрость), а концепты «урлашыу» (воровство), «алдау» (обман), «хәйлә» (хитрость), «ялғанлык» (ложь), «мәкерлелек» (коварство), «асыу» (гнев) составляют основу концепта «яманлык».

Доминирование данных концептов отражает представление о жизни вообще, доме, своем и чужом пространстве, времени, событиях; поднимает проблемы морали и нравственности, чести и долга. Нужно отметить, что **на**

**периферии концепта** можно найти различные определения, которые реализуются в пословицах и поговорках, фразеологических единицах, афоризмах, крылатых выражениях.

Концепты «вакыт» (время), «ғүмер» (жизнь), «эш» (работа), «юл» (дорога), «уй» (мысль) находятся в зоне пересечения периферии концептов «якшылык» (добро) и «яуызлык» (зло).

Структуру концептов «якшылык», «яманлык» можно описать следующим образом:



В башкирских народных бытовых сказках бинарная оппозиция «якшылык – яманлык» раскрывается базовыми концептами через комическое, что делает все множество интерпретаций и сложнее, и проще, позволяя передавать особенности базовых представлений о нормах быта и поведения, превалирующие в башкирском социуме. Башкирские народные бытовые сказки, высмеивая невоспитанность, леность, пренебрежение к частной жизни другого человека, жадность, репрезентируют негласные этические нормы поведения, неотвратимость наказания и торжество справедливости.

Итак, рассматривая лингвокультурологический аспект сказочного юмористического дискурса мы узнаем как язык сказок передает нравственные нормы, историю, культуру, менталитет, образ жизни, психологию народа, в целом, общую картину мира целого языкового коллектива, в то время как простой анализ сказок сосредоточен на сюжете, персонажах и художественных особенностях.

#### Литература:

1. Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англосаксонского сказочного дискурса: Дисс. канд. филол. наук, 2005. – 193 с.
2. Башкирские народные сказки / Сост. А. Усманов / Предисловие и общая редакция члена-корреспондента Академии наук Союза ССР, профессора Н.К. Дмитриева. – М. – Л., 1947. – 98 с.

3. Башкорт халық ижады. XI том. Новеллистик әкиәттәр / Төз. Ә.М. Сөләймәнов / Яу. мөх. С.Ә. Ғәлин. – Өфө: Китап, 2008. – 568 б.

4. Самситова Л.Х. Вербализация культурных концептов в сказочном тексте (на материале башкирских народных бытовых сказок) // Вестник башкирского университета. - 2014. Т.19. - № 2. – С. 522 – 526.

5. Сулейманов А.М. Башкирские народные бытовые сказки: особенности сюжетного состава, типологии персонажей, жанровой проблематики и поэтики: Автореф. дисс. докт. филол. наук. – М., 1991. – 59 С.

6. Осипова А.А. Лингвокультурологическая функция сказки // <https://nsportal.ru/shkola/inostrannye-yazyki/library/2022/02/24/statya-lingvokulturologicheskaya-funktsiya-skazki>.

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ ТІЛІНДЕГІ ӘЗІЛ-ОСПАҚ: ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ДИСКУРСЫ**

**К.К. Садирова**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан

XXI ғасыр ақпараттық кеңістіктің қарқынды дамуымен ерекшеленіп отыр. Қазіргі ақпараттық қоғамда әлеуметтік желілер жастардың негізгі қарым-қатынас жасайтын кеңістігіне айналды. Бұл кеңістік қоғамдағы жастардың тілдік тұлғасының қалыптасуына да тікелей ықпал етіп жатыр. Олардың қарым-қатынасында белгілі бір деңгейде әзіл-оспақ та орын алады. Оларды TikTok, Instagram, Telegram, Twitter сияқты платформаларда таралатын қысқа мәтіндер мен бейнебаяндардан кездестіреміз.

Әзіл – бұл тек көңіл көтеру емес, ол әлеуметтік шындықты бейнелейтін, жастардың өзіндік ойлау ерекшелігін танытатын мәдени феномен. Әсіресе, бұл жаңа коммуникативтік кеңістікте, оның ішінде әлеуметтік желілерде айқын аңғарылады.

Жастардың интернет желілерінде таралған әзілдесулерінің заманауи сипаты арнайы зерттеуді қажет етеді. Өйткені әзілдесудің дәстүрлі қазақы сипаты өзгеріске ұшырап жатқаны айқын байқалады. Оның себептері де әртүрлі: ең алдымен, технологиялық даму әзіл-оспақтың вербалды сипатын жетілдіріп, оны осы заманның технологиялық мүмкіндігіне сай мультимедиалық сипатпен толықтырды. Екіншіден, әзіл-оспақ айту қазақы туыстық қатынастың шеңберінен шығып, жалпы қолданушыларға арналады. Үшіншіден, әзіл-оспақ мәтіндері де, мультимедиалық сипаттағы түрі де қазір интернет мүмкіндігіне сай тез таралып, өзге тілдерге автоматты аударылуы да жылдам болып отыр. Оған қоғам мүшелерінің, оның ішінде жастардың қатысы да жоғары екені байқалады. Сондықтан осы мәселені арнайы талдау мақсатын көздедік.

Әзіл-оспақ дискурсы қазіргі тіл білімінде когнитивтік лингвистика, психолінгвистика және лингвомәдениеттану аясында зерттеліп жатыр.

Дж. Руч (J. Ruch) әзіл-оспақты қоғамда қалыптасқан нормаларға қайшы келетін құбылысты позитивті эмоция арқылы қабылдау мен бағалауға мүмкіндік беретін когнитивтік әрі әлеуметтік тетік ретінде анықтайды. Оның

ойына сүйенсек, әзіл-оспақ қызметі тек күлкі шақыру емес, сонымен қатар әлеуметтік қатынастарды реттеу рөлімен де айқындалады. Ол өз еңбегінде әзіл-оспақтың басты тетігі *сәйкессіздік* (incongruity) деп түсіндіреді, ойын таратып айтсақ, күтпеген шешім немесе үйлеспейтін элементтердің қатар келуі арқылы күлкі тудыратынын, сонымен бірге *шешім қабылдау* (resolution) үдерісінде қабылдаушының сәйкессіздікті «ойынға айналдыру» арқылы түсінуі де әзілге түрткі болатынын атап, юмордың психологиялық мәнін айқындайды [1].

Әзіл-оспақ теориясындағы негізгі бағыттардың бірі – сәйкессіздік немесе инконгруэнттілік теориясы (incongruity theory). Бұл теория бойынша, күлкі белгілі бір күтілетін жағдай мен шынайы нәтиженің сәйкес келмеуінен туындайды. С.Аттадоның (S. Attardo) «Linguistic Theories of Humor» еңбегінде әзіл-оспақты тілтаным тұрғысынан қарастырып, оны талдауға арналған жалпы семантикалық-тілдік модель ұсынады. Ол сәйкессіздік (incongruity) теориясына сүйене отырып, оны нақты тілдік құралдармен түсіндіреді. Оның ұсынған анықтамасына сай, әзіл-оспақ дегеніміз – тілдік құрылым арқылы берілетін ерекше коммуникациялық құбылыс. Ол, негізінен, сәйкессіздікке (инконгруэнттілікке) негізделеді, бірақ бұл сәйкессіздікті тілдік деңгейде (лексика, семантика, прагматика, дискурс) жүзеге асыру маңызды. Әзіл-оспақ тілде «сценарийлердің қарама-қайшылығы» (script opposition) арқылы көрінеді. Оның түсіндіруінше, әзіл-оспақ – бір мәтін немесе дискурста екі түрлі сценарийдің (мағыналық сызбаның) қарама-қарсы келуі және солардың бір уақытта іске қосылуы нәтижесінде пайда болатын тілдік құбылыс. Ол көпқабатты құбылыс, әзіл-оспақ когнитивтік, прагматикалық және әлеуметтік факторларға байланысты болады.

Ғалым әзіл-оспақтың тілдік деңгейлерін топтастырып жүйелеген, нақты атасақ:

- 1) Фонологиялық деңгей, бұл деңгейге дыбыстық ойындар, сөздердің ұйқасы, каламбур жатады;
- 2) Лексикалық деңгейде көпмағыналылық, сөзді әдейі орынсыз қолдану көрініс табады;
- 3) Синтаксистік деңгейде сөйлемнің құрылымдық бұзылуы арқылы әзіл туады, күлкі шақырады;
- 4) Семантикалық деңгейде сценарийлердің қарама-қайшылығы, нақты айтқанда, айтылатын ой мен таңдалған сөздің қайшылығы көрінеді;
- 5) Прагматикалық деңгейде әдептілік нормаларын бұзу, астарлы мағына көрініс табады.

Оның зерттеуінде әзіл-оспақтың 6 өлшемнен тұратын кешенді құрылымдық үлгісі (General Theory of Verbal Humor (GTVH) моделі) ұсынылған. Бұл өлшемдер:

- 1) сценарий оппозициясы (script opposition);
- 2) қисындық тетік (logical mechanism);
- 3) жағдаяттық мәнмәтін (situation);
- 4) тілдік таңдау (language);
- 5) дискурстық стратегия (narrative strategy);
- 6) панчлайн (target / punchline).

Панчлайн ағылшынның punch line деген сөзі, білдіретін мағынасы – әзіл, анекдот, мемнің ең соңғы күтпеген жерден күлкі тудыратын бөлігі, қазақша танымға лайықтап атасақ, «әзіл түйіні» деуге болады.

Ғалымның айтуынша, бұл өлшемдердің өзара үйлесуі әзіл-оспақты тудырады [2]. Әзіл-оспақты талдағанда, осы кешенді үлгіні негізге алуға болады. Біз қазақ жастарының әлеуметтік желідегі танымал мемінің бірін осы үлгімен зерделеп ұсынамыз:

1-мысал (мем):

– *«Стипендияны алдым.*

– *Бір аптадан кейін: «Стипендия қайда кеткенін білмеймін...»*

GTVN бойынша талдасақ, мұнда қарама-қарсы қойылып тұрған «ақша бар» мен «ақша жоқ» сценарийлері. Бұл әзілдің құрылымындағы қисындық тетік – студенттің *стипендия ұзаққа жетеді* деген үміті мен оның *ақталмауы*. Әзіл құрылымындағы *жағдаяттық мәнмәтін* – студенттік өмірдің ортақ тәжірибесі. Әзіл тілі толымсыз, жайылма жай сөйлемдермен беріліп, *алдым, білмеймін* етістік мағыналары арқылы қайшылық күшейтілген. Дискурстық стратегиясы – уақытқа қатысты «*алдым*» мен «*бір аптадан кейін*» тіркестері. Бұл құрылымдағы *панчлайн* немесе *әзіл түйіні* – «*білмеймін...*», ойдың кенеттен үзілуі.

Әлеуметтік желідегі жастардың әзілінде дәстүрлі мәдени құндылықтар мен заманауи цифрлық шындық арасындағы сәйкессіздік күлкі тудыратыны байқалады. Сөзіміз дәлелді болу үшін жастардың әзіл дискурсына әлеуметтік желіден алынған бірнеше мысалды талдап көрейік.

2-мысал (Instagram, TikTok):

«*Қазақ жастары таңғы асқа не жейді? – Wi-Fi қосып, TikTok жейді.*»

Бұл әзілде дәстүрлі мәдени код – «таңғы ас» заманауи цифрлық мәдениетпен алмастырылады. Әдетте, таңғы ас – физикалық тамақтану үдерісі болса, жастар оны виртуалды әрекетпен (Wi-Fi, TikTok) байланыстырады. Мұнда сәйкессіздік тетігі айқын көрінеді.

3-мысал (Telegram пабликтері):

«*Бұрын жастар қымыз ішіп, айтыс тыңдаған, қазір кофе ішіп, подкаст тыңдайды.*»

Бұл мәтінде дәстүрлі құндылықтар (қымыз, айтыс) пен қазіргі трендтік құбылыстар (кофе, подкаст) салыстырылып, ирониялық сипат беріледі. Әзілдің мәні – контрастивті салыстыруда.

3-мысал (мем):

Суретте: студент кітап оқып отырған бейне, астында жазу:

«*Емтиханға дайындаламын*» – деп *Wi-Fi өшірген студент. 5 минуттан соң: «Wi-Fi қосып қояйын, тыныштық қорқынышты екен.*»

Бұл мысалда әзілдің негізінде күтілетін нәтиже мен шынайы іс-әрекеттің сәйкессіздігі жатыр. Күлкі студенттің психологиялық ерекшелігіне қатысты әлеуметтік шындықты бейнелейді.

4-мысал (мем).

*Ата-ана мен бала қатынасы: «Ата-анаң звондап жатыр» – «Жоқ де!»* – бұл ойыншылдық (playfulness), яғни шындыққа қайшы жауапты ойынға айналдыру.

5-мысал (мем)

Қоғамдық көлік: «Маршруткаға отырсаң, 150 теңгеге «дүниежүзілік туризм» сезімін аласың» – мұнда кемсіту арқылы әзіл (disparagement humor) айту бар, қоғамдағы инфрақұрылымдық мәселені сатиралық формада жеткізеді.

Дж. Руч сипаттағандай, әзіл-оспақтың маңызды қызметі – әлеуметтік байланысты нығайту, шиеленісті азайту, ортақ тәжірибені бөлісу. Қазақ жастарының әлеуметтік желідегі әзілдері де студенттік өмірдің қиындықтарын, отбасылық қатынастарды немесе қоғамдық проблемаларды ортақ күлкіге айналдырып, топтық бірлікті арттырады.

Қазіргі қазақ жастарының тіліндегі әзіл-оспақ дискурсы әлеуметтік желілерде дәстүрлі және заманауи мәдени кодтардың тоғысуынан туындайтын ерекше құбылыс болып отыр. Ол жастардың әлеуметтік ой-пікірін білдіру, өзіндік мәдени сәйкестік қалыптастыру, қоғамдағы өзгерістерді бейнелеу құралы ретінде қызмет етеді.

Әзіл-оспақты талдау жастардың дүниетанымындағы мәдени трансформацияны айқындап, ұлттық және жаһандық құндылықтардың өзара ықпалдастығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақ жастарының әлеуметтік желідегі әзілдері – олардың әлеуметтік шындығын бейнелейтін, ортақ мәдени код қалыптастыратын маңызды құбылыс.

Дж. Руч еңбегі көрсеткендей, әзіл – когнитивтік (сәйкессіздікті байқау), эмоциялық (күлу, жымию) және әлеуметтік (топты біріктіру) өлшемдерді байланыстыратын күрделі психологиялық феномен. Сондықтан әлеуметтік желідегі әзіл-оспақ дискурсын зерттеу қазіргі қазақ жастарының дүниетанымы мен құндылықтарын тануда маңызды ғылыми бағыт болмақ.

#### Әдебиеттер:

1. Attardo S. (1994). Linguistic Theories of Humor. Berlin: Mouton de Gruyter, 1994. 412 p [https://books.google.kz/books?id=FEWC4\\_3MrO0C&printsec=frontcover&hl=ru#v=onepage&q&f=false](https://books.google.kz/books?id=FEWC4_3MrO0C&printsec=frontcover&hl=ru#v=onepage&q&f=false) Қаралған уақыты: 10.08.2025
2. Ruch J. Psychology of Humor. Elsevier, 2008. [https://www.psychology.uzh.ch/dam/jcr:00000000-38b5-2dd4-00000000361752b1/93\\_p\\_2008\\_Ruch.pdf](https://www.psychology.uzh.ch/dam/jcr:00000000-38b5-2dd4-00000000361752b1/93_p_2008_Ruch.pdf) Қаралған уақыты: 26.08.2025.

## АРАБ-МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ӘЗІЛ-ОСПАҚТЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ: ИСЛАМДЫҚ КӨЗҚАРАС

**Н.К. Култанбаева**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан

Кез келген халықтың ділі мен мәдениетін зерттегенде оның әзіл-оспақ, қалжың тәрізді көріністерінен хабардар болу артық етпейді. Себебі әр халық күлкіні өзінше көреді, түсінеді. Біреулерді күлдіретін нәрсе басқаларды жалықтыруы мүмкін. Дегенмен, әртүрлі мәдениеттің адамдары белгілі бір

өмірлік жағдайларға қалай қарайтынын, оларды не қызықтыратынын және олардың қандай мысқылдың бас тартуға әкелетінін, нені келеке ететінін және нені кемсітетінін түсініп, оларға назар аударған жөн.

Зерттеушілер әзіл мен күлкіні түсінудің исламдық дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін айтады. Классикалық ислам дәуірінде әзіл-оспақты ой еңбегінен шаршаған адамды сергітетін ең тиімді құрал деп санаған. Бұл салада ғалым Абд ал-Гани Абу Гудда «Әл-музах фил-ислам» («Исламдағы әзіл») еңбегінде толық, жан-жақты талдау жасағандығы айтылады.

А.А.Караханьян, Ф.Н.Бейманова, Е.Н.Гелашвили «Комические образы врачей и пациентов в исламской фольклорной традиции» зерттеуінде әзіл-оспақтың (юмор) сауықтыру функциясы, күлкі терапиясы туралы дәрігерлердің болжамдарын айта келіп, әзілдің мәдени, діни, ұлттық, кәсіби және басқа да ерекшеліктерге ие екендігін көрсетеді [1, 134].

Ислам дәстүрінде әзіл-оспақтың шегін білу маңызды. Бұл шектеулер мұсылман адамның қоғам мен Құдай алдындағы жауапкершілігімен байланысты. Ислам заңында адам әрекеті бес басқыштан тұрады: міндетгісі – *уәжіп*, ұсынылған және мақұлданған – *мандуб*, рұқсат етілген немесе бейтарап – *мухаб*, айыптау – *макрук*, тыйым салынған – *харам*. Ғалымдардың көпшілігі әзілді мухабқа немесе мандубқа жатқызады. Абу Гудда кейбір жағдайларға орай әзілді уәжіпке қатысты қарастырады. Мысалы, науқас адамның немесе қиын жағдайға тап болған адамды сергіту мақсатында әзіл айту. Сәйкесінше адамды алдау, келемеждеу, тура жолдан тайдыру сияқты жағдайда әзіл айтуға тыйым салынатындығы ескертіледі. Мұсылман мәдениетінде әзіл-оспақ адамның психологиялық босануына ықпал етеді де, оны мұсылман дәрігерлері өз тәжірибесінде қалыпты түрде пайдаланады. Ортағасырлық араб және парсы классикалық әдебиетінде, халық ауыз әдебиетінде халықтың идеалына айналған емші-мұсылман дәрігерінің бейнесі беріледі. Исламда денсаулықты сақтау діннен кейін екінші орында тұрады. Ал дәрігер ең құрметті адам ретінде саналады. Дәрігердің арнайы әдеби жазылады. Дәрігер Алланың разылығы үшін кәсібіне ерекше мән беріп, науқасты барлық жағынан жаны мен тәнін жақсы сөздерімен, олардың көңілін көтере отырып емдеуге тырысады. Олар қолданатын әзілдерде тарихи тұлғалар да аталады. Мысалы, Ибн Синаның (Авиценна) Шығыс елдерінің халықтық әзілдерінде күлкінің классикалық образдары бар. Мысалы, Ходжа Насреддин немесе Мулла Насреддин, Джуха, т.б. образдарды атап өтуге болады. Сондай әзілдердің бірі «Абу Али Ибн Сина және есінен адасқан адам», «Ұяты бар емші», «Көз ауруларының құралы», «Емші айтқаны әрқашан дұрыс» т.б. [1]

Әзіл әңгіменің негізі антикалық философияда қаланып, араб-мұсылман мәдениетіндегі әзіл-оспақ адам жанын емдеу, көңілін көтеру, шындықты астарлап айту мәнінде қолданылады. Сол себепті де араб-мұсылман қоғамында күлкі туралы алғашқы көзқарастар медицинамен байланысты пайда болады. Ислам мәдениетінде дәрігерлер алдымен науқасқа рухани қамқорлық көрсетеді. Дәрігерлерге арналған әзіл-оспақтардың бәрінде адам жанын емдеу және Құдайды құрметтеу мен оның өсиетін дұрыс, адал орындау туралы айтылады.

А.В.Бондаренконың «Особенности арабского юмора: онтология» зерттеуінде араб әзіл-оспақтарының ерекшеліктерімен шығу тарихы, жалпы онтологиясы жөнінде хабар береді. Ғалым алдымен тіл, тілдік тұлға ұғымдарына түсінік бере келе, күлкі – тілдің бір түрі, оның гипостазасы және экзистенциалды мүмкіндігі деген тұжырым жасайды. Күлкінің туындауына себеп болатын жайттарға: рахаттану, нәзіктік, келемеждеу, әзілдеу, ирония, ойнақылық, әзіл-оспақ және т.б. жатқызады. Күлкінің атрибуттарына мимика, пантомима, ым-ишара, ырылдау мен жөтел, көздің ойнақылығы, қытықтаудан ләззат алу, т.б. келтіреді. Осы айтылғандарды орнымен қабылдау күлкі мәдениетін қалыптастырады деп көрсетеді. Күлкі мәтіндері сөйлеу туындылары ретінде бұрыннан болған нәрселер болып табылады, бірақ күлкі тамырында қайта интерпретациялануы мүмкін [2, 79].

Ғалымның «Арабская смеховая традиция как предмет лингводидактики» зерттеуінде араб халқының күлкі дәстүрі ауызша және жазбаша түрде өте бай, әрі іргелі зерттеуді қажет ететіндігін баса айтады [3, 153]. Арабтар этникалық, тілдік тұрғыдан біркелкі емес. Оның себебі араб әлеміне 22 ел кіреді, сондықтан әзіл, күлкі дәстүрі бірігей. Халық сатирасы мен әзілдерін жинаушылар туралы мәліметтерде жалпы ислам мәдениетінде күлкіні құптайтындығын, күлкіге қатысты Мұхаммед пайғамбардың және имам Әлидің сөздерін мысалға келтіре отырып дәлелдейді. Алайда күлкі мен әзілдің орны барын қатаң ескертеді. Мысалы, халықты әбігерге салатын өтірік әңгімелер айтуға, біреуді кемсітуге, күлкі үшін қорқытуға, күлкі үшін лақап ат қоюға болмайтындығы айтылады. Тіпті Құранда ондайға лағнет айтатындығын ескертеді. Ислам дәстүрі әзіл, күлкі барысында шектен шығуға жол бермейді, күлкі мен әзіл ақылға қонымды болуын қадағалайды. Осы жайттарды ескерте отырып, мақалада әзіл-оспақтарды тілді меңгеруде жеңіл тапсырма ретінде пайдаланудың тиімділігін көрсетеді. Ал тілді меңгеруде, халықаралық байланыста міндетті түрде серіктестің лингвомәдени ерекшеліктерін білу, қарым-қатынастың тиімді құралы болатынын түсінеміз. Диалог барысында серіктестің агрессивті позициясына әдептілікпен тойтарыс беруде аллегория, метафора, әзіл сияқты құралдар қолданылады.

«Житейский юмор в произведениях современных арабских писателей» зерттеуінде әзіл-оспақ араб әдебиетінің бір ажырамайтын әрі шығарманың құрылымдық бөлігінің бірі болып саналатындығы жөнінде айтады [4, 90]. Әзіл-оспақ қарапайым адамдар өмірінің бір бөлшегі тәрізді. Арабтардың өмір сүру принципін бастысы – шыдам. Сол үшін де әзіл өмірлік қиындықтарды жеңуге септігін тигізеді. Араб мәдениетінде әзіл-оспақ көптеген жағдайларда қайғыдан, тұрпайылықтан, шамадан тыс байыптылықтан шығуға көмектеседі деп есептейді. Бұған мысал ретінде Тауфик аль-Хаким, Ихсан абдель Куддус т.б. жазушылардың әңгімелерін келтіреді. Қазіргі араб әдебиетіндегі әзіл-оспақ ХХ ғасырдың ортасындағы Египет жазушылары Махмуд ибн Мухаммед Теймуры, Тахер Лашин, Таха Хусейн т.б. дәстүрлі жалғасы екендігін басым айтады.

М.В.Паршина, Р.Х.Муратов, С.Слиман «Жанровая специфика современного арабского анекдота» мақаласында «әзіл-оспақ», «күлкі», «күлдіргі» ұғымдарын анекдот жанры тұрғысынан қарастыра отырып, араб

әзіл-оспақ мәдениетінің ислам дәстүрімен тығыз байланысы, күлкі феноменіне араб мәдениетіндегі көзқарас туралы тұжырымдайды [5, 89].

Араб фольклорындағы әзілдерде басқа халықтар сияқты дәстүрлі сүйікті персонаждары болады. Олар араб халықтарында халифалар, қазылар, алаяқ, кулар мен ақымақтар, т.б. Олар қулықты, сараңдықты, ерекше ақылды меңгерген. Араб мәдениетіндегі әзіл сюжеттер ғибратты болып келеді. Анекдот жанры жамандықты әшкерелеудің құралы ретінде көрінеді. Осы сияқты тағылымдылық қасиет мұсылман мәтіндеріне тән белгі. «KAZISLAM.KZ» сайтындағы «Исламның әзіл-оспаққа көзқарасы» сұхбатында дінтанушы Кеңшілік Тышқанұлының исламдағы әзіл-оспаққа қатысты пікірлері беріледі. Онда ислам дінінде әзілге тыйым салынбайтындығы айтылады. Бір хадисте Мұхаммед пайғамбарға сахабалары: «О, Алланың Елшісі, сіз де әзіл айтасыз ба?» деп сұрағанда: «Ия, кейде мен де әзіл айтамын, бірақ мен тек шындықтан бөлек ештеңе қоспаймын» деп жауап береді. Тағы бір хадисте бір ер адам түйеге мінгізуін сұрағанда мен сені ботаға мінгізіп жүргіземін деп әзілдейді екен. Сонда ер адам «ол кішкене бота мені көтере алмайды ғой» дегенде, Алла елшісі «әрбір түйе бір түйенің ботасы» екендігін айтады дейді. Бұдан әзілдің мәдениетті, ешкімнің көңіліне қаяу түсірмейтін, астарлы әңгіме екендігін көруге болады [6].

Қорыта келгенде әзіл, күлкіге шарифатта тыйым салынбаған. Алайда, әзіл мен күлкінің өз орны, шегі барын ескерткендігін көреміз. Әзіл барынша жұмсақ болуы тиіс және ол адамдар арасындағы достықты нығайта түсетіндей әсері болғаны дұрыс. Міне, осындай жақсы көңіл-күйді, тыңдаушысын қуанышқа бөлейтін әзіл-оспақты ислам діні де қолдағандығын байқадық.

Е.В.Кухарева өзінің «Юмористический аспект арабских пословиц и поговорок» атты кандидаттық зерттеуінде арабтардың мақал-мәтеліндегі әзіл-қалжыңды талдайды [7, 85].

Қуаныш пен қызық көріністері тек адам ғана тән қасиет емес. Жануарлардың қалай ойнайтынын, иесін көргенде қуанышын қалай білдіретінін көріп түсіну қиын емес. Ал әзілге келетін болсақ, ол тек адамға ғана тән. Жалпы халық мақал-мәтелдері, оның ішінде араб мақал-мәтелдері де адамның өзіне және айналадағы шындыққа сыни юморлық көзқарасын білдірудің бір түрі болып табылады. Кейде олар қоршаған шындықтың күлкілі жағын ашып, оны ирониямен береді. Бірақ көбінесе оларда дәл сарказм бар - экспозицияның өткірлігі, ашуланудың және тіпті жек көрудің жоғары деңгейін білдіру бар. Мұндай мақал-мәтелдер көбінесе адами қасиеттерді, іс-әрекеттерді, адамдар арасындағы қарым-қатынасты сипаттайтын тарауларда кездеседі. Мақал-мәтелдердегі келемеждің объектісі ретінде анық теріс реакция тудыратын нәрсе таңдалады. Халық мақал-мәтелдерінің кейіпкерлері де жиі есек, ит, тауық, маймыл т.б. алынады.

أَعْلَمُ الرَّمَايَةَ كُلَّ يَوْمٍ فَلَمَّا اشْتَدَّ سَاعِدُهُ

«Мен оған мергендікті үйреттім, мерген болды, өзімді атты».

«ضَفَادِعٌ فِي ظُلْمَاءٍ لَيْلٍ تَجَاوَبَتْ»

«Түнде бақырған бақаға жауап дайын».

Яғни, бақа дыбыс шығару арқылы өзін жауына ұстап береді, мысалы, жыланға. Ақымақтық сияқты қасиетті сипаттағанда келемежді, кемсітетін мағынаны беру әдістемесі ретінде жоғарыдағы мақал-мәтелдердің көпшілігінде ақылға қонымсыз жануарлардың бейнелері қолданылады. Бұл ретте олардың ең жарқын және ең жағымсыз ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Сараңдықты сынайды.

Мысалы, «шошқаның тұмсық жүні болса да пайда».  
«سَعْرَةٌ مِنْ جِلْدِ النَّيْصِ قَائِدَةٌ»

Мысқыл басым мақал-мәтелдер (насмешки). «Маймылдың баласы өзіне сүйкімді».

«الْقِرْدُ بِعَيْنِ أُمَّةٍ عَزَالٌ»

Ер мен әйелге қатысты әзіл-оспақ мақал-мәтелдерде берілуі де кездеседі. Мысалы, «Әйелдің шашы – ұзын, ақылы – қысқа» т.б

«شَعْرُ النِّسْوَانِ طَوِيلٌ وَعَقْلُهُنَّ قَصِيرٌ»

Көріп отырғанымыздай, адамның келеңсіз қасиеттерін әзіл-сықақ арқылы беретін араб мақал-мәтелдеріне ұсқас, мәндес мақалдар мен тыйым сөздер қазақ халқында да бар. Мысалы, «Түлкінің қызылы – өзінің соры», «Қарға баласын аппағым дейді», «Доңыздан түк тартсаң да пайда» т.б. Мысалы, «әзілің жарасса, атаңмен ойна», «ойыннан от шығады», «ойнақтаған бота от басады», «пышақ, мылтық кеземе», т.б. ескертпелер арқылы сақтандырып отырады. Сараңдық, ақымақтық, іштарлық, салақтық сияқты жаман қасиеттерді мысқыл түрінде астарлап беретін мақал-мәтелдерді қазақ араб халықтарынан мол кездестіруге болатынына көз жеткіздік.

О. Б. Ефимова, Т. Г. Туманян «К вопросу о месте юмора и смеха в традиции ислама» мақаласында қазіргі ислам еңбектерінде ұсынылған әзіл-оспақ мәселесі қарастырылған [8, 69]. Юсуф әл-Қарадауи, Садық әл-Махди, Хасан сияқты ғалымдар мен дін қайраткері Абд әл-Ғани Әбу Гудда т.б. ислам ғұламаларының әзіл табиғаты туралы пікірлері атап өтіледі. Оларды қасиетті Құран аяттары мен сүрелерімен салыстыра сипаттайды. Әзіл айтудың исламдағы заңдылығын және оны қолдану шекараларын белгілеу мәселелері қарастырылады. Әзілге деген оң пікірдің болуына қарамастан Ислам дәстүрінде бекітілген және қазіргі заманғы әзілге көзқарас мұсылман ғалымдары арасында жиі қайшылықты пікірлер тудырады. Оның себебі мұсылмандар арасында әзіл-қалжыңның қабылдану ерекшелігіне де, оның көп мағыналылығына да байланысты және діни нұсқауды әртүрлі түсіндіру де әсерін тигізеді екен. Әзілді хазл (ирония), фукаха (әзіл-оспақ), нукта (қалжың шутка), сухрия (сатира, сарказм), истахза (мазақ), тахаккум (қорлау) деп бірнеше түрге бөледі.

Жалпы алғанда ислам ұстанымына әзіл-оспаққа қатысты пікір оң екенін атап өтуге болады. Әйтсе де мұсылмандардың әзіл туралы түсінігі Батыстан өзгеше, оның мазмұны мен шегі айтарлықтай. Исламның батысқа ұнайтын әзіл-оспақтың жағымсыз көріністерін мойындамайтыны мысқыл, келеке, жағымсыз әзіл-оспақ сияқты қоғамда тыйым салынған деп белгілеу әзіл-

қалжың немесе тіпті оларды «әзіл» ұғымынан тыс алып, оларды есепке алмауының себептеріне жоғарыда келтірілген деректер айғақ.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ҚР ҒЖБМ 2023–2025 жылдарға арналған мемлекеттік грантымен қаржыландырылатын ИРН АР19676461 «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» ғылыми жобасы аясында жазылды.

### **Әдебиеттер:**

1. А.А. Караханьян, Ф.Н. Бейманова, Е.Н. Гелашвили «Комические образы врачей и пациентов в исламской фольклорной традиции» / *Воронежский государственный медицинский университет им. Н.Н. Бурденко. Молодежный инновационный вестник* ТОМ VI, Приложение 2 2017  
Адрес статьи: <https://new.vestniksurgery.com/index.php/24157805/article/download/3805/3803>
2. А.В. Бондаренко «Особенности арабского юмора: онтология». - М., 2009.
3. А.В. Бондаренко «Арабская смеховая традиция как предмет лингводидактики» / Кафедра ближневосточных языков. Военный университет <https://cyberleninka.ru/article/n/arabskaya-smehovaya-traditsiya-kak-predmet-lingvodidaktiki>
4. «Житейский юмор в произведениях современных арабских писателей»  
ссылки: <https://mgimo.ru/upload/iblock/765/765ba08dcc8bbd4ce0e117a78ed5b9f2.doc>
5. М.В. Паршина, Р.Х. Муратов, С.Слиман «Жанровая специфика современного арабского анекдота» Адрес статьи: [https://humanities.asu.edu.ru/files/1\(69\)/12-17.pdf](https://humanities.asu.edu.ru/files/1(69)/12-17.pdf)
6. Взгляд Ислама на юмор 31.03.2020. Ссылка на портал Kazislam.kz  
обязательна: KAZISLAM.KZ
7. Е.В. Кухарева «Юмористический аспект арабских пословиц и поговорок». –М., 2009.
8. О. Б. Ефимова, Т. Г. Туманян «К вопросу о месте юмора и смеха в традиции ислама» / *Asiatica: Труды по философии и культурам Востока*. 2019. Т. 13. № 1. С. 144-165.

## **АНЕКДОТТЫҢ ДИСКУРСТЫҚ ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ АНТРОПОӨЗЕКТІК СИПАТЫ**

**Ж. А. Жетесова**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі тіл білімінде дискурс ұғымы кең ауқымды қатысымдық құбылыс ретінде қарастырылады. Оның ішіндегі ерекше, әрі күрделі түрлердің бірі – әзіл-оспақ дискурсы. Бұл дискурс түрі адамның күлкіге бейімділігіне, әлеуметтік, мәдени және когнитивтік ерекшеліктеріне негізделген. Әзіл-оспақ дискурсы – сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы бейресми қарым-қатынаста күлдіргі әсер туғызуға бағытталған тілдік әрекет түрі. Оның негізгі мақсаты – көңіл көтеру, қарым-қатынасты жұмсарту, сатира мен ирония арқылы әлеуметтік шындықты көрсету, сондай-ақ ойды бейтарап формада жеткізу. Ғалымдар әзіл-оспақ дискурсының бірнеше негізгі белгілерін айқындап көрсетеді:

- Стилистикалық және бағалаушытық лексика – мәтінде эмоциялық бояуы бар сөздер жиі кездеседі, олар тыңдаушыда белгілі бір әсер тудыруға бағытталған;
- Сленг пен жаргон элементтері – күнделікті тұрмыста қолданылатын бейресми сөздер, сөйлеушілер арасындағы жақындықты білдіреді;
- Сөйлеу формаларының бейресми сипаты – субординация белгілерінің болмауы, яғни қатысушылар арасында иерархиялық айырмашылықтың жойылуы;
- Тілдік-экспрессивтік тәсілдердің көптігі – каламбур, метафора, ирония, пародия, гиперболла, теңеу, дыбыстық қайталау, неологизмдер және т.б.;
- Күтпеген нәтиже – күлдіргі мәтіндер әдетте логикалық емес, парадоксты аяқталумен ерекшеленеді;
- Қарапайым, қысқа сөйлемдердің жиі қолданылуы – бұл тілдің ауызекі сипатын көрсетеді және тез қабылдануына мүмкіндік береді [4, 8-10].

Әзіл-оспақ дискурсы адамның тілдік, мәдени танымын, ұлттық стереотиптерге көзқарасын, сондай-ақ әлеуметтік шындықты қабылдау ерекшеліктерін танытады. Ол тек күлкі тудыру мақсатын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік сын, құндылықтарды жеткізу және коммуникативтік шеберлікті көрсету құралы болып табылады. Мысалы, қазақ ауыз әдебиетіндегі «Қожанасыр» әңгімелерінде халық даналығы мен ирониялық күлкі қатар өрілсе, ағылшын тіліндегі «Mr. Bean» бейнебаяндары – бейвербалды әзілдің типтік үлгісі болып, күлкі арқылы мәдени кодтарды жеткізеді. Бұл мысалдар әзіл-оспақ дискурсының әмбебаптығы мен ұлттық ерекшеліктерін қатар көрсете алады.

Соңғы зерттеулерде әзіл-оспақ дискурсы прагматика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика тұрғысынан белсенді түрде талдануда. Бұл дискурстың антропоэзектік сипаты – адамның күлкі арқылы өзін, қоғамды, айналасын тану тәсілі ретінде көрінеді. Сол себепті де ол тек тілдік емес, мәдени-әлеуметтік құбылыс ретінде де қарастырылады. Осы дискурстың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – анекдот. Ол тек күлкі туғызу құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы стереотиптер мен құндылықтарды бейнелейтін, тіл мен мәдениет тоғысындағы күрделі феномен ретінде танылады. Анекдот – көркем, әрі прагматикалық мазмұнға ие мәтін. Ол вербалды коммуникация барысында нақты дискурстық ортада жүзеге асады және өзінің мәтіндік формасы мен сөйлеу жағдайына тәуелді түрде әртүрлі түсіндірулерге ие болады.

Анекдоттың лингвистикалық зерттелуінде маңызды аспектілердің бірі – мәтін пен дискурс арасындағы өзара байланыс. Қазіргі дискурс теориясында В.И. Карасиктің еңбектері маңызды орын алады. Ол дискурсты талдаудың көпқырлы үлгісін ұсына отырып, оның құрылымдық, мазмұндық және функционалдық аспектілерін жіктейді. Ғалым дискурс категорияларын төрт негізгі топқа бөледі: конститутивтік, жанрлық-стилистикалық, мазмұндық және формалды-құрылымдық категориялар. Бұл категориялардың әртүрлі комбинациясы негізінде дискурстың әртүрлі түрлерін анықтауға болады. В.И.

Карасиктің ұсынған әлеуметтік-лингвистикалық тәсілі дискурс құрылымын үш негізгі сипат арқылы сипаттайды:

- Дискурс түрі;
- Мәтін форматы;
- Сөйлеу жанры.

Осы үш сипат коммуникативтік жағдайға байланысты мәтінді талдаудың базалық параметрлері ретінде қарастырылады. Бұл жіктелімнің негізінде В.И. Карасик үш ірі әлеуметтік-лингвистикалық дискурс типін бөліп көрсетеді:

1) Институционалдық дискурс – белгілі бір қоғамдық институттармен байланысты дискурс түрі. Бұл типке педагогикалық, діни, ғылыми, саяси және медициналық дискурстар жатады. Олар ресми сипатта, құрылымы қалыптасқан, терминологиялық тұрғыдан қатаң реттелген мәтіндер мен сөйлесім үлгілерін қамтиды.

2) Тұрмыстық дискурс – адамның өмірлік болмысын, күнделікті тәжірибесін, эмоционалдық және жеке тұлғалық қатынастарын бейнелейтін дискурс. Мұнда ресмилік жоқ, еркін форма, экспрессивті тілдік құралдар басым.

3) Прагмалингвистикалық дискурс – бұл типке әзіл-оспақ және рәсімдік дискурстар жатады. Мұнда сөйлеушінің мақсаты тек ақпарат беру емес, сондай-ақ адресаттың эмоциялық-когнитивтік қатысуын белсендіру болып табылады. Әзіл-оспақ дискурсында бұл күлкі, ирония, сарказм арқылы іске асса, рәсімдік дискурста салттық қалып, дәстүрлік мәндер басымдыққа ие болады.

Коммуниканттар арасында тілдік қатынас негізінде байланыс орнатылады. Өзара ақпарат алмаса отырып, диалог құру кезінде тіл арқылы қарым-қатынас өрісі кеңейеді. Пікір алысу кезінде әзіл-қалжың қоса айтылады, әр әзілде ұлттық менталитет, мәдени ерекшеліктер көрініп тұрады.

*«Әзіл» сөзі араб тілінен енген. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде әзілдің семантикасы төмендегідей берілген:*

- 1. Күлкі тудыру үшін айтылатын сөз, күлдіргі әрекет, қалжың;*
- 2. Бір адамның екінші адамды ұялтуы үшін айтылатын сөз, сөзге тоқтату мақсатындағы астарлы пікірі;*
- 3. Қазақ қоғамындағы қатарлас, құрдас немесе туыстық қатынастағы адамдар арасындағы сөз сынасу, сын айту, қалжыңдасуға негізделген қарым-қатынас.*

*Әзіл қоғаммен бірге өмір сүреді, заман ағымына икемделеді. Барлық халықтың әзілін кез-келген халыққа қолдана алмаймыз, әр халықтың менталитетіне, болмысына қарай тән ерекшеліктері болады және өзіндік ұқсастықтары да болады.*

Халықтың белгілі бір аймақта өмір сүруі оның ұлттық сипатына әсер етеді. Ұлттық сипаттағы ерекшелік оның тұрмысына әсер етпей қоймайды. Ол әрине, тілде бейнеленеді. Көңіл көтеру мақсатында пайда болған әзіл кейін қоғамның белгілі мәселесін шешуге септігін тигізуі де мүмкін.

Әзілдің мағыналық сипатта мынадай түрлерін ажыратуға болады: достық әзіл, жарасты әзіл, жеңіл әзіл, қисынсыз әзіл, өткір әзіл, тұрпайы әзіл, шымшыма әзіл.

*Әдетте досқа айтылатын әзіл көңілге қонымды әрі жарасымды болып келеді, ал даулы сөздерге қарсы айтылатын әзіл зілді болады. Әзілдің сәтті орындалуы екіжақты тараптың да мәдениетінің жоғарылығын көрсетеді. Орынды жерде көңілге қонымды әзілді қолдану – ол тапқырлықтың белгісі.*

*Қазақ әзілдерінің мазмұнында халықтың даналығы, философиясы, наным-сенімі тұнып тұр. Сөзге шешен халқымыздың әзіл-оспағы астарлы түрде терең мағынамен жеткізілген. Ел аузында жүрген әзілдердің көпшілігі танымал ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері арасында белгілі. Мұның себебі олардың болмыс-бітімі қашан да жұртшылыққа үлгі-өнеге. Қазақ әзілдерін сұрыптай келе төмендегі топатарға бөліп қарастыруға болады:*

- халықтың салтына байланысты;
- халықтың әлеуметтік жағдайына байланысты;
- білім-ғылымға байланысты;
- жас ерекшелікке байланысты;
- туыстық әзілдер;
- ұлттық әзілдер;

- құрдастар, достар арасындағы әзілдер.

*Дәстүрге байланысты әзілдер ертеден келе жатқан әзіл түрі. Өлең түрінде немесе қарасөз түріндегі әзілдерде халықтың тұрмыс-тіршілігі баяндалады.*

*«Қазақ салтында қонағын сыйламау, оған тиісті ізет-құрмет көрсетпеу, малдың дұрысын сойып, сыбағасын жөнді етіп бермеу және осы сияқты әдет-ғұрыпты сақтамау – бәрі қонағының көңілінен шықпаса, ол ауыл ақсақалына, ру басына, биіне шағым айтуы, ақын болса, ел күлетіндей етіп өлең шығарып, әжуа етуі де мүмкін. Бұл құдайы қонақтың салт-әдет заңы бойынша құқығы» [5, 594].*

*Қоғамда әлеуметтік жағдайға байланысты әзілдер де орын алады. Жиналыста қаржы министрі баяндама жасапты. Үзілісте Мұхтар Әуезовке министр келіп амандасып:*

*«Мұқа, менің баяндамам сізге ұнады ма?» - десе, Сонда Мұхтар Әуезов:*

*«Ел сенен ақыл сұқар деймісің, уақытында ақша беріп тұрсаң болды емес пе?» - жұртты күлкіге қарқ қылыпты [6, 49].*

*Диссертациялық кеңесте бір кісі докторлық диссертациясын қорғап жатыр екен. Әлкей Марғұлан қорғалған жұмысқа пікір білдіріп, қайта-қайта сұрақ қойған екен. Сол кезде кеңестің бір мүшесі:*

*– Әлеке, бүгін көп сөйледіңіз ғой, - десе: Әлекең:*

*– Сөйлеген кісі бір нәрсе біліп сөйлейді ғой, білмесе несін айтады - депті [7, 7].*

*Қазақ халқының ұғымында туысқандық, отбасылық әзілдер орынды әрі ұтымды айтылып отырған. Данышпан ақын Абай: «Кісі болар баланың кісі менен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар» - деп адам арасындағы туысқандық қарым-қатынасқа ерекше мән берген. Осы тұста отбасындағы әзілдерге мысал келтірсек:*

*Баласының телефонмен досымен қаттырақ сөйлескенін байқаған әкесі:*

*- Сен неге досыңмен даусыңды көтеріп сөйлесесің, - депті. Сонда баласы:*

*- Өзі кінәлі, үнедемеген сайын басыма мінді, - депті. Әкесі баласына:*

*- Ол емес, сенің төбең кінәлі, мінуге ығайлы, - деп қалжыңдапты [7, 15].*

*Нота жазып отырған композитор Ахмет Жұбановқа қызы Ғазиза «әке мына нотаны дұрыс алмадыңыз» - деп ескерту жасай берген. Сонда Ахаң:*

*- Қызым, мен сен сияқты академиктің баласы емеспін ғой, мен жай шаруаның баласымын, – депті [7, 49].*

*Жазушылар Одағының жиналысында жас ақын тұрып Сәбит Мұқановқа тиісе сөйлепті. Сонда Сәбит тұрып:*

*- Бұл бала жөнді айтты, мен де жасымда Абайды ақын емес дегенмін, – депті [7, 9].*

*Ақын Шөмішбай Сариев Ахат Жақсыбаевтың өкшесін оңдырмай басып кетіпті. Сонда Ахат:*

*- Өкшемді оңдыртпадың-ау – десе: Шөмішбай:*

*- Ағау-ау, өкшеңізді басып келе жатқан ініңізбін ғой, - деген екен [7, 27].*

*Бір күні Мұзафар Әлімбаев ұйғыр жазушысы Илья Бахтиярға әзілдеп:*

*- Илья, осы сен өзің қазақша таза сөйлейсің, ал енді шығармаларыңды неге қазақ тілінде жазбайсың? – дейді.*

Сонда Илья:

- *Мұзаға, ұйғырға да бір мықты ақын керек емес пе?! – деген екен [7, 20].*

*Жақан және Жамалхан Баєтов бір әріптес көрей досының үйінен ас ішіп шығып:*

- *Бізге ненің етін берді, – деп сұрапты жолдасынан.* Сонда Жақан тісін шұқып тұрып:

- Білмедім, әйтеуір, менің үргім келіп тұр, – деп зәресін ұшырыпты [8, 4].

Қазақ жігіттері құрдастың әзіліне еш уақытта ренжімеген. Ренжеу азаматтыққа жатпайды деп есептеген. Сондықтан да құрдас азаматтар, достар арасында достық әзіл мен өткір әзілдер қатар жүретін болған.

*Қорыта келгенде, халықпен бірге жасасып келе жатқан әзіл-қалжың рухани байлығымыз ұлттық дүниетанымның нәр алатын ортасы, әрі көрінетін жері – ұлттық мәдениет.* Әрбір этностың мәдениеті – оның тілі арқылы сақталған. Халқымыздың бастан кешкен тарихы, өмір тіршілігі, күнделікті тұрмысына қажетті бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, наным-сенімі, талғамы тілімізде бейнеленетін таңба десек, ұлтымыздың тілдік шығармаларында ол міндетті түрде таңбаланады және мәдениетіміздің көрсеткіші бола алады. Әзілді дәстүрлі құндылығымыз деп бағалағандықтан, бүгінгі таңда оны тақырыптық тұрғыдан жіктеп, талдаудың маңызы зор.

Қазақ ақын, жазушыларының арасындағы әзілдердің мағыналық-тақырыптық топтарын жүйелеу арқылы әзіл-қалжың дискурсында қатысымдық тактиканың маңыздылығы байқалады. Осы тұрғыдан тілдік қатынастағы әзіл саласын лингвистикалық зерттеуді қажет ететіндігін айтқымыз келеді.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ҚР ҒЖБМ 2023–2025 жылдарға арналған мемлекеттік грантымен қаржыландырылатын ИРН АР19676461 «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» ғылыми жобасы аясында жазылды.

### **Әдебиеттер:**

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.
4. «Қазақ әдебиеті»: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010.
5. Әбдуәли Қ. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік / Қоғам. – Т. 2. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 б.
6. Ниязбеков М. ...деген екен! 1-кітапша – Алматы: Өнер, 1992. – 64 б.
7. Садыр Б. Ауыл әзілдері. – Астана: BG-print, 2013. – 288 б.
8. Төреқұлов Н. Сөз тапқанға қолқа жоқ. – Алматы: Жазушы, 1964. – 69 б.

## ОРЫС ӘЗІЛ-ОСПАҒЫ

**С.С. Исакова, Р.К. Танатова**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан

Әзіл-оспақ тілдік және мәдени құбылыс ретінде сөйлеу қарым-қатынасының ерекше түрі болып табылады. Әзіл-оспақ адамды күлкіге бөлейді, сонымен бірге адамдарды әзіл-оспақ тұжырымдайтын философияның мағынасын немесе астарын түсінуге шақырады. Әзіл-оспақтың басты ерекшелігі – оның негізі болып табылатын ақылдылық, күлкі. Әзіл-оспақ ең кең күлкілі құбылысты көрсете алады, күлкілі емес объективті заттарды күлкілі нәрсеге айналдыра алады [Моу Шуанг, 2015: URL]. Орыс тілінде «әзіл-оспақ» – латынның «humor» сөзінің транслитерациясы. «Humor» сөзі (неміс. humor, франц. humeur) еуропа тілдерінде көңіл-күйді білдіреді, француздар арасында жаман көңіл-күй, содан кейін XVIII ғасырдан бастап немістер үшін жақсы көңіл-күйді білдіреді [Фернандес Санчес 2017: URL].

В.И. Дальдың анықтамаларында [Даль, 2012: URL] [және қысқаша Әдеби энциклопедияда [ҚӘЭ, 1975: URL] әзіл-оспақ дүниетаным ретінде түсіндіріледі. Кейінірек оның мағынасы әдебиет, өнер және эстетика ұғымдарына айналды. Дегенмен күнделікті өмірде әзіл-оспақ жиі кездеседі.

Орыс әзіл-оспағы – бұл әлемдік мәдени көріністің маңызды бөлігі, бұл орыс халқының мәдени идеялары мен ұлттық мәдениеттегі жалпы қабылданған норманың қайталануы. Жоғарыда келтірілген талдауларға сәйкес, біз әзіл-оспақтың жалпы тұжырымдама екенін білеміз, оған күлдіргі әңгіме, әзіл, тапқыр сөздер және т.б. жатады. Күлдіргі әңгіме де әзіл-оспаққа жатады, ол әзіл-оспақтың барлық ерекшеліктеріне ие, диалогтың қысқаша түріндегі ауызша әзіл-оспақтың нұсқасы болып табылады және күтпеген аяқталуымен ерекшеленеді. Анекдот термині гректің «anekdotos» деген сөзінен шыққан, «жарияланбаған» және «бұрын белгілі емес» дегенді білдіреді. Анекдот – халық ауыз шығармашылығының жанры, қазіргі уақыттағы оқиғаларды бейнелейді, әзілдің ерекше тілдік түрі болып табылады.

Лэн Сюэфэн [Сюэфэн Лэн, 2023: URL] анекдоттың мәтін ретінде екі формада болатындығын атап өтті: ауызша (бастапқы және негізгі) және жазбаша (екінші және шартты). Анекдоттың ауызша түрі әзілдерде, айналадағы шындыққа пародия ретінде жүзеге асырылады. Анекдоттың екінші, шартты түрі әртүрлі жинақтарда, сондай-ақ арнайы интернет сайттарында жұмыс істейді. Қазіргі тіл білімінде анекдотқа келесі анықтама беріледі: «Анекдот – бұл барлық ана тілінде сөйлейтіндерге белгілі тұрақты кейіпкерлер әрекет ететін ойдан шығарылған, күтпеген жерден аяқталатын оқиға туралы қысқа, ауызша күлкілі оқиға». Анекдотты прецеденттік мәтінге жатқызуға болады, өйткені мәтіннің бұл түрі ерекше құрылымы мен мазмұнына ие, белгілі бір стереотиптік бейнелі-ассоциативті кешен, жеке қоғам өкілдерінің сөйлеуінде маңызды және белсенді жұмыс істейді. Мәселен, мысалы, фольклорлық, ертегі кейіпкерлерінің атаулары: Яга кемпір, өлмейтін Кощей, жылан Горыныч, Иван ақымақ және т.б. Бұл жағдайда нақты адамдар (туыстары, көршілері)

ертегілерде белгілі бір қасиеттерге ие фольклорлық бейнелер арқылы жағымсыз немесе жағымды тұлғалық сипаттамаларды алады: әйелі - жалмауыз (зұлым, ашуланшақ); енесі – Баба Яга (ұсқынсыз, зиянкеш, айлакер); ағасы – Бұлбұл қарақшы (өзімшіл, дұшпан); балалары – шайтандар (өте мазасыз, көптеген қиындықтар туғызады); көрші әйел – әдемі Василиса (әдемі, жас әйел); көршісінің күйеуі – Иван ақымақ (аңғал, сенгіш, ақымақ). Бұл фольклорлық атаулардың барлығы прецедентті, өйткені олар ертегімен бірқатар ассоциацияларды тудырады, сондықтан анекдотты қабылдау кезінде тыңдаушылардың фольклорлық санасына маңызды рөл беріледі. Осы жерден күнделікті қарым-қатынаста тұрақты тіркестер пайда болды: *«Сіз Баба Яга сияқтысыз» – шашыңыз ода-дода, тарақ көрмеген, ұсқынсыз әйел; «ол Кощей сияқты өлмес» – өте арық, өспейтін адам; «ол Иванушка ақымақ сияқты» – аңғал, тым сенгіш, ақымақ жас жігіт* [Сюэфэн Лэн, 2023: URL].

Әзіл-оспақ – бұл күлкілі маска астында жасырылған өмірді бағалаудың дүниетанымдық сипаты бар күлкі түрі. «Әзіл-оспақ» ұғымы екіұшты. Кең мағынада әзіл-оспақ жеке құбылыстарға және жалпы әлемге қатыгез, мазақ ету қатынасы ретінде анықталады. Тар мағынада әзіл-оспақ – бұл шығармашылық тұлғаны білдіру әдісі, оның негізінде күлкілі жанрлардың туындылары жасалады. Олардың арасында жоғары және күлкілі формалар ерекшеленеді. Біріншісіне көркем әдебиет пен өнер туындылары кіреді, ал екіншісіне пародиялар, әзілдер, анекдоттар, ертегілер, әзілдер, частушкалар, мультфильмдер, достық шарждар жатады. Әзілге ұлттық колорит те тән [Ильина, 2010 : URL].

Ресейде әзілдің ең көп таралған түрі күлдіргі әңгімелер – ойдан шығарылған күлкілі жағдай. Бұл тарихи кейіпкермен немесе прецедентпен байланысты бірнеше сөзден тұратын әңгіме және оның күлкілі болуы міндетті емес.

Орыс күлдіргі әңгімелері өзіне сыртқы жағынан ұқсас жанрлардан ерекшеленеді: өтірік әңгімелер, әзіл-сықақ әңгімелер, тұрмыстық ертегілер, сондай-ақ әдеби және тарихи анекдоттар – бұл әрқашан шын мәнінде болмаған (және, әдетте, мүмкін емес) оқиға. Анекдоттарда кейіпкерлер уақыт кеңістігінде өте еркін қозғалады (сондықтан әртүрлі дәуірлерге жататын қайраткерлер бір анекдотта кездесуі мүмкін), фантастикалық жағдайларға тап болады, табиғаттан тыс физикалық қабілеттерімен ерекшеленеді және олардың мінез-құлқы көбіне күнделікті өмірдің психологиясы тұрғысынан дұрыс емес. Қазіргі орыс анекдоты барлық орыс тілінде сөйлейтіндерге белгілі тұрақты сөйлеу және мінез-құлық сипаттамалары бар, сондықтан ұсынуды қажет етпейтін ықтимал кейіпкерлердің салыстырмалы түрде тұрақты жиынтығымен сипатталады (шамамен төрт-бес, ондаған). Бұл кейбір халықтардың өкілдері (орыс, американдық, француз, неміс, ағылшын, қытай, негр) және этникалық аз халықтар (грузин, чукча, еврей, украин), саяси және әскери қайраткерлер (Чапаев және оның серіктестері, Брежнев, Хрущев, Ленин, Дзержинский, Буш, Киссинджер), телевизиялық фильмдердің кейіпкерлері (Штирлиц, Мюллер, Шерлок Холмс, Ватсон, Чебурашка, крокодил Гена және т. б.), сондай-ақ күйеуі, әйелі, сүйіктісі, бастығы,

профессоры, студенті, Вовочка, мұғалімі, милиционерлер, жаңа орыстар және т. б. сияқты кейіпкерлер [Ильина, 2010: URL].

Ресейде анекдот жанры ең сүйікті және танымал жанрлардың бірі екенін ерекше атап өткен жөн. Талғаммен, көркем және күлкілі әзіл айта алатын адам – әр үйдің құрметті қонағы. Әзілді айтушылар ерекше бағаланады, өйткені олардың көпшілігі өз мансабында тек көрермендерді және әсіресе бастықтарды қуанту қабілетінің арқасында дамыды. Әзіл жанры (қысқа ауызша күлкілі әңгіме) қарқынды дамып, Кеңес өкіметі кезінде КСРО-да, сонымен қатар Кеңес өкіметінің арқасында өркендеу шыңына жетті деп айту артық айтқандық емес. Жеке өмірді қатаң бақылау, әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарындағы бірдей қатаң цензура бұл жанрдың дамуына себеп болды. Барлық адамдар жүйенің өнімсіздігін, өрескел қателіктерді және басшылардың ақымақтығын анық көрді. Бірақ өздерінің сыни көзқарасын қадір-қасиетін жоғалтпай және ерекше тәуекелсіз түрде, тек әңгімелесу барысында, мәнерлі және қысқа әңгіме арқылы білдіре алды. Алайда, сталиндік режим кезінде мыңдаған адамдар анекдоттар үшін түрмеге қамалып, түзету лагерінде болды [Ильина, 2010 : URL].

Кез келген әзіл қандайда бір жағдайдың ирониялық түсіндірмесіне негізделген, ол өздігінен қорқыныш немесе көз жасын тудыруы мүмкін, бірақ олар әзілде күлкілі болып көрінеді. Мұндай күлкінің табиғаты – сюжетке байланысты жеңіл ирония немесе ащы сарказм болып келеді. Осы жанрдағы көпжылдық жаттығу орыстардың әзілге деген ерекше көзқарасын тудырды, атап айтқанда: «сапалы», шынайы және нәзік әзіл, кем дегенде, сәл қайғылы болуы керек немесе жазушы Николай Гогольдің айтуы бойынша, «көз жасымен күлу» [Ильина, 2010 : URL].

Әзіл-оспақ туралы жоғарыда айтылған түсініктерге сәйкес, әзіл-оспақты келесідей қорытындылауға болады: 1) адамдардың туа біткен ашық және оптимистік қасиеттері; 2) өмірде күлкілі нәрсені байқай және білдіре білу қабілеті. 3) сөйлеу немесе мінез-құлық адамның күлкісін тудырады. 4) адамдарды ойлауға жетелейтін дана, нәзік тұжырымдар.

Осылайша, біз әзіл-оспақты тілдік және мәдени құбылыс, сөйлеу қарым-қатынасының ерекше түрі ретінде анықтаймыз. Әзіл-оспақ адамды күлкіге бөлейді, сонымен бірге адамдарды философияның мағынасын немесе астарын түсінуге шақырады. Орыс әзіл-оспағы – бұл әлемдік мәдени бейненің маңызды бөлігі, осы ұлттық мәдениеттегі жалпы қабылданған норманың қайталануы орыс халқының мәдени идеялары мен өмірге деген көзқарасын көрсетеді. Әзіл-оспақ – бұл жалпы тұжырымдама, оған анекдот, әзіл, тапқырлық жатады. Анекдот әзіл-оспаққа жатады, ол әзіл-оспақтың барлық ерекшеліктеріне ие, әзіл-оспақ нұсқасы және диалогтың қысқа формасы түріндегі ауызша әзіл, күтпеген аяқталумен сипатталады. Анекдот мәтін ретінде екі формада болатындығы анықталды: ауызша (бастапқы және негізгі) және жазбаша (екінші және шартты). Қазіргі орыс әзілі барлық орыс тілінде сөйлейтіндерге белгілі, сондықтан ұсынуды қажет етпейтін тұрақты сөйлеу және мінез-құлық сипаттамалары бар ықтимал кейіпкерлердің салыстырмалы түрде тұрақты жиынтығымен ерекшеленеді.

Орыс әзілі өзінің тілдік ерекшеліктеріне сәйкес баяндау емес, бейнелеу жанрларына жататыны анықталды. Ресейдегі әзіл жанры ең сүйікті және танымал жанрлардың бірі болып саналады.

Сонымен, орыс әзілі – бұл ұлттық орыс мәдениетінің таңғажайып, жарқын құбылысы, прецеденттік мәтін бола алатын, прецеденттік жағдайды және прецеденттік атауды көрсете алатын ауызша сөйлеудің ерекше жанры. Сонымен қатар дәстүрлі мәдениеттен әлі де қолдау табады және жинақталады.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ҚР ҒЖБМ 2023–2025 жылдарға арналған мемлекеттік грантымен қаржыландырылатын ИРН АР19676461 «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» ғылыми жобасы аясында жазылды.

### **Әдебиеттер:**

1. *Ильина О.К. «Шутка в культурах Великобритании и России»: Лингвострановедение: методы анализа, технология обучения. Седьмой межвузовский семинар по лингвострановедению; Сб. статей: В 2-х ч. Ч. 2. Национальные особенности юмора. Отв. ред. Л.Г. Веденина / Московский государственный институт международных отношений (университет). - М.: МГИМО-Университет. 2010 г.- С. 38-50 . [Электронный ресурс] / – Режим доступа [https://mgimo.ru/upload/iblock/491/491137668effd2b6c7e4babb0865d0df.pdf?utm\\_source=google.com&utm\\_medium=organic&utm\\_campaign=google.com&utm\\_referrer=google.com](https://mgimo.ru/upload/iblock/491/491137668effd2b6c7e4babb0865d0df.pdf?utm_source=google.com&utm_medium=organic&utm_campaign=google.com&utm_referrer=google.com); (дата обращения 01.08.2025)*
2. *Краткая литературная энциклопедия: В 9 т. – М.: Сов. Энцикл, 1962-1978. // [Электронный ресурс] / – Режим доступа [www://feb-web.ru/feb/kle/kle-abc](http://feb-web.ru/feb/kle/kle-abc) (дата обращения 10.12.2024)*
3. *Моу Шуанг Шуанг. Лингвокультурологический анализ русского юмора. // Молодой ученый. – 2015. – № 24 (104). – С. 879-882. // [Электронный ресурс] / – Режим доступа <https://moluch.ru/archive/104/24265/>(дата обращения: 04.10.2024)*
4. *Сюзфэн Лэн. Семантические и стилистические особенности русского анекдота как жанра и прецедентного текста // [Электронный ресурс] / – Режим доступа <https://cyberleninka.ru/article/n/semanticheskie-i-stilisticheskie-osobennosti-russkogo-anekdota-kak-zhanra-i-pretседentnogo-teksta> (дата обращения: 04.10.2023)*
5. *Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. / В. Даль. – Репр. воспроизв. изд. 1912-1914. – М.: Цитадель, 1998. Т. 4. – С. 30-31.*
6. *Фернандес Санчес Ю.В. Юмористический дискурс в испанской и баскской лингвокультурах: сопоставительный анализ: дис. канд. филол. наук: 10.02.20. – М: РУДН, 2017. – 173 с. // [Электронный ресурс] / – Режим доступа <https://www.dissercat.com/content/yumoristicheskii-diskurs-v-ispanskoi-i-baskskoi-lingvokulturakh-sopostavitelnyy-analiz> (дата обращения 05.11.2024).*

## **ҚҰМЫҚ КҮЛДІРГІ ӘНГІМЕЛЕРІНЕ ТӘН БЕЛГІЛЕР**

**Р.К. Танатова**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан

Күлдіргі әңгіме – бәріне белгілі ұғым, ол баяндаудың шындыққа жанасымдылығынан гөрі, тапқырлықпен әдейі әзілдеп айту шеберлігі. Оның «ирония шеберханасындағы» басқа әріптестерінен айырмашылығы,

таңғажайып ұтқырлық пен өнімділікті сақтайтын ең тірі фольклорлық жанрға жатуы, сөзбе-сөз айтқанда ол – мәдениет құбылысы.

Ғалым А.А. Кадиеваның «Құмық, орыс және француз анекдоттарына салыстырмалы лингвомәдени талдау» деген кандидаттық диссертациясында жазылғандай, «әзіл белгілі бір лингвомәдени ортаның ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсететін заманауи фольклордың бірнеше өнімді жанрларының бірі болып табылады». Әзіл мәтінінің деңгейінде мінез-құлық нормалары, дәстүрлі дүниетанымдық және әлеуметтік-психологиялық көзқарастар мен этникалық идеялар бекітілген. Анекдоттар – социологиялық, эстетикалық және психологиялық талдаудың тақырыбы бола алатын және әрекет ететін көп қырлы құбылыс [Кадиева А.А. 2013: URL].

Күлдіргі әңгімелерді зерттеу тарихы 1905 жылы Фрейдтің «Тапқырлық және оның бейсаналыққа деген көзқарасы» атты еңбегін жариялаудан бастау алады, бұл күлдіргі әңгімелердің көптеген түсіндірмелерінің бастапқы нүктесі болды. Әзілдердің бастапқы тұжырымдамалары, тәсілдері және әдістемелері әртүрлі болды, дегенмен бұның өзі оларды үйренудің барлық қажетті алғышарттарын жасады. Әзілдерді заманауи зерттеудің жалпы теориялық негізі Аристотельдің «Поэтикасынан» және ежелгі ойшылдардың өзге де жұмыстарынан бастау алатын Ю.Б. Боров, А.Н. Лук, Б. Джемидок және В.З. Санников сияқты зерттеушілердің еңбектерінде ұсынылған философиялық және эстетикалық тұжырымдамалары болды.

Әзілдерді зерттеуде ресейлік ғалым М.М. Бахтиннің «Сөйлеу жанрларының проблемасы» атты жұмысының үлесі зор.

Прозалық фольклордың жетекші жанрларының бірі бола отырып, заманауи әзілдер соңғы онжылдықта зерттеушілердің назарын жиі аударды. Осы бағытта көптеген мақалалар мен монографиялар жазылды (Ефим Курганов «Анекдот жанр ретінде», Елена және Алексей Шмелевтер «Анекдот мәтін ретінде және сөйлеу жанры ретінде», А.М. Аджиев «Құмық анекдоттары ауызша халық шығармашылығының жанры ретінде», Morin Violette «l'histoire drôle», Federica Visani «Etudes de poetique des histoires drôles russes sovietique (anekdoty) des annee 70» және т.б.), антологиялар мен анекдоттар жинақтары құрастырылды (Ю. Керимов Әңгімелер қазынасы. Махачкала, 1968 – 99 с.; Ю. Керимов Инжу-маржанды әңгімелер. - Махачкала, 1974-83с.; Курганов Е., Н. Охотин «XVIII-XIX ғасырдың басындағы орыс әдеби анекдоты» М., «Көркем әдебиет», 1990 ж. және т. б.) [Кадиева А.А. 2013: URL].

Күлдіргі әңгіме мәтінін зерттеуге А.Б. Карасик (2000), В.И. Карасик (2003), Е. Курганов (1997), Э. Ландвай (2001), О. А. Чиркова (1998), Е. Я. Шмелева (2002) және В.Д. Шмелев (2002), Е.Н. Абдразакова (2007), Е.А. Хрущева (2009) еңбектері арналған. Олар өз еңбектерінде әзілдің құрылымын, күлдіргіні жүзеге асырудың негізгі принциптерін анықтайды, оның прагматикалық және коммуникативті функцияларын ажыратады, сонымен қатар күлдіргі әңгімені әлемнің лингвистикалық көрінісімен байланыстырады, оның психолингвистикалық параметрлерін анықтайды. Жалпы, авторлар өз зерттеулерін бір тілдің материалымен де, бірнеше тілдің материалымен де жүргізеді.

Дегенмен, кейбір сұрақтар әлі де шешілмеген және арнайы зерттеуді қажет етеді. Осындай проблемалардың бірі ретінде күлдіргіні жасаудағы тілдік құралдарды және анекдоттың лингвомәдени сипаттамаларын салыстырмалы түрде зерттеуді атауға болады. Осы орайда ғалым А.А. Кадиеваның «Құмық, орыс және француз анекдоттарына салыстырмалы лингвомәдени талдау» атты жұмысының орны ерекше. Аталған жұмыс құмық, орыс және француз күлдіргі әңгімелеріне салыстырмалы талдау жасауға арналған. Зерттеу нысаны – құмық, француз және орыс лингвомәдениеттеріндегі заманауи әзілдер мәтіндері, мақсаты – оларды жасайтын тілдік құралдарды зерттеу және ұлттық шындық тұрғысынан күлдіргі әңгімелерді зерделеу.

Автордың ойынша, әзіл көп қырлы құбылыс, өйткені ол бір мезетте тілдік, фольклорлық және күлкілі жанр болып табылады. Күлдіргі әңгіменің барлық тілдік құралдары күлдіргі әсер жасауға бағытталған, сондықтан күлдіргі әңгімеде қарама-қайшылық, екіұштылық, тосын сый және ауытқу сияқты күлдіргінің негізгі белгілері бар.

Өз еңбегінде автор әзіл мен ертегінің көптеген ұқсастықтары бар, олардың шығу тегі ортақ болуы мүмкін деген көзқарасын айта отырып, бұндай дереккөз ретінде мифті санайды. Дегенмен оның өзіне ғана тән белгілері бар екенін көрсетеді. Ерекшелік әзілдің құрылымын да қамтиды. Біріншіден, ол қысқа болуы керек. Екіншіден, күлдіргі әңгіме мәтіні әрдайым дерлік екіұштылық қағидаты бойынша құрылады: оның кіріспесі (интродукция) және шешілуі (соңы) бар. Басқа ауызша және сөйлеу жанрларының мәтіндерінде ортаңғы бөлік, фабула болуы мүмкін, бірақ күлдіргі әңгімеде оның жанрлық табиғаты мен әдеттегі қысқалығына байланысты ортаңғы бөлік болмайды [Кадиева А.А. 2013: URL].

Басталуы немесе интродукция тыңдаушыны мазмұн жоспарына енгізеді, тақырыпты, интриганы хабарлайды. Күлдіргі әңгімелер стандартты клишелерді қолдануымен сипатталады. Сонымен, құмық күлдіргі әңгімелеріне тән белгілері: оқиғаның орны, уақыты немесе іс-әрекет тәсілінің жағдайлары: *алданғыы заманда* (баяғы заманда). Орыс күлдіргі әңгімелері осы шақтың немесе өткен шақтың формаларымен сипатталады және баяндауыштың препозициясы басым болады: *Приходит муж домой..* Француз сөйлемдеріне - «бастауыш-баяндауыш» сызбасы тән: *Une femme consulte un medecin* (женщина консультируется с врачом) [Кадиева А.А. 2013: URL].

Күлдіргі әңгіменің басталуы жан-жақты болуы мүмкін. Мәселен, мысалы, күлдіргі әңгіменің кіріспесі дәстүрлі тұрмыстық ертегінің заңдарына сәйкес, оқиғаның үш еселенген (кейіпкерлер саны немесе олардың әрекеттері бойынша) өзгеруімен құрылуы мүмкін, бұл мәтіннің финалында күтпеген жерден жойылатын қабылдау автоматизмін тудырады, ол бүкіл мәтіннің ұзақтығына қарамастан әрқашан қысқа, күтпеген, көбіне парадоксальды болуы керек, бұл әдетте анекдотты күлкілі қылады [Кадиева А.А. 2013: URL].

Сонымен қатар автор әзілдерді ұлттық шындық тұрғысынан салыстырады. Әрбір ана тіл тасымалдаушысы бір мезгілде мәдениеттің де тасымалдаушысы болатындықтан, тілдік белгілер мәдениет белгілерінің қызметін атқару қабілетіне ие болады. Сондықтан тіл өз сөйлеушілерінің мәдени және ұлттық менталитетін көрсете алады [Кадиева А.А. 2013: URL].

Құмықтардың қонақжайлығы баршаға аян, олар тіпті жауына да қатысты қонақжайлылықты жоғары бағалайды. «Қонаққа барыңды бер, бәрінен бұрын қабағыңды бер» деген халық мақалы бекерге айтылмаса керек. Келген қонақ қанша уақыт қажет болса, сонша уақыт қонақтай алады, ол құмық күлдіргі әңгімелерінде жиі айтылады: - *Ялмагъа тура деп, гъар гюн чакъны багъана этип, биревню къонагъы гетип битлей болгъан. Алгъасайгъангъа ошайсан. Ямучумну гийип сама бар, - деген ахырдауый есси огъар. «Жаңбыр жауайын деп тұрған сияқты», - деген сылтаумен кетуге асықпаған қонағына: «Сен асығыс сияқтысың, сол себептен менің плащымды алуыңа болады», - деген екен үй иесі [Кадиева А.А. 2013: URL].*

Құмықтарда қонақжайлылық әдетінен басқа, үлкендерді құрметтеу ең маңызды болып табылады, бұл құрмет ата-аналарға да, жалпы үлкендерге де қатысты. Ата-ананың еркі – балалары үшін заң. Балалар қарт ата-аналарына қамқорлық жасауға міндетті. Сонымен қатар, құмықтар көршісіне көмектесуге дайын, білімі, еңбекқорлығы, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, қарапайымдылығы жоғары бағаланады.

Орыс халқына «мүмкін болып қалар үміт», қоғамдық басымдықтардың қазіргі билікке тәуелділігі, билікке сенімсіздік, ұжымшылдық, экспрессивтілік, пессимизм, шыншылдық тән. Келесі күлдіргі әңгімеде орыстардың негізгі құндылықтарының бірі - шыдамдылық баяндалады: *Мас адам қоқыста жатыр. Таңертегілік уақыт. Жұмысқа бара жатқан әйелдер. - Ой, қыздар! Қараңдар, қандай еркекті лақтырып тастаған! Онымен әлі де өмір сүруге болады зой!*

Орыс қоғамында қонақжайлылық жоғары бағаланады, күлдіргі әңгімелерде көбіне оның болмауы орын алады: *Орыс украиндыққа қонаққа келеді, ол оған: - Менің үйім – сенің үйің, мен шай ішуге отырсам, сен де отырып шай іш, мен шошқа майын жесем, сен шай ішесің.*

Француз менталитеті келесі белгілерге негізделген: тәртіпсіздік, жеңілдік, индивидуализм, барлық жаңа нәрселерге деген құштарлық, экспрессивтілік, оптимизм, сыпайылық. Францияда этикетке үлкен мән беріледі. Барлық француздар батыл және кез келген жағдайда, әсіресе нәзік жандыларға қатысты этикет ережелерін жақсы сақтайды:

*«Титаник» айсбергпен соқтығысты. Француз алғашқылардың бірі болып құтқару қайығына асығады. Бұны көрген ағылшын артқа тартып, сөйлейді: - Сіз мұнда әйелдер де бар екенін байқадыңыз ба? Ал француз оған жауап береді: - Сіз осындай сәтте мені олар қызықтырады деп ойлайсыз ба?*

Мәдени құндылықтар қатарынан қоғамда орын алған стереотиптерді де байқауға болады. Құмық этникалық әзілдерінің негізінде келесі стереотиптер жатыр: лактардың кәсіпкерлігі, лезгиндердің күдікшілдігі, дарғындардың үнемшілдігі, аварлардың абайсыздығы, құмықтардың сақтығы:

*Ұшақта құмық, лезгин, дарғын, аварлық және лак ұшып барады. Ұшақ апатқа ұшырайды, ал бары тек төрт-бес парашют. Құмық: Менің отбасым өте үлкен, егер мен өлсем, олар менсіз өмір сүре алмайды, - дейді. Олар оған парашют берді, ол ұшып кетті. Дарғын: менің бизнесім үлкен, ақшам көп, егер мен өлсем – Дағыстан экономикасы зардап шегеді дейді. Олар оған да*

*парашиот берді, ол да ұшып кетті. Аварлық шығады: ал мен ең ақылды адаммын, маған әлі де ғылыми еңбектер, кітаптар жазу керек, сондықтан мен де өле алмаймын, - дейді. Сүйтіп ол да ұшып кетті. Лак пен лезгин қалады. Лак лезгинге: Парашиотті алып, сіз секіріңіз! Лезгин жауап береді: - Бұл жерде бірдеңе дұрыс емес, төрт парашиот болды, үшеуі ұшып кетті, сіз алдап тұрсыз. Лак: уайымдамаңыз, екі парашиот қалды – «ең ақылдысы» рюкзақпен ұшып кетті», - деп жауап береді.*

Аталған жұмыста барлық тіл деңгейлеріндегі күлкілі әсер жасау құралдары қарастырылып, лингвистикалық әзілдерге талдау жасалады. Автор мұндай әзілдер көбіне француз тіліне тән, ал орыс тілінде аз, құмық тілінде сирек кездеседі деп тұжырымдайды. Талдау барысында тілдік ойын анекдоттардың барлық деңгейлерінде – фонетика, морфология, лексика, синтаксис, стилистика, прагматика – қолданылатыны анықталды. Фонетика деңгейіндегі тілдік ойын орыс және француз анекдоттарына тән, мұнда дыбыстық қайталау, шетелдіктер мен сөйлеу кемістігі бар адамдардың сөйлеуіне пародия жасау, просодикалық құбылыстарды ойнау және т.б. сияқты әдістерді қолдануға болады.

Көбінесе орыс әзілдерінде кавказдықтардың сөйлеу ерекшеліктері баяндалады. Әдетте кавказдықтардың палатализацияланған және патализацияланбаған дауыссыз дыбыстарды ажырата алмайтындығы байқалады: *Грузин мектебіндегі сабақ: - Дэти, запомнитэ: в русском языке слова «сол», «фасол» пишэтса с мягким зынаком, а «вилька», «тарелька» - бээ! Эта нэвазможна понять, эта нужна запомнить!*

Прагматика деңгейінде күлкілі әсерге қарым-қатынас постулаттарының бұзылуының арқасында қол жеткізуге болады. Сонымен, анекдоттарда ақпараттық постулат жиі бұзылады: *Биревню уью урлангъан болгъан. Хоншулары шонда жыйылып: «Гъейлер, шу ишни ким этген жен?» - деп, тамашалыкъ этип турагъанда, вир авлия гиши гелип: «Воллагъ, шо адамны мен билемен» - деп ант этген. Уьйню есси огъар: «Кимдир? Кимдир? Айт гъали, айт!» - деп къарышып йиберген. «Ким буса да бирсе», - деп жавап берген авлия. Бір адамның үйіне ұры түсіпті. Көршілер жиналып, мұны кім жасады екен деп ойлайды. Бір ақымақ оларға келіп: «Мұны кім жасағанын мен білемін» дейді. Бәрі жиналып «Кім ол, ал айт», - дейді. Сонда ол ақымақ тұрып «Кім болса да біреу жасады», - деген екен.*

Сондай-ақ, анекдоттарда өзектілік ұстанымының бұзылуы жиі кездеседі. Тақырыптағы күтпеген сәтсіздік мәтіннің тұтастығын бұзады. Мәтін әңгіме тақырыбына қатысы жоқ «сырғанауды», қойылған сұрақтарға жеткіліксіз жауаптарды және т. б. қамтуы мүмкін.:

*- Атабыз неге эретургъан кюйде юхлай? - деп сорагъан атасына яшы. Аранда карават ёкъ екенге, - деген ол. «Неліктен біздің жылқылар түрегеліп ұйықтайды?» - деп сұрапты бала әкесінен. «Біздің ат қорада кереует жоқ», - деп жауап беріпті әкесі.*

Зерттеу нысаны болған үш тілде каламбургеге негізделген анекдоттардың кеңінен таралғанын байқауға болады: *Байны эки къазагъы болгъан. Иише оланы бири гечинген. Оьлегенде ёлдашынг не айтды? - деп сорагъан савуна*

*хожайын. - Мағға яман болуп тура, - деди. - Сен не дедің? - Байланы алдында кимге яхшы болған? – дедім.*

*Байдың екі жалшысы болған екен. Олардың біреуі жұмыста өліп қалыпты. - «Өліп бара жатқанда саған бірдеңе айтты ма – деп сұрапты бай жалшысынан. «Өзімді жайсыз сезініп тұрмын деді», - дейді жалшы. «Ал сен не дедің оған?». «Байға жұмыс жасаған кімге жайлы болар дейсің?» - дедім мен.*

Әзіл және күлдіргі әңгіме туралы жоғарыда айтылған түсініктерге сәйкес, келесідей қорытындылауға болады:

Әзілді белгілі бір лингвомәдени ортаның ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсететін заманауи фольклордың жанрларының бірі деп анықтаймыз. Әзіл көп қырлы құбылыс, өйткені ол бір мезетте тілдік, фольклорлық және күлкілі жанр болып табылады. Күлдіргі әңгімелер әзіл-оспаққа жатады, оның барлық ерекшеліктеріне ие. Күлдіргі әңгімелер стандартты клишелерді қолдануымен сипатталады. Күлдіргі әңгіменің екі түрі бар екені анықталды: жағдайдың күлкілілігі ойналатын референциальды және кез келген тілдік құбылыс ойналатын лингвистикалық. Құмық әзіл-оспағы – әлемдік өркениеттің маңызды бөлігі. Құмық әзілдері өз сөйлеушілерінің мәдени және ұлттық менталитетін көрсете алады. Құмықтар қонақжайлылықты жоғары бағалайды, үлкендерді құрметтеу олар үшін ең маңызды болып табылады. Сонымен қатар, құмықтарда білім, еңбекқорлық, ұжымшылдық, тәртіптілік, қарапайымдылық жоғары бағаланады.

Сонымен, құмық күлдіргі әңгімелеріне ең тән белгілер: оқиғаның орны, уақыты немесе іс-әрекет тәсілі көрініс табуы. Құмық этникалық әзілдерінен мәдени құндылықтар қатарынан қоғамда орын алған стереотиптерді де байқауға болады. Құмық анекдоттары негізінен референциальды болады, орыс анекдоттарының арасында екі түрдегі анекдоттар орын алса, француздарда лингвистикалық анекдоттар басым. Құмық тілінде лингвистикалық әзілдер өте сирек кездеседі. Бұған дейін лингвистикалық тұрғыдан құмық күлдіргі әңгімелері мүлдем зерттелмеген.

Сонымен, құмық күлдіргі әңгімелері – бұл ұлттық құмық мәдениетінің ерекше құбылысы, ауызша сөйлеудің ерекше жанры. Ол прецеденттік мәтін ретінде белгілі бір құрылым мен мазмұнға ие.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ҚР ҒЖБМ 2023–2025 жылдарға арналған мемлекеттік грантымен қаржыландырылатын ИРН АР19676461 «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» ғылыми жобасы аясында жазылды.

### **Әдебиеттер:**

1. Кадиева А. А. Сопоставительный лингвокультурологический анализ кумыкских, русских и французских анекдотов, Автореферат диссертации и соискание ученой степени кандидата филологических наук, 2013// [Электронный ресурс] / – Режим доступа [www.https://www.dissercat.com/content/sopostavitelnyy-lingvokulturologicheskii-analiz-kumykskikh-russkikh-i-frantsuzskikh-anekdotov](http://www.https://www.dissercat.com/content/sopostavitelnyy-lingvokulturologicheskii-analiz-kumykskikh-russkikh-i-frantsuzskikh-anekdotov) (дата обращения 01.08.2025)
2. *Мир анекдотов* // [Электронный ресурс] / – Режим доступа : <https://www.anekdotovmir.ru/> (дата обращения: 09.08.2025).

## ҚАЗАҚ КҮЛДІРГІ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАҢҒЫРУЫ

**А.С. Қуандықова**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты  
Ақтөбе, Қазақстан

Қазақ халқының күлдіргі әңгімелері – ғасырлар бойы халықтың рухани өмірімен бірге жасап келе жатқан ауыз әдебиетінің ерекше жанры. Бүгінгі күнде бұл жанр өзінің дәстүрлі сипатын сақтаумен қатар қоғамның заманауи өзгерістеріне бейімделіп отыр. Жаңа технологиялар, ақпараттық құралдар және жастардың күнделікті қарым-қатынасы күлдіргі әңгімелердің қабылдану формасына да ықпал етті.

Күлдіргі әңгімелердің кең таралуының негізгі себебі – олардың қарапайым әрі ықшам құрылымында. Қысқа оқиғадан немесе диалогтан құралған әңгіме әркімге жеңіл есте қалады. Тыңдаушы оны әрі қарай басқаларға жеткізіп, ауыздан ауызға таратып отырған. Сөйтіп, күлдіргі әңгімелер халық арасында тез тарап, ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Осы күлкі арқылы халық өзіне тән дүниетанымды жеткізіп қана қоймай, ұрпақты ойлануға, мінез-құлқын түзетуге шақырған. Алайда күлдіргі әңгімелер әр халықтың дүниетанымы мен мәдениетіне негізделгендіктен, оны толық түсіну үшін ұлттық ерекшеліктерді білу аса маңызды. Осы тұста келесі сөздер де біздің сөзімізді дәлелдей түседі: «Ұлттың ерекшелігін, таным-түсінігін білмей, басқаларға олардың қалжынын түсіну өте қиын. Әр халықтың әзілін түсіну үшін сол халықтың өмір сүру салтымен, ерекшелігімен таныс болуыңыз керек. Қазақтың мәдениетін, дәстүрлері мен менталитетін түсінбейтіндер қазақы қалжыңдарды да түсінбейтіні ақиқат. Сондықтан әр ұлтқа тән күлкінің түрлері лингвомәдени, прагматикалық, семантикалық, танымдық және тағы да басқа аспектілері тұрғысынан кешенді түрде зерттелуі тиіс. Күлкі мәдениеті де зерттеуді қажет етеді. [2, 197]

Қазақ халқының күлдіргі әңгімелері – халықтың дүниетанымын, тұрмыс-салтын, өмірлік ұстанымын айқын көрсететін шағын жанр. Олардың ұлттық сипаты ең алдымен халықтың күнделікті өмірімен тығыз байланысында көрінеді. Күлдіргі әңгімелерде мал шаруашылығы, қонақжайлық дәстүрі, ауылдағы тұрмыс пен адамдар арасындағы қатынас бейнеленіп, қазақы болмысқа тән ерекшеліктер айқындалады. Мысалы, мал бағу барысында туындайтын қызықты оқиғалар немесе қонақ күту кезінде айтылатын қалжың сөздер күлдіргі әңгімелерге арқау болған. Бұл – күлкінің тек көңіл көтеру емес, ұлттық мәдениетті сақтаудың да бір тәсілі екенін көрсетеді. Жазушы Зейін Шашкиннің үйінде Сәбит Мұқанов, тағы бірқатар ақын, жазушылар қонақ болып отырады. Алдарына табақ-табақ ет келеді. Дәстүр бойынша бәрінен үлкен Сәбең ет асатуға ыңғайланады. Уысына қазы-қартаны толтырып алып, жанына отырған Жұбан Молдағалиевқа ұсына бергенде, Жұбан:

- Ойбай, Сәбе, менің гастритім бар, - деп ат-тонын ала қашады. Сонда, сол жағында отырған Сырбай Мәуленов:
- Сәбе, маған әкеліңіз, Жұбанның гастриті болса, менің қасқыр итім бар, - деген екен. [1, 23-24 бб.]

Келтірілген мысалда қазақ қоғамында табақ тарту, ет асату – үлкенге, қонаққа деген құрметтің ерекше белгісі екені анық. Мұнда Сәбит Мұқановтың жасы үлкен болғандықтан, етті үлестіруі дәстүрлі әдебін көрсетеді. Сырбай Мәуленовтың «Жұбанның гастриті болса, менің қасқыр итім бар» деп жауап беруі – күлкілі әрі тапқыр қалжың. Қасқыр ит – өте обыр, ашқарак, көп ет жейтін жануар. Осыны меңзеген С.Мәуленов әзілді шебер жалғастырады.

Күлдіргі әңгімелердің ұлттық сипаты олардың кейіпкерлер типінен де байқалады. Қазақ аңыз-әңгімелерінде кездесетін кейіпкерлер әрқашан белгілі бір мінез-құлық үлгісін білдіреді. Мәселен, аңғал адам – халықтың қарапайымдылығын, қулығы басым кейіпкер – тапқырлық пен әділетсіздікке қарсы айлакерлікті, сараң бай – қоғамдағы жағымсыз мінезді бейнелейді. Ал ақылды, әділ кейіпкерлер халық арман еткен қасиеттерді танытады. Осы типтер арқылы күлдіргі әңгімелер адам мінезін сынға алып, халықтың моральдық ұстанымын айқындайды. «Күлдіргі әңгімелерде кездесетін Қожанасыр мен Алдаркөсе қазақ ауыз әдебиетінде ғана емес, бүкіл Шығыс және түрік халықтарының фольклорына ортақ кейіпкерлер дәрежесіне көтерілген. Қазақ фольклорында Алдаркөсе, Қожанасыр, өзбек ауыз әдебиетіндегі Афанди, Хожа Насриддин, түркімен фольклорында Кеминэ мен Мирали, ал ұйғыр ауыз әдебиетіндегі Салаяй Чаққан мен молла Зайдин, түрікте Бекташ, қырғызда Шәршен, қарақалпақта Өмірбек сияқты күлдіргі кейіпкерлер бірін-бірі толықтырып отыратын образдар» [3, 200], - деген пікірді негізге ала отыра, образдар халық қиялынан туып қана қоймай, күлкі арқылы өмір шындығын бейнелейтін, әр дәуірде өзекті болып келген әмбебап тұлғаларға айналды деуімізге болады.

Сонымен қатар, күлдіргі әңгімелердің ұлттық ерекшелігі – тілдік қолданысында. Қазақ халқы сөз өнерін ерекше қастерлегендіктен, күлдіргі әңгімелерде әзіл-қалжың қарапайым, бірақ әсерлі тілмен беріледі. Әдетте диалог арқылы өрбитін бұл жанрда қысқа сөйлемдер мен шымшыма сөздер қолданылады. Тыңдаушыны күлдіретін күш те осында – қарапайым сөздерден құрылған тосын шешім тыңдаушыны бірден еліктіріп әкетеді. Мысалы, әлеуметтік желіден алынған мына күлдіргі әңгімеде де осы ерекшелік байқалады: Бір ауылда бір шал бәрін мазақтап, бәрімен қалжыңдасады екен. Бір күні сол шалдың Ақтөс деген иті өліп қалады. Ауылдағы жігіттер жиналып:

- Біз де барып қалжындайық. Иті өлгеніне көңіл айтып барайық, - дейді. Жігіттер жиналып барса, шал есік алдында отыр екен.

- Ата, итіңіздің арты жақсы болсын! - деп жігіттер шалды құшақтап көңіл айтыпты.

Сонда шал:

- Әй, кемпір, шай қой, Ақтөстің достары келді! – депті [4]. Бұл жағдай қысқа да нұсқа қалжың арқылы күлкі туғызып қана қоймай, қазақы сөз саптаудың тапқырлығын дәлелдейді.

Жанрдың тағы бір маңызды ерекшелігі – оқиғадағы шиеленіс пен күтпеген шешім. Әдетте күлдіргі әңгімеде қарапайым көрінетін жағдай бір сәтте тосын бұрылыспен аяқталады. Тыңдаушы оқиғаның қалай аяқталатынын болжағанымен, шешім көбіне күтпеген жерден шығып күлкі тудырады. Мәселен, аңғал адамның әжуалы жауап беруі немесе қулықпен біреуді алдап кетуі оқиғаның аяқталуына ерекше рең береді. Бұл ерекшелік күлдіргі әңгімені қызықты әрі әсерлі етеді.

Күлкі тудыратын басты құралдардың бірі – тілдік тәсілдер. Күлдіргі әңгімелерде қарапайым, тұрмыстық сөздер кеңінен қолданылады. Әдетте кейіпкерлердің диалогтары қысқа әрі нық айтылады, ал кейде сөздің екіұшты мағынасы немесе тапқыр қалжың негізгі күлкі көзіне айналады. Бір сөздің тура және ауыспалы мағынасын қатар қолдану немесе сөзді әдейі бұрмалау арқылы тыңдаушыны күлдіру тәсілдері жиі кездеседі. Сонымен қатар, қайталама, әсірелеу, ирония, әжуалау сияқты көркемдік әдістер де кеңінен қолданылады. Дәл осы ерекшелік заман ағымына бейімделіп, бүгінгі жастар ортасында да кең таралуына негіз болып отыр.

Әсіресе, студенттер мен жастар бас қосқанда қысқа анекдоттар айту, бір-бірін қалжың әңгімелермен әжуалау жиі кездеседі. Бұл тұрғыда күлдіргі әңгіме жастардың көңіл көтеру құралы ғана емес, олардың қарым-қатынас мәдениетінің бір бөлігіне айналғанын көреміз. Күлдіргі әңгімелердің ықшамдылығы, тез есте қалатындығы, күлкі арқылы ой салатындығы оны жастар ортасында танымал етіп отыр. Екіншіден, қазіргі кезеңде күлдіргі әңгімелердің әлеуметтік желілер арқылы кең таралатыны анық. Әлеуметтік желілерде қысқа мәтіндер, мемдер мен әзілдер түрінде таралатын қалжындар – дәстүрлі күлдіргі әңгімелердің жаңа формасы деуге болады. Мәселен, бұрын ауыздан ауызға жеткен күлдіргі әңгімелер қазір бір сәтте мыңдаған адамға тарап, қоғамдық резонанс тудыруы мүмкін. Жиі талқыға түсетін ене мен келін тақырыбын алсақ болады. «Шал мен кемпірдің жаңа түскен келіні есік алдын сыпырмайды екен. Шал мен кемпір өзара келісіп екеуміз таласайық сен «мен сыпырамын» де, мен «жоқ мен сыпырамын» дейін, мүмкін, келін ұялғаннан «мен сыпырамын» дейтін шығар, - депті. Сөйтіп шал мен кемпір сыпырғыны алып таласа бастапты. Мұны көрген келіні келіп: «не болды, неге таласып жатырсыздар? Бір күн сіз сыпырыңыз, бір күн енем сыпырсын», - деген екен [4]. Әлеуметтік желілердегі күлкілі әңгімелер халықтың қазіргі әлеуметтік жағдайын, тұрмысын, жастардың тілдік ерекшелігін бейнелейді. Бұл да – күлдіргі әңгімелердің қоғаммен бірге өзгеріп, жаңа арнада дамып келе жатқанын дәлелдейді. Үшіншіден, классикалық күлдіргі әңгімелер мен жаңа қалжың әңгімелердің арақатынасы ерекше назар аударарлық. Қазақ ауыз әдебиетінде Қожанасыр, Алдар көсе, Тазша бала сияқты кейіпкерлерге қатысты күлдіргі әңгімелер ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келеді. Бүгінгі таңда да бұл кейіпкерлердің атына байланысты күлдіргі оқиғалар айтылады. Қожанасыр бір танысының үйіне қонаққа барады. Үйдің иесі тұрып қалған нан мен бір табақ бал алып келеді. Қожанасыр қатқан нанға тісі өтпегеннен кейін балды қасықпен алып жей бастайды. Оны көрген сараң үй иесінің көзі шыға жаздап:

- Ойбай, абайлаңыз! Бал нансыз желінетін болса адамның ішін күйдіріп жібереді,-дейді. Қожанасыр балды жеп бітірген соң:

- Кімнің іші күйіп жатқанын бір құдай біледі, - деген екен [4].

Қожанасыр секілді кейіпкерлер бұрынғы дәуірде пайда болғанымен, олардың бейнесі әлі күнге дейін халық жадында сақталып, жаңаша мазмұнмен айтылып келеді. Яғни, классикалық кейіпкерлердің аты өзгермей қолданылғанымен, оқиғалар заманауи тұрмысқа бейімделіп, әр кезеңнің өз ерекшелігіне сай жаңа қалжыңға айналып отырады. Дегенмен қазіргі жастар көбіне заманауи кейіпкерлерге, күнделікті өмірдегі оқиғаларға байланысты жаңа «қалжың әңгімелерді» көбірек пайдаланады. Мысалы, әлеуметтік желілерде белгілі бір мамандық иелеріне, студенттік өмірге, тұрмыстық жағдайларға байланысты қысқа күлдіргі әңгімелер кең таралған. Бұл құбылыс күлдіргі әңгімелердің тұрақты негізі бар екенін, бірақ оның мазмұны уақыт талабына сай өзгеріп отыратынын көрсетеді.

Заманауи күлдіргі әңгімелердің тағы бір ерекшелігі – интернационалдық сипат алуы. Бұрын тек қазақ қоғамына тән жағдайлар баяндалса, қазір әлемдік деңгейде таралған әзілдер мен күлдіргі әңгімелер қазақ ортасына бейімделіп айтылады. Бұл да халықтық жанрдың икемділігін, өміршеңдігін дәлелдейді. Мәселен, дәстүрлі «Қыз Жібек» жырына қатысты оқиғаның қазіргі технологиямен астастырылып берілуі соның айқын дәлелі. Мектеп шығармасынан: «Төлеген Жібекке сезім білдіру хатын жазған екен. Алайда Жібек хатты бірден спамға жіберіпті» [5]. Осылайша, ұлттық фольклор кейіпкерлері мен мотивтері жаңа заманның тілімен қайта жаңғырып, күлдіргі әңгімелердің мазмұнын байыта түсуде.

Қорыта айтқанда, күлдіргі әңгімелер бүгінгі заманда өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, олар жаңа формада өмір сүріп, жастардың мәдениетінде, әлеуметтік желілерде, тұрмыстық қарым-қатынаста кеңінен қолданыс табуда. Классикалық күлдіргі әңгімелер халық даналығын сақтап жеткізсе, заманауи қалжыңдар қоғамның бүгінгі ахуалын бейнелейді. Осы екі арнаның тоғысуы күлдіргі әңгімелердің дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстанатын өміршең жанр екенін көрсетеді. Күлкі – қазақ халқының ұлттық болмысын танытатын, тұрмысын бейнелейтін әрі әлеуметтік құбылыстарға баға берудің өзіндік тәсілі болып қала бермек. Сондықтан күлдіргі әңгімелерді сақтау мен дамыту – ұлттық мәдени мұраны жалғастырудың және оны келер ұрпаққа жеткізудің маңызды тетігі саналады.

#### **Әдебиеттер:**

1. ...деген екен! / құрастырған: Жұмағалиев М.- Алматы «Асыл кітап» баспасы, 2015. - 296 б.
2. Кок А., Кадырова Б.М., Копаева А.К. Қазақы қалжыңдардың ұлттық-тілдік табиғаты // Торайғыров университетінің Хабаршысы. №1. 2023.
3. Танауова Ж.Т., Сандыбаева А.Д., Шайхыстамова М.Б. Халық прозасы – күлдіргі әңгімелердің зерттелуі жайынан // Серия общественных и гуманитарных наук. №1. 2016.
4. <https://bilim-all.kz/quote/joke?page=3>
5. <https://www.zharar.com/kz/aneidot/4765-ustaz.html>

*Ғылыми жетекші* – ф.ғ.д., профессор Исакова С.С.

## THE PECULIARITIES IN RENDERING ENGLISH HUMOUR IN ENGLISH WORKS OF ART

**A.M. Kuzyassova**

K. Zhubanov Aktobe Regional University  
Aktobe, Kazakhstan

English humour is characterized by irony, sarcasm, understatement, puns, absurdity, satire, and banter. A typical British understatement would be describing a hurricane as "*It's a bit windy.*" This reflects a cultural preference for subtlety over exaggeration.

Self-irony is another central feature. British humour often mocks the self, institutions, or traditions, especially in political satire and comedy shows. Absurd or surreal humour, exemplified by Lewis Carroll, Edward Lear, and Monty Python, deliberately undermines logic to create comic effects.

One of the difficulties in defining humour lies in the fact that the terminology describing it is not explicit. Some scholars, such as Schmidt-Hidding, have attempted to clarify the issue by suggesting semantic maps of humour but various others could also be formulated.

Humour is a phenomenon that is common to all people on the one hand and deeply national on the other. Every nation has its own unique sense of humour, which can be regarded as a national trait, serving to differentiate one people from another. Common laws and tendencies of the humorous picture of the world are expressed in it, but this common thing is influenced by social, cultural, physiological, and other features of each nation.

Humour is a very important part of the English national character and an extremely essential element of the national identity. The British are proud of their sense of humour and not without reason, consider it their national treasure. They treat it very tenderly and it's painful for them when foreigners express their doubt about the English sense of humour. You may question any other British trait traditionally attributed to their nature, such as courtesy, ingenuity, and tolerance, but nothing will hurt their national pride more than a statement about their lack of humour.

Rendering humour across languages is one of the most problematic areas in translation studies. Humour does not primarily convey factual information but emotional, cultural, and pragmatic effects. This makes it highly context-dependent, and several key issues arise.

Applied to humour, this means that translators, teachers and researchers of texts where humour is an ingredient, especially if it is an important one, would benefit from a "map of humour", i.e. a series of classifications, definitions, and examples of instances of humour and humour-types, as well as models and insights like the ones laid out in the General Theory of Verbal Humour [1; 174]. Humour scholars should presumably do the bulk of the cartographic work and then be picked up by translation researchers and translators, who ultimately must make their own decisions on whose

map to use or whether they might have to draw up their own, hopefully based on a sound model.

English humour thrives on homonyms, homophones, and polysemy. Puns like “*Seven days without laughter makes one weak*” rely on wordplay (*week/weak*), which cannot be reproduced literally in many languages [4]. Translators may substitute a different pun, compensate elsewhere, or add explanatory notes, though the latter often ruins the humour.

Idioms are another source of humour, but literal translation usually leads to confusion. For example, “*to kick the bucket*” (to die) may sound absurd in another language if translated directly. Equivalents or paraphrases are necessary to preserve comic effect [6].

British humour often relies on understatement, irony, and sarcasm, as in calling a disaster “*not too bad.*” Without cultural familiarity, this may be misunderstood as poor judgment rather than wit. Irony and sarcasm also rely on shared assumptions and intonation, which are difficult to convey in translation [8].

Many jokes depend on references to British institutions, celebrities, or history. A sitcom line about “*having tea with the Queen*” may sound humorous to a British audience but puzzling abroad. Strategies include cultural substitution or explanatory notes [3].

В грамматологии собственно письменный период начинается с идеографического письма, так как в данном случае речь идет об оформлении текстовой информации на чем-либо при помощи знаков. Идеография (греч. *idea* – мысль, и *graphein* – писать) – система письма, в которой вместо букв, соответствующих звукам, используются знаки (символы), выражающие предметы и понятия. Основными средствами идеографии служат не наглядные изображения, а условные знаки, иногда лишь косвенно, символически указывающие на их значение. Иероглифы обозначают предметы и действия, поэтому для пишущих неважно, как звучат названия этих предметов и действий. С помощью иероглифов могут общаться люди, говорящие на разных языках. Следовательно, иероглифическое письмо позволяло людям разных этносов в рамках одной империи не терять свой язык и в то же время свободно общаться друг с другом. Некоторые авторы называют иероглифы монументальным письмом, потому что им пользовались для надписей на стенах храмов и общественных зданий, на памятниках и статуях богов. К идеографическим письменностям также можно отнести символные языки, в частности, принятые в разных странах языки глухонемых.

В качестве идеографического письма можно рассматривать символы-орнаменты, несущие определенную информацию, более того, орнамент считается одним из источников древнейших условных знаков, в том числе и знаков первоначального письма [2: 88]. Орнамент, в первую очередь как разновидность украшения, широко использовался башкирами. Так, интересная информация представлена в книге С. Нуриджановой (Хордикайнен) «Читайте полотенца!». Автор призывает учиться «читать» полотенца. *«Как всякий язык, тем более художественный язык узорного тканья башкирских, татарских полотенец – тастамалов, он требует знаний: понимания расположения составляющих его частей, наименования их, то есть, прежде всего, обращает на себя внимание композиция узора, соотношение величин различных геометрических фигур»* [4: 6]. С. Нуриджанова убеждена, что каждый орнамент представляет собой сообщение, информацию, и, чтобы правильно «прочитать» его, необходимо знать этот язык. *«Я вчитывалась в описание техники, материалов, узора, колорита и сверяла с собственными впечатлениями от своих полотенец. Я училась их «читать»... А потом я «прочитывала» их ученикам, слушателям, и всегда такое «прочтение» завершалось невероятным изумлением, открытием красоты, ведущим к постижению духа национальной культуры»* [4: 10]. При описании полотенца автор башкирские и татарские изделия называет «тастамалами», признавая за

ними особую культурологическую, знаковую роль в укладе, в обрядовых традициях народной жизни. Здесь же мы находим и элементы предметного письма: невеста, переступая порог дома жениха, должна была повесить свое полотенце в новом доме; полотенце последней вышедшей замуж перед Сабантуем молодой невесты развевается в праздник на высоком шесте и достается победителю, добравшемуся до него по шесту; лучшее полотенце приносили мулле в мечеть с надеждой на силу его молитв; в память об усопшей дарили на кладбище ее полотенца близким и друзьям [4: 21].



Несколько примеров «прочтения» тастамалов С. Нуриджановой: «... в центре – двойной разомкнутый ромб (блестящие белые нитки, точно шелк) и странные «цитаты» из разомкнутых ромбов, зигзагов, какая-то одна его сторона, на конце которой геометрическая композиция больше всего похожа на стилизованный цветок. В зеркальных полосах геометрические фигуры вызывают в памяти изображения бабочек. Великолепное торжественное песнопение о силе народного духа, о силе традиций» [4: 26].



«...Поразительной силы, масштаба композиция из тонких двойных шестигранников (усеченных сверху и снизу ромбов). Особенно выразительно срединное поле: два окна! Распахнуто, уверенно смотрящие в мир. Широкие, цвета льна, полосы держат всю композицию» [4: 37]; «...ритм центральной полосы понятен: веселые маленькие розовые ромбы со сказочными гребнями-отростками или это такие X-фигуры с пузиками? И три аккуратных уже настоящих ромба с серединкой, тканной металлической нитью. «Прочитать» следующие две полосы, зеркальные, не могу: такой необычный, вызывающий ассоциации чуть ли не с модерном, геометрический узор» [4: 52].

По мнению А.В. Колбина, орнамент является символично-графическим языком народа. В рамках исследования экспериментальной программы по декоративной деятельности детей, на основе материала об орнаментальной символике башкирских тамг и рунических знаков им было предложено задание на развитие интеллектуально-творческого потенциала «Расскажи о себе символично-графическим языком». В своей статье А.В. Колбина в качестве примера приводит творческую работу З.Ф. Шарафеевой в виде ковра, на котором символы рассказывают, что «она из

кубалакского рода, который проживал на берегу реки, где ее предки занимались рыболовством, земледелием и скотоводством, всегда имели свой кров и пастбище; род ее очень трудолюбивый, гостеприимный, добрый и суеверный; у нее четверо детей-помощников, у старшей дочери есть двое своих детишек (сын и дочь), а трое сыновей – любители рыбной ловли и отличные земледельцы» [3: 153 – 154]. По мнению А.В. Колбиной, читая орнаменты, выполненные на ковровых изделиях, мы получаем верные сведения об исполнителе, в том числе, сведения о родословной. Следовательно, орнаменты могут быть изучены в системе идеографического письма.

Таким образом, башкирские орнаменты как часть лингвокультурологии рассматриваются в контексте культуры и языка народа. Орнаменты представлены не только как художественные элементы, но и как носители информации о мировоззрении, ценностях и традициях башкирского народа.

Рассматривая башкирские орнаменты в системе идеографического письма можно увидеть в них не только декоративный элемент, но и способ передачи информации, который может быть актуален для изучения культурного кода народа. В этом выражается многофункциональность башкирских орнаментов, их значимость в культурной и языковой традициях, а также возможность использования для передачи информации и идей в идеографической форме.

#### **Литература:**

1. Давлетшина З.М. Об обрядах башкир, связанных с рождением ребенка, и о знаковой функции орнаментированных изделий в этих обрядах (XIX – XX вв.) // Вестник Орловского государственного университета. Серия: Новые гуманитарные исследования. – 2012. – № 1 (21). – С. 33 – 37.
2. Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. – М.: Наука, 1965. – 600 с.
3. Колбина А.В. Башкирский орнамент – путь к твоей родословной // Россия и Башкортостан: История отношений, состояние и перспективы: Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 450-летию добровольного вхождения Башкирии в состав России. – Уфа: Гилем, 2007. – С. 153 – 154.
4. Нуриджанова С.А. Читайте полотенца! – Уфа: Китап, 2011. – 156 с.: ил.
5. Орнаменты рукописных и старопечатных книг Башкортостана / Сост. Г.Б. Хусаинов, И.Г. Галяутдинов. – Уфа: Китап, 2001. – 160 с.: ил.
6. Хусаинова Л.М. Башкирское письмо. – Стерлитамак, 2012. – 160 с.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ- ЭТНОМӘДЕНИ ТҰРҒЫДАН ҚАРАСТЫРЫЛУЫ**

**Г.Д. Куспанова**

№79 жалпы білім беретін орта мектебі  
Ақтөбе, Қазақстан

Қазақ тіл білімінде социолінгвистика ғылымы тілді зерттеудің бір саласы ретінде кейінгі кезде қалыптасқаны белгілі, бірақ бұл бағыттың қазақ тілінде

негізі бар екеніне Ахмет Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың еңбектерінде назар аударылды. Бүгінгі таңда социолінгвистика – (қазақша – әлеуметтік лингвистика) – тіл білімі, әлеуметтану (социология), әлеуметтік психология және этнография ғылымдарының қиылысқан жерінде дамитын, тілдің әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық қызметін, әлеуметтік фактордың тілге әсер ету тетігін және қоғам өміріндегі тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі коммуникативтік қызметін зерттейтін тіл ғылымының бір саласы ретінде қалыптасты. Осы тұрғыдан А.Байтұрсынұлының осыдан 85 жыл бұрын тілге берген анықтамасы социолінгвистикалық сипатты деп бағалауға болады: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - деді [1,141].

Себебі қоғамдағы тілдің мәні мен қызметін күнделікті өмірден өзінің ерекше тілдік тұлғалық зердесімен байқаған, сезе білген Ахмет Байтұрсынұлының тілдің әлеуметтік қызметін айрықша қабылдауы, түйсінуі – заңды құбылыс. Ал, социолінгвистика болса, тіл мен қоғамның өзара байланысын динамикада, қызмет барысында зерттейді.

Сондықтан да әлемдік социолінгвистика ғылымы тілдің даму сипатын үш бағытта анықтаса, тілдің таңбалануы (графизация), тілдің жаңаруы (модернизация) және тілдің қалыпқа түсуі, нормалануы (стандартизация) Ахмет Байтұрсынұлы тіл дамытарлық осы үш бағытта бірдей қалам тартты.

Осымен байланысты кез келген тілдің лексикалық қорының мәнді бір қабатын жалқы есімдер құрайды. Оларсыз адамзат қоғамының қарым-қатынас қызметі іске аса алмайды.

Қазақ ономастикасының зерттелу тарихына аналитикалық шолу жасаған еңбекте бұл саладағы зерттеулер 4 кезеңге бөлінген. Соның ішінде жалқы есімдерге қатыстылары мыналар:

**1 кезең:** 1950-1970 ж.ж. ( Т.Жанұзақов «Лично-собственные имена в казахском языке» 1961ж; «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» 1965ж; «Қазақ есімдерінің тарихы» 1971ж. )

**2 кезең:** 1970-1990 ж.ж. ( Т.Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» 1982; Е.Керімбаев «Атаулар сыры» 1986; «Қазақ есімдері» 1988; В.Махпиров «Собственные имена в памятнике X в. «Дивану лугат ат-турк Махмуда Кашгарского»» 1980 ж. канд. дисс. )

**3 кезең:** 1990-2000 ж.ж. ( В.Махпиров «Имена далеких предков» 1997; М.Мұсабаева «Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолінгвистикалық сипаты» 1995ж канд. дисс.; У.Мусабекова «Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков» 1996 канд. дисс. Е.Керімбаев «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» 1992ж. док. дисс; К.Головина «Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков»; К.Жаппар «Эстетические функции имен собственных в поэзии О.Сулейменова» 2000 ж).

**4 кезең:** ХХІ ғасырдың басы, жаңа кезең (Б.Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» 2001 ж; Б.Досжанов «Қазақ тіліндегі көне антропонимдер» 2003ж; Д.Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолінгвистикалық сипаты» 2004ж; Г.Аубакирова «Идиоэтническая семантика и лингвостилистическая функции собственных

имен в художественном тексте» 2004; А.Бахамова «Уйгурские прозвища и их этнолингвистическая характеристика» 2004; ).

Сонымен бірге ономастикалық лингвокультуремалардың ұлттық мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі болып табылады. Олар халықтың бітім болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді. Айтылған мәселе Т.Жанұзақов, Қ.Рысбергенова т.б. ономаст-ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелген.

**Бірінші дәуір** – көне түркі заманын, яғни V – VIII ғасырлардағы антропонимдерді қамтиды. Бұл дәуірде үй хайуандары мен жабайы аңдардың, табиғат атаулары мен өсімдіктердің және қымбат металдардың атаулары кісі аты ретінде қойылып отырған. Мысалы: *Айкүн, Айжарық, Айтолық, Айтолды, Күнай, Күнсұлу, Күнтуар, Бөрі, Барысбек, Арыстан, Бұқа, Түлкібай, Қоянбай, Алтын, Күміс, Қаршыға, Сұңқар* т.б. Ол кезде ай мен күнге табыну, табиғатты, аңды, құстарды ерекше күш санау, кейбір хайуандарды ( мәселен, бөрі, ит, бұқа) шыққан тегіміз , біздің ата-бабамыз деп, тотем ету жайлары басым болғаны мәлім.

V – VIII ғасырларға тән жазба ескерткіштерде кездесетін күрделі тұлғалы кісі аттары және кісі аттарын жасауға арқау болған компоненттер қазіргі түркі тілдерінде түгелдей сақталмаған. Өйткені оларды тудырған, тиісті дәрежеде қолданған қоғамдық қатынас, дәуір түбірімен өзгерді. Дегенмен, ол антрополоксемалардың кейбіреулері біздің заманымызға жетіп отыр. Сол замандағы кісі аттарының жасалу үлгісі, принципі мен лексикалық номинациясы тіпті кейбір компоненттері қазіргі антропонимдер системасында сақталып қалған. V – VI ғасырлардағы түрік мемлекеті туралы жазылған Л.Н.Гумилевтің «Древние тюрки» атты еңбегінде берілген есімдер, титулдар мен лақап аттар ішінде қазіргі антропонимдерге ұқсастары өте көп.

Ескерткіштегі ономастиканың саны мен құрамы әртүрлі. Бұлардың ішінде, әсіресе, антропонимия материалдары көбірек көңіл бөледі. Олардың құрамы, жасалу тәсілі, құрылымдық типі, қоғамдық-элеуметтік функциясы топоним мен этнонимдерден әлдеқайда кең. Құрылымдық типіне сай ол ономастиканы былайша бөлуге болады: 1) дара тұлғалы, 2) туынды тұлғалы, 3) екі құрамды, 4) көп құрамды немесе күрделі тұлғалы.

1) Дара тұлғалы есімдер: а) антропонимдер: Анар, Эсин, Умач, Йола, Буга, Чур, Тонг, Барс, Баз, Куч; в) топонимдер: Кам (Енисей өзені), Артис, Салаңа (Селенги), Тама; в) этнонимдер: Аз, Огуз, Тюрк, Чік т.б.

2) Туынды есімдер: а) антропонимдер: Шувуш, Макрач, Туран, Кутлуг, Уграч, Толаш, Туграк; б) топонимдер: Тогла, Отука, Қогман, Болчу, Орпан т.б. в) этнонимдер: Карлук, Тардуш, Тангут, Толас, Басмыл, Согды, Табач т.б.

3) Күрделі тұлғалы есімдер: а) антропонимдер: Ал Туган Тутук, Яш Ак Баш, Чочук Борі Саңун, Учін Куліг Тіріг, Уруңу Куліг Ток Боди(т), Ынанчы Кулуг Чігші баг, Туз бай Куч барс Кулуг т.б. Топоним мен этнонимдердің жасалуында күрделі тұлғалы тип байқалмайды. Жоғарыда көрсетілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, екі құрамды және күрделі тұлғалы есімдердің компоненттері: *Улуг, тутук, алп, тіріг, кулуг, куч, ынамчы, каган,*

*бағ, билге, бори, барс* т.б. Бұл сөздердің бәрі көне түріктер қоғамында әлеуметтік-саяси терминдер ретінде қолданылып, сол кездегі адамдардың қоғамдағы орнын, титул, атақ-дәрежесін көрсеткен. Ал күрделі есімдермен қатар тұрғанда ол адамның ерлік, батырлық қасиетін т.б. ерекшелігін білдіретін эпитет ретінде де жұмсалған.

Қазіргі түркі халықтары тіліндегі кісі аттарының құрылысы, жасалу тәсілдері көне түркі есімдерінің типіне сәйкес. Олардың форма сәйкестігі, лексикалық номинациясы т.б. есім жасаудағы көне дәстүрлердің біздің заманымызға шейін жетіп, сақталып отырғанын көрсетеді.

Енисей дәуіріндегі кісі аттарының қазіргі түркі тілдерінің көбінде сақталып отырғаны мұның толық айғағы бола алады. Оны мына мысалдардан анық көреміз. Тува тілінде Ақпаш, шор тілінде Ақпаш, қазақ тілінде Ақбай, Ақпас; тувада Буга, қазақта Бұқа, тувада Мөңге, қазақта Мөңке, тувада Тарган, қазақта Дархан, Тархан, шор тілінде Чарык, қазақ тілінде Жарык т.б.

Бұл күнде тілімізде сирек болса да кездесіп, қолданылып жүрген антропоним *Бүке, Бөке, Бөкебай* көне түркі тілінде көбіне кісі аты емес, лақап ат ретінде «батыр, ер» мағанасында қолданылған. Мұны қарапайым адамдар емес, хандар иемденген. Мәселен, түріктер ханы Қара Журун Турк алып денелі, зор тұлғалы болғаны үшін *Бокэ* атанған. Атақты Билге ханның лақап аты да *Богю* «батыр» болған. Бұл сөз осы күнгі алтай, өзбек, ұйғыр, осман түркі тілдерінде жалпы есім сөз ретінде *викә, пөкө, бөкэ* – «батыр», «ер», «палуан» мағыналарында айтылады. Минусинск музейі ескерткішіндегі Шогур, Ярук Тегин, Алп Турган, Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Қапаған антропонимдеріне қазіргі қазақ тіліндегі Шоқыр, Жарык, Әли, Анар есімдері сай келеді.

V – VIII ғ. тән ескерткіштердегі көптеген сөз тудырушы аффикстер қазіргі жалқы есімдердің нормативті аффикстерімен сәйкес. Есімше тұлғаның *-ған, -ген* қосымшалары көне ескерткіштегі кісі аттарын жасауда белсенді роль атқарған. Мысалы: *Туган, Ал Туган, Капаған, Куч Кияған* т.б. Бұл қосымшалар бұл күнгі жалқы есімдерді жасауға да кеңінен жұмсалады. Мысалы: *Қатаған, Қашаған, Ауғанбай, Туганбай, Сұраған* т.б. Антропонимдердегі лексика-семантикалық ұқсастықтан басқа грамматикалық формалардағы ортақ жайлар қазақ тілінің шығу тарихын айқындауға қатысы бар.

Енисей дәуіріндегі ескерткіштерде және басқа тарихи жағдаяттарында жатыр. Көп реттерде түркі қайраткерлерінің есімдері олардың қоғамдық жағдайын, лауазымын көрсетіп отырған. Көне түркі тарихын зерттеген ғалым Л.Н.Гумилев бұл жөнінде былай жазады. «Бала кезінде шын ат иемденсе, жігіт кезінде - шен, ер болғанда титулмен аталған. Егер хан болса, онда титул тиісті мәртебелі атаумен аталған. Мысалы: Кушу – есімі, Сыгин (йегин – жиен) – титул, Янды (жеңді) – лақап ат» [2, 90-91].

Сонымен, V – VIII ғасырларға және ескерткіштер мен тарихи деректердегі тарихи ономастикалардың тіл тарихын зерттеуде, ол халықтардың саяси-әлеуметтік, экономикалық жайын, қоғам құрылысын білуде қосымша материал болса да құны ерекше. Олардың көпшілігі лексикалық номинация, мағына, форма жағынан, жасалу тәсілі тұрғысынан қазіргі антропонимдермен ұқсас.

**Екінші дәуір.** Бұл дәуірде қазіргі Қазақстан территориясында карлук қағандығы (766-940ж.), қараханидтер мемлекеті (X-XIғ.), қыпшақ бірлестігі (X-XIIғ.), монғол үстемдігі (XIII- XIV ғ.), қазақ хандықтары (XV – XVIIIғ.), сияқты әлеуметтік қоғамдардың болып өткені мәлім. Сол XI – XIV ғасырлардағы қазіргі қазақ тіліне тән сөздер мен энонимдерді, көптеген ономастикалық материалдары Махмуд Қашқаридің «Девону луғотит турк» (1072-1074) және кумандар тілінің сөздігі «Кодекс Куманикус» сияқты еңбектерден мол кездестіреміз. М.Қашқари Луғатындағы арғу, басмыл, дулу этнонимдерін талдай отырып, оларды осы күнгі қазақ болып жүрген тайпалар деп дұрыс айтқан профессор Ғ.Мұсабаев [3, 74-84]. Бұл ескерткіштегі лексиканың көпшілігі, грамматикалық форматтары қазіргі тілімізге ұқсас екені де айтылып жүр. Мысалы: *аба* (апа), *ау* (ау аулау), *аушы*, аз, азук, айғыр, эркак, эрлік, бай, бұғра, бүрді, кәлді, кәсілді т.б. Осымен қатар жүздеген антропонимдердің ұқсас, тектес екенін де байқау қиын емес. Бұл үш томдық сөздікте саны 400-дей ономастика берілген. Орта ғасырда шыққан антропонимдердің басым көпшілігі ислам дінінің ықпалымен болды. Ислам діні алғаш, Оңтүстік Қазақстанға, кейінірек X ғасырда Жетісуға, одан кейін Орталық Қазақстанға енгенін тарихтан білеміз. Исламды дамытуға Қараханидтер көп күш жұмсаған. Дін және діни кітаптар арқылы көптеген араб сөздері мен кісі аттары еніп жатты. Ислам діні қазақ жерінің бәріне тез тарап, жете қоймай, XVIIIғасырдың аяғына дейін созылды.

Екінші дәуірде пайда болған антропонимдердің шығу жолын бұл көрсетілгендермен шектеуге болмайды. Өйткені бұл дәуірде, X - XVIII ғасырларда халқымыздың ұзақ өмір жолы, үлкен тарихы қамтылады. Олай болса, бұндай кезеңдерге бөлінетін дәуірдегі антропонимдердің шығуында да алуан түрлі себептер мен жағдайлардың болғаны сөзсіз.

Бұл кезеңдегі антропонимдердің басым көпшілігі төл сөздерден қойылған, халықтың тапқыр ой, алғырт қиялынан туған. Олардың ішінде жыл маусымына, астрономиялық ұғымдарға, жер, ел мекендеріне байланысты қойылған есімдер бар. Мысалы, *Тышқанбай*, *Қоянбай*, *Жыланкөз*, *Барысбек*, *Жылкелді*, *Үркербек*, *Жетіген*, *Жұлдыз*, *Еділбай*, *Ертіс*, *Орал*, *Алтай*, *Жамбыл*, т.б. Сол ғасырларда шыққан есімдердің кейбірі туыстық атауларға да байланысты болса керек. Бұған көптеген халықтарда туыстық атаулардың көне заманда шыққаны дәлел бола алады. Ал, қазақтағы туыстық атауларға байланысты кісі аттары фольклорда, халық арасында көп кездеседі. Ондай антропонимдер: *Бабахан*, *Баба*, *Атабек*, *Аталық*, *Аналық*, *Дадабай*, *Тәтә*, *Аққыз*, *Ақжігіт*, *Азабек*, *Балақай*, *Балабек*, *Баламер* ( бала - әмір) т.б.

Кейбір туыстық атаулардың негізінде Орта Азияда таптық шендер жасалған. Мәселен, *ата* сөзінен таптық шендер: *атабек*, *аталық* шыққан. Атабек үш түрлі мағынада қолданылған: 1) Сельджук сұлтандары, мұрагерлері, пекуны; 2) Азербайжандағы феодалдық князьдіктің басшысы; 3) Орта ғасырдағы Египеттегі әскер басы [4,169].

Әйел адамдарға қойылған есімдер құрамы орта ғасырда , әсіресе XV - XVIII ғасырларда ерекше дами түскен. Бұл кездерде ертеден келе жатқан дара тұлғалылы есімдерге жаңа сөздер қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасау дәстүрі күшейген-ді. Мәселен, *Ақжібек*, *Ақшолпан*, *Ақкүміс*, *Айжамал*,

*Бижамал, Айбаршын, Айғаным, Айғанша, Айтолқын, Алтынгүл, Алтынишаш, Балкүміс, Балғаным, Бәйнұр, Бексұлу, Бибіжамал, Бибісара, Бикамал, Дәметкен, Күлшайым, Қаншайым, Мариямбике, Нұрғайша, Орынбасар, Танагүл* т.б. Біріккен тұлғалы әйел есімдеріндегі ең көрнекті тәсіл *гүл* сөзін қосу арқылы есім жасау. Бұл тәсіл арқылы жасалған есімдер өте көп. Мысалы: *Алмагүл, Айгүл, Айымгүл, Алқагүл, Анаргүл, Әсемгүл, Гүлбану, Гүлбаршын, Гүлпаиш, Гүлсара, Гүлжазира* т.б. Қымбат бағалы металдар мен сапасы жоғары маталар, алуан түрлі тастар атауларынан қойылған есімдер тек әйелдерге берілетін. Олар: *Алтынишаш, Күміс, Ақық, Лагүл, Маржан, Меруерт, Гәуһар, Моншақ, Жібек, Торғын, Батсай, Мақпал, Қамқа, Баршын* т.б. Осы кезде ең көп тараған, саны жағынан да молы араб-иран тілдерінен енген, мағынасы айқын ыңғайлы есімдер еді. Мұндай есімдер әйел адамдарға қойғанда айтуға жеңіл, БҚШамдылығы, әдемілігі мен мағына-мән айқындылығы ескеріліп отырған. Мысалы: *Әдина, Әдина, Әзиз, Әлия, Бәлия, Ғазиз, Ғалия, Ғауни, Дариға, Зәина, Зылиқа, Зура, Зәуре, Жамал, Ләтина, Нағима, Нәзипа, Раушан, Дана, Тәбия, Фатима* т.б.

Ер адамдарға тән антропонимдердің көбі күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген төл сөздерден құралған. Олардың мағынасы мен формасы сай келіп, халықтық ерекшелігін көрсетіп тұрады. Мысалы: *Ақылбай, Аппақ; Абир, Аманбай, Айдар, аймақ, Айнабек, аққозы, Алтынсары, Айсауыт, Айтжан, Бағлан, Байсал, Балта, Дайынбай, Есенаман, Жайлаубай, Жанбота, Жандар, Жандарбай, Жарылқасын, Жоламан, Игілік, Игісін, Кекіл, көпбай, Көбікті, Көпжасар, Қайырлы, Мергенбай, Мергенші, Нарбай, Нартай, Отарбай, Өскенбай, Өтеміс, Өтеп, санабай, Сансызбай, Сақтаған, Сарыбас, Саурық, Сұраншы, Таңат, Тасыбай, Тасқара, Тастан, Тоқсан, Төленді, Төленбай, Тілепберген, Тұрғанбек, Үлгібай, Шеге, Шоң, Шоңбай, Шолпан, Шуақ, Шымырбай, Шымтемір, Шынтас, Шырқабек, т.б*

Жоғарыда айтылған антропонимдердің бәрі халық арасында кеңінен сақталып, кейінгі ұрпақтарға жетіп, бұрынғылардың дәстүрлі жалғасы ретінде өмірде қолданып отыр. Сөйтіп, XV- XVII ғасырлардағы қазақ антропонимиясы бұрынғы антропонимдік типті қамти отырып, жаңа түр –мазмұнға ие болып, дами түсті. Ал XV – XIX ғасырларда оның құрамы бұрынғыдан да толысып, көп сатылы қасиетке ие боды.

**Үшінші дәуір** – тарихта жаңа заман саналатын XVII-XIX ғасырларда дамыған көп салалы антропонимдерді қамтиды. XVII-XIX ғасырлардағы антропонимдердің көбі қазақ халық ауыз әдебиетінің бай саласы – ғашықтық жырларда кездеседі. Ғашықтық жырлардағы кісі аттары халық арасына жазба түрінде де, ауызша айтылу үлгісінде де тарап отырған. Түркі халықтарының көбіне тараған, ортақ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы кейіпкерлер есімдері қазақ халқының ауыз әдебиетінде көрнекті орын алады. Ондаған есімдердің барынша халыққа түсінікті төл сөздерден жасалғанын байқаймыз. Мысалы, Кемел ақын, Сыбанбай, Жанақ, Бекбау, Сарыбай, Қарабай, Тайлақ, Қозы, Танас, Баян, Ай, Таңсық. (Қарабайдың қыздарының аттары), Нұрқара, Көсем сары, Қаратоқа, Бұлан қара, Тоқсан, Айбас, Күліп (Қозы Көрпештің баласының аты). «Айман-Шолпан» поэмасындағы есімдер: Маман бай, Көтібар, Айман, Шолпан, Арыстан, Әлібек, Теңге т.б.

Осымен қатар араб-иран тілдерінен енген есімдер біршама кездесіп отырады. Олар сол кездегі қазақтардың сөйлеу тілінің заңына бағынып, түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырып, бастапқы тұлғаларынан айырылған еді. Мысалы: Хакназар, Шахмамбет, Әлімбет, Сұлтанмамбет, Досалы, Сейдалы, Нұрмамбет, Уәли, Шерғали, Мұхаметмырза, Абдуллатиф, Хасан, Сұлтаналы, Қадыр, Әбілжәлел, Шахмұрат, Әбілғазиз, Мұхаммеджан, Наурызбай, Шағазы, Досмұхаммамбет, Шерғазы, Әлғазы, Мырзалы, Сейталы, Мырза Ормамбет, Мұхамбет, Алмағамбет, Сұлтанбет, Мирхайдар, Дәулет, Құлмамбет, Сейфулла, Нығметұлла, Махамбет т.б. Талдап отырған антропонимдердің, негізінен, екі компоненттің бірігуі арқылы, көне түркі тілдеріне тән, ескі структуралық система жолымен жасалғаны аңғарылады және бұл дәуірде араб-иран тілдерінен енген есімдер әсіресе Оңтүстік, жетісу қазақтарында көбірек болған. Мұның басты себебі, территория жағынан Орта Азияның Бұхара, Ташкент, Самарқанд, Душанбе қалаларына жақын тұруынан және ислам дінінің тез тарауынан болса керек.

Бұл дәуірдегі антропонимдердің көбі өткен замандағылардың жалғасы ретінде қайталанып қойылып отырған. Бұдан айтылып отырған үшінші дәуірде, жаңа антропонимдік типтер тумалды, жасалмады деген ұғым тумаса керек. Бұрынғы әдет-ғұрып пен дәстүрге, ескі наным мен сенімге байланысты есімдер қою бұл дәуірде де кеңінен етек алды. Және ол кездегі антропонимдердің біразы қазақ даласында сауданың дамуымен байланысты да шыққан еді. Мәселен, Теңге, Теңгебай, Ақша, Сомбек, Саудабек тәрізді есімдер. Осы кезде семантикалық айқын сөздерден де көптеген есімдердің қойылғаны байқалады: олар: Бегіс, Тегіс, Сырым, Арынғазы, Тілеке, екілік, Жандар, Тіленші, Елғон, Садыр батыр, Түрке, Жалтыр, Жиен, Дәуірбай, Отан, Айдос, Беке, Қуаныш, Бұхар, Тәтіқара, Шал, Жанкісі, Шернияз, Дәулеткерей, Құрманғызы, Түбек, Жапақ, Марабай, Жамбыл, Біржан, Болық, Елентай, Сара, Құлмамбет, Шортанбай т.б.

Бұл дәуірде де кеңінен тараған – орта ғасырлық антропонимдердің үлгісімен жасалған - *бай, сұлтан, төре, хан* компонентті антропонимдік композит. Олардың бұл дәуірде қайталанып, кеңінен қолданылуының негізгі себебі – саяси құрлыстағы өзгерістерге тікелей байланысты еді.

XVII - XIX ғасырларда шыққан әйел есімдерінің басым көпшілігі төл сөздерден жасалса, бір тобы араб-иран тілдерінен енген еді. Әсіресе Орта Азия халықтарына тараған қисалардың бас кейіпкерлерінің есімдерін қою әдеті дәстүрге айналған. Бұл кезде де бұрынғы есімдерді қайталап қою, болмаса тыңнан есімдер талғап қою дәстүрі өріс алған еді.

Бұл дәуірдегі көп салалы антропонимдік композиттің тарихындағы көбірек назар аударатын мәселелер - патроним (әке аты) мен фамилияның шығуы және дамуы.

Ерте дәуірлерде ресми түрде бір ғана есіммен аталу дәстүрі болса, ендігі жерде патроним иемдену, яғни әке атымен аталып, олар шын атпен қатар айтылатын болған. Потронимдердің көрсеткіштері болып, ілік септіктің *-ның, -нің* формасы және *ұлы, қызы* тәрізді сөздер қолданылған. Бұл құбылыс XVII-XVIII ғасырлардағы халықтың сөйлеу тілі мен ауыз әдебиетінде кеңінен орын алғаны байқалады. Мысалы, Базарбай ұлы Төлеген, Сырлыбайдың қызы

Жібек, Көктімнің қызы Құртқа , Сейілдің ұлы Қараман, Қаржан ұлы Қосдәулет, Өмір ұлы Сыбан, Қарасай ұлы Көбен, Алшағыр ұлы Теген, Керей ұлы Келімбет, Қоянақ ұлы Қарт Қожақ т.б. (бұлар фольклорда бар есімдер).

XVIII ғасырдың орта кезінен бастап ресми документтердегі патронимдердің жұрнағы ретінде арабтың *бин* сөзі қолданылған. Мысалы: Тіленші батыр бин Бөкенбай, Сырым бин Дат, Алла Жар бин Ертай, (1794). Алайда, мұндай патронимдік форма тұрақтанбай, оның орнына қайтадан көне тұлғалы *ұғлы* сөзі басады; Сейтқали Нұрғали ұғлы, Сұлтан Мырзаұғлы, Бердіқожа Қадырбай ұғлы, Сатай Бұлан ұғлы т.б.

Фамилиялардың шығу, пайда болу тарихы саяси қоғам өмірімен тығыз байланысты. Ол ең алдымен қазақ хандарының Ресеймен экономикалық және саяси байланыстар жасау кезінен бастап пайда бола бастайды. Сол кездегі патша үкіметінің іс қағаздарында әке атымен жазылмай, *-ов, -ев* жұрнақтары арқылы фамилия ретінде жазылу белгіленді. Ең алғаш рет, мұндай фамилиялар 1716 жылы Тобольскі қаласына барған қазақ хандарының елшілері орыс құжаттарында *Бекболат Екешов* және *Байдәулет Нұриев* болып, 1726 жылы Әбілқайыр елшісі Қойбағар Петербургке барған соң *Қойбағар Көбеков* болып, одан кейінгілер *Сейтқұл Құндағұлов, Құтлымбет Көштаев* болып жазылған көреміз. [5,243-252].

Сөйтіп, XVIII ғасырдан бастап орыс құжаттарында қазақтардың әке атымен аталуы орысша *-ов, -ев* жұрнақтары арқылы көріне бастайды, Мысалы, Сұлтан Қаратай Нұрғалиев, Жоламан Тленчин, Кулмухаммед Джанибеков, Асан Барков, Дербисали Кайгиликов, Асан Барашев, Джанали Инбаев, Арангазы Абылғазиев, Байғана Куниев, Күтебер Бясинов, Арслан Таналин, Байбек Байготанов.

XVIII – XIX ғасырларда әке атына орыс фамилиясының *-ов,-ев* жұрнақтарын қосу нәтижесінде қалыптаса бастайды. Ондай фамилияларды иемденген адамдарды тарихи деректемелерден көптеп кезестіруге болады. Мысалы: Бегалиев, Шөке Нұралиев, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Қапланбай Қалдыбаев, Сарт Ералин, Сымайыл Өтемісов, Жанқожа Нұрмағанбетов, Бекет Серкебаев, Ерназар Кенжалин, Есет көгібаров т.б.

Ресми түрде фамилия қабылдау, әсіресе, XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл кезде оқып , білім алған халқымыздың тұңғыш оқымысты, ағартушы демократтары мен ақындары да ресми фамилиямен жазылғаны белгілі. Мысалы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев т.б.

Бұл қазақ фамилиясының шығуының, оның қалыптаса бастауының бастапқы кезеңі еді. Сонымен үшінші дәуірде – төл есім, патроним және фамилия – көп салалы антропонимдік типтің негізі болған.

**Төртінші дәуір.** Қазан төңкеісінен кейінгі Кеңес заманында туып, дамыған антропонимдік типтерді қамтиды.

Қазіргі қазақ тіліндегі есімдер негізінен екінші дәуірден бері қолданылып, төртінші дәуірде қалыптасып, толасып көбейген антропонимдер.

Оның құрамына ислам дініне дейінгі көне түркі есімдер де, ислам діні әсерімен араб-иран тілдерінен енгендер де, аз да болса моңғол, Батыс Европа тілдерінен енген есімдер де бар.

Кеңес өкіметі орнаған Қазақстанда ірі мәдени өзгерістердің болғаны аян. Жаңа тұрмыс, бақытты заманға лайқ мәдениет, әдибет өрістеді. Халықтың сөйлеу тіліне көптеген жаңа мағыналы сөздер енді. Бұл кезде дүниеге келеген сәбилерге жаңа заманның жаршысы ретінде жаңа ат қою іске асты.

Жер жүзі жұмысшы қозғалысының көсемдері мен қайраткерлерінің есімін жас балаға қою 30-жылдары кеңінен дамыған еді. Бұл кезде Мэлс, Эмиль, Маркс, Клара, Марлен, Тельман, Марат, Суньят, Диас, Хозэ, Долорес деген есімдер қойлды. Ким, Социал, Закон, Кима, Совет, Генерал, Маршл, Армия, Большевик, Октябрина сияқты есімдер де сол кездерде шыққан.

Мәдениет пен әдебиет, ғылым мен экономика, шаруашылық дамуына байланысты жаңа атулар туады. Осымен байланысты 30-40 жылдар арасында туған балаларға: Ғалмы, Ғалымбек, Мәдениет, Облыс, Өндіріс, Сайлау, Колхозбек, Совхозбек есімдер қойылды. Отан соғысы жылдарында және жеңіс жылдарынан кейін Майдан, Майданбек, Нұрлан, Бейбіт, Қайсар, Солдатбек, Жеңіс, Жеңісбек, Бейбітгүл, Гулмира, Мира, Гүлжеңіс, Талап т.б. есімдер пайда болды.

30-жылдардан бастап көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдерін балаға қою әдетке айналды. Мысалы: Ботакөз, Асқар, Амантай, Сәуле, Мекер, Нұрлан т.б.

Халық арасына ең көп тараған азамат соғысының ардагер батырлары: Аманкелді, Бекболат және көрнекті революционер Әліби есімдері болды. Кеңес дәуірінде даңқы шыққан еліміздің атақты ғалымдары мен жазушыларының, Қазақстан бұлбұлы атанған әртістеріміздің есімдері де балаларға қойылып отырды. Мысалы: Қаныш, Мұқтар, Сәбит, Күләш, Шара, Роза, Рашид т.б.

Кеңес өкіметі кезіндегі есімдердің баю, даму деректері төмендегідей:

1. Әйел есімдерінің көбі орыс тіліндегі әйел аттары мәнерімен жасалды. Мысалы: Гүлнара, Сұлтанша, Алтынша, Нұрша, Айгуля, Аймана, Айнаша, Бакиша, Гауһария, Гүлжана, Гайния, Жамилия т.б.

2. Туысқан республика азаматтырының есімін қою арқылы жасалды. Мысалы: Динара, Дилара, Замира, Зарема, Карима, Карина, Герта, Ирма, Лаура, Линда, Эльза.

3. Орыс тілінен енген есімдер Қазақ халқы орыс халқымен ежелден мәдени қарым-қатынас, байланыс жасап келді. Бұл жағдай әсіресе Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуынан кейін ерекше дамыған еді. Қазан төңкерісінен бұрынғы орыс тілінен көптеген кісі аттарының енуі елеулі тарихи себептерге байланысты. Ол, біріншіден, орыс мәдениеті мен өнерінің, тілінің дамуының игі әсері болса, екіншіден, екі халықтың тікелей қоян-қолтық араласуынан. Сонымен бірге көптеген отбасылар арасындағы ортақ, аралас некенің себебі де үлкен әсер етті.

4. Қазан төңкерісінен кейін қазақ антропонимиясының құрамы интернационалдық есімдер есебінен байи түсті. Мысалы: Артур, Марат, Эрнест, Роман, Спартак, Диас, Роза, Жанна, Дина, Софья, Элеонора, Анжелла, Арагония т.б.

5. Халықтың өз ойынан, алғыр қиялынан туған: Жігер, Айқын, Айдын, Арман, Байтақ, Дарын, Дастан, Дәурен, Ерлан, Жаскілең, Келіс, Қуаныш,

Қуат, Нұржан, Нұрлан, Айдай, Айтолыс, Арайша, Бүлдіршін тағы осы сияқты әдемі есімдермен толықты.

Қазіргі қазақ антропонимиясы құрамын заман талғамына сай жаңа есімдермен үстемелеп, байытып отыру бағыты байқалады. Ата-ана мен туысқандар балаға өздері ұнатқан, талғап алған есімдер қояды. Сөйтіп, дүниеге жаңа келген сәбиге ат қоюда жарқын, бақытты дәуір талғамын ескере отырып, белгілі бір принцип дәстүрге сүйенеді.

**Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1999. 141б.
2. Гумилев Л.Н. Древни тюрки. М: Наука ,1967. 90-91с.
3. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. I бөлім. Алматы, 1966, 74-78 б.
4. Шанский Н.М. Этимологический словарь русского языка, т.I. М., 1962.
5. Қазақ ССР тарихы. I том. Алматы, ҚМБ, 1957 ,243-252 б.

## **ETHNOCULTURAL DIFFERENCES IN THE PERCEPTION OF POLITENESS**

**N.A. Mukhanbetsharip, D.D. Sapargaliyeva**  
K. Zhubanov Aktobe Regional University  
Aktobe, Kazakhstan

Politeness is a linguistic phenomenon that, while universal in nature, is always rooted in specific cultural contexts. This paper aims to explore the ethnocultural differences in the perception and expression of politeness among speakers of three languages: Kazakh, Russian, and English. The study is motivated by the idea that politeness strategies, though present in all languages, are realized differently across cultures. According to Brown and Levinson (1987), politeness is not just a social courtesy, but a rational phenomenon that can be systematically studied. It reflects deeper cultural values and societal norms, and therefore, analyzing it offers insight into the ways people manage relationships, express respect, or negotiate face-saving acts in different linguistic communities. The significance of politeness extends beyond linguistics – it has become a topic of interest in sociology, anthropology, and intercultural communication. As such, this paper focuses not only on the linguistic expressions of politeness such as “thank you,” “please,” and “sorry,” but also on the culturally specific attitudes and expectations that shape polite behavior among Kazakh, Russian, and Anglo-American speakers. By comparing speech acts and politeness formulas in these three languages, the paper highlights both universal tendencies and key cultural differences. Through examples from real-life conversations and pragmatics literature, the analysis aims to contribute to a better understanding of intercultural communication, which is essential in our increasingly globalized world [1, 55-56].

We argue that a rational individual who possesses a sense of “face” will naturally aim to minimize face-threatening acts (FTAs) through strategies based on thoughtful consideration of potential risks to the participants’ social image. Such

behavior follows from practical reasoning – choosing the most effective way to achieve a desired outcome. Furthermore, we believe that the choice of specific linguistic expressions for these strategies is also based on a means-end reasoning process. For example, if a speaker decides to use negative politeness (a strategy where the FTA is performed openly, but with actions that acknowledge and reduce the imposition), then he or she must communicate the FTA clearly while also selecting expressions that ease the imposition on the listener's autonomy. The speaker may combine multiple redressive methods, provided they are coherent and proportionate to the degree of face-threat involved. Notably, these mitigating strategies do not always have to be verbal. A speaker might, for instance, give a gift to show consideration for the other person's preferences, or use body language to show deference. In English-speaking cultures, this could include still posture and lowered shoulders; in Japanese culture, it might be a bow. These gestures signal respect, lack of coercive intent, and an effort to avoid imposing [1, 91].

Brown and Levinson outlined two major types of politeness:

1. Positive politeness involves strategies aimed at addressing the hearer's positive face, their constant wish for their desires, actions, or values to be appreciated and regarded as worthwhile. Such strategies offer redress by conveying that the speaker shares, or aligns with, some of those desires or goals, thereby providing a form of validation and social connection [1, 101].

2. Negative politeness is a way of showing respect by not putting pressure on the other person. It means letting someone keep their freedom to choose and not interrupting or forcing them. This kind of politeness is often seen in formal and respectful behavior. Sociologist Émile Durkheim called this kind of behavior "negative rituals", which are actions people use to avoid offending or bothering others [1, 129].

For this paper, politeness will be analyzed as a cultural and linguistic phenomenon, drawing on both traditional and modern approaches in pragmatics. The comparison of Kazakh, Russian, and Anglo-American politeness norms will demonstrate how deeply language use is influenced by cultural expectations. In Anglo-American societies, politeness is closely linked to values such as individual freedom, emotional control, and the maintenance of personal space. People are generally expected to avoid intruding on others, to show respect for their time, and to use courteous expressions frequently in daily interactions. One important feature of this politeness style is the consistent use of polite phrases like "please," "thank you," "sorry," and "excuse me." These are not just formalities – they play a key role in maintaining smooth social relations. Neglecting to use them can lead to the impression of rudeness [1, 82].

Engaging in small talk (e.g., about the weather or weekend plans) is often used to create a friendly atmosphere, even with strangers or colleagues [1, 117].

English speakers often soften their requests to avoid sounding too direct. For example:

Instead of "Give me the salt," one might say, "Could you pass me the salt, please?"  
Instead of "You're wrong," someone might say, "I see it a bit differently" [1, 132].

Speech etiquette shares a number of universal features across cultures. However, even when communication situations are similar – such as greetings or

making introductions – different cultures may approach them differently. In some societies, these situations are highly ritualized, with specific forms depending on the social status or relationship of the people involved. In others, greetings tend to be more standardized and less formal. For example, in Russian, there is a clear distinction between the formal and informal forms of address – “ВЫ” and “ТЫ.” In contrast, English once had a similar distinction (the now-obsolete “thou”), but since the 18th century, “you” has been the only standard form. As a popular English joke goes, even pet dogs are addressed with “you.” Meanwhile, in languages such as Japanese, Vietnamese, and Malay, pronouns are far more complex. They vary depending on the speaker’s and listener’s age, gender, social rank, or professional role, with dozens of forms available to ensure politeness and respect [2, 13].

The tone and manner of his speech were perceived as offensive by intellectuals and barely tolerable for the average citizen, who typically expects the country’s leader to serve as a role model rather than attempt to imitate everyday people.

In summarizing the shifts in Russian communicative norms, several points stand out:

- Communication is becoming less formal and more open.
- The degree of verbal pressure in face-threatening acts is decreasing, suggesting a growing respect for personal boundaries.
- Small talk and casual conversation are gaining importance, making interaction less focused purely on the exchange of information.
- The symbolic value of refined language is losing its prominence.
- The spread of slang and coarse expressions is contributing to a rougher tone in speech.

Larina examines how cultural and communicative practices in Russia have evolved in the 21st century. She focuses on:

- Shifts in formality and directness in speech
- Changes in the level of verbal imposition and respect for individuals
- The growing role of phatic communication
- Diminishing prestige value attached to formal language
- The increasing presence and influence of slang and non-standard speech

These themes align well with your research on intercultural communication and politeness across Russian and English contexts [3].

These developments reflect two contrasting trends: on one side, the democratization of language, and on the other, a heightened regard for the individual.

Another notable phenomenon is the large-scale influx of borrowed words. Globalization has led to a significant rise in vocabulary taken primarily from English, now a dominant global language with substantial influence. Such borrowings come from various fields, including politics, economics, technology, culture, and education. Many researchers identify this process as a key transformation, noting that these new terms are widely used in multiple areas of modern life [4, 184].

The Russian style of communication is generally more formal than its English counterpart and can be described as status-oriented. This tendency is deeply rooted in cultural traditions and social expectations that have developed over centuries. In Russian society, formality often serves as a marker of respect, authority, and proper

social distance, particularly in interactions that involve differences in age, position, or social standing. Such behavior is not merely a matter of etiquette but reflects the hierarchical nature of relationships that is characteristic of many collectivist societies. As Geert Hofstede's cultural dimensions theory suggests, in collectivist cultures, individuals who hold positions of power or influence tend to emphasize their status and authority through their behavior, language, and even appearance. They strive to present themselves in a way that commands respect and signals their role in the social hierarchy. This can be expressed through the use of formal language, honorifics, and non-verbal cues that reinforce their position. In contrast, in individualist cultures such as those found in much of the English-speaking world, the opposite tendency is often observed. Leaders or people in positions of power may deliberately downplay their authority, choosing instead to present themselves as approachable, "ordinary," and equal to others. This approach reflects a cultural preference for minimizing social distance and promoting the idea of equality among individuals, regardless of rank or status. Thus, the difference in communication styles between Russian and English-speaking cultures is not simply about language usage but is closely tied to deeper cultural values — respect for hierarchy and authority in the Russian context, and a focus on egalitarianism and informality in the Anglo-American context [5, 72].

In Russian communication, people tend to be more direct than in English – they usually say what they mean without dressing it up. Honesty and sincerity are core values, so Russians focus on conveying a clear message rather than polishing the form. On the other hand, English speakers care a lot about how they say things. Their speech is more about the listener, routines, politeness, and protecting someone's "face." They're more form-oriented and sensitive to tone and implication. Jenny Thomas (1983), in her classic paper *Cross-Cultural Pragmatic Failure*, explored exactly this difference. She gave a perfect example: the question "X, would you like to read?" In an English classroom, it's a routine, polite way to make a request. But in a Russian classroom, students often responded, "No, I wouldn't." Not because they were being rude – they thought they were being asked for their preference, not being instructed. This example shows how straightforward, message-oriented communication in one culture can be interpreted as insincere or evasive in another, where form and politeness norms are key [6, 101].

Kazakh ethics represents a philosophical discipline devoted to the study of the national moral framework, values, and ethical norms of the Kazakh people. The term ethics originates from Ancient Greek, initially meaning "the dwelling place of a group of people living together" and later evolving to signify the study of morals. The Kazakh term *ädep* entered Turkic languages under the influence of Arab-Muslim culture in the Middle Ages. In scholarly discourse, concepts such as *ädep*, *akhylak*, morality, and humanity are often used interchangeably, with varying definitions, and at times referring to customs – established behavioral patterns shaped through communal living. When approached as rationally comprehended morality, ethics allows for the identification of core principles linked to its regulatory nature. Central to ethics is the concept of good, which remains its primary category. Its purpose lies in exploring the origins, nature, causes, and mechanisms of kindness and evil in human life. In the broader cultural system, ethics functions as a rational-logical

foundation, translating moral and ethical manifestations into the language of reason. While ethics constitutes a distinct branch of science, *ädep* pertains to the social prerequisites of conduct, and humanity relates to the inner stability attained through conscience. As a practical philosophy, ethics serves to guide human behavior in addressing everyday needs. Within this framework, *ädep* is understood as the object of ethical study, a form of social consciousness, and a type of relationship aimed at shaping individual self-assessment. Humanity reflects the sphere of creative moral orientation toward kindness, arising from the harmonious alignment between personal moral freedom and broader societal expectations [7, 2].

In our opinion, certain moral values are universal to all nations – respect for people, especially for elders, the elderly, and those who have contributed significantly to their community. As the Kazakh saying goes, “Үлкенге құрмет, кішіге ізет” - “Respect the elder, be kind to the younger.” In traditional Kazakh society, elders were always respected regardless of their background. They were honored, given places of distinction, and their advice was followed without question. For instance, a young person would not sit at the table without the elder’s permission, and crossing the path in front of them was considered an act of disrespect. Such respect ensured that elders felt valued, satisfied with their life’s work, and confident in the future of the younger generation [7, 187].

We draw attention to the fact that hospitality was presented in a legendary and sacred sense as a norm of etiquette and custom. For example, it is said that Alasha Khan, after dividing his wealth among his three sons, told them: “Due to the conditions of a nomadic life, your way of living is different from that of settled people, whose towns and markets allow any traveler to find a place to stay for a known fee. Among you, however, the absence of such convenience will make it difficult for your descendants to interact with each other. When you travel half a day’s distance, you do not take your sheep with you, and when going farther, you take nothing at all. Therefore, my eternal testament to you is this: do not charge each other for food when visiting one another; always behave as though you are invited guests among yourselves. As a result, make use of the right to receive a guest meal, a place to stay, and food without payment. For this purpose, I am giving you the fourth part of my wealth – but do not treat it as your private property; regard it as an indivisible common good, an inheritance passed down through generations” [7, 199].

The essence of Kazakh spirituality is encapsulated in the philosophy of Abai and in the moral principle he proclaimed: “Be a human being!” According to Abai, to be a true Muslim means to have love for three things: God, humanity, and justice. Within the moral framework of Islam, the understanding of human happiness is rooted in upholding four universal pillars: justice, wealth, wisdom, and contentment [7, 169].

When discussing the concepts of morality, it is worth noting that they have many aspects. First, they represent the inexhaustible steps of understanding morality as a sphere of social relations. Second, they serve as an independent means of cognition. Third, ethical categories are the objects of movement and development of moral knowledge from the first-order meaning to the second-order meaning, and so on. Although they possess features and properties typical of categories in other

А.Я. Гуревич мәдени концептілерді екі үлкен топқа жіктейді: философиялық мәнді категориялар (мезгіл, кеңістік, себеп, өзгеріс, қозғалыс) және әлеуметтік сипаттағы мәдени категориялар (бостандық, құқық, әділеттік, еңбек, байлық, жекеменшік) [3]. Ал В.А. Маслова үшінші бір топты – ұлттық мәдени категорияларды бөліп көрсетеді. Қазақ халқы үшін «жан», «тән», «ар» секілді ұғымдар осы ұлттық мәдени категорияларға жатады [4]. Осы тұжырымдардан көрінгендей, қазақ поэзиясындағы рухани концептілер – тілдің көркемдік қуатын ғана емес, сонымен қатар ұлттың дүниетанымдық, философиялық, мәдени негізін танытатын құбылыс.

Қазіргі қазақ поэзиясында рухани концептілерді ерекше көркемдікпен бейнелеген ақындардың бірі – Тыныштықбек Әбдікәкімұлы. Ақынның «Жан-ар» поэмасында «жан» концептісі қозғалыс пен адамзат тағдырының символы

ретінде бейнеленеді. Ал «ар» концептісі адамдық болмыстың өлшемі, имандылықтың бастауы ретінде көрініс табады.

Поэмада өмір мен өлім қарама-қарсы құбылыстар емес, біртұтас кеңістік ретінде бейнеленеді:

«Біздің ұғым – Өмір-Өлім...

Олар – менің қос бөлмем.

Өмір-Өлім – екі бөлмем.

Сырын өзім шешемін:

бір бөлмемде – қалам-қағаз, бір бөлмемде – төсегім» [5].

Мұндағы «қос бөлме» метафорасы когнитивтік модель ретінде өмір мен өлімді адамның рухани болмысының бөлінбес бөлігі деп тануға мүмкіндік береді. Бұл – қазақ дүниетанымындағы «өмір өткінші, өлім – мәңгілікке бастау» деген түсініктің көркем өрнегі. Үзіндіде өмір мен өлім қарама-қайшылық ретінде емес, бір-бірін толықтыратын, бір-бірімен сабақтас философиялық кеңістік ретінде бейнеленген. Ақын концептіні тілдік-метафоралық формада көрсетіп, рухани категорияны адам болмысының ажырамас бөлігі етіп танытады.

Ақын поэзиясынан «Ақын», «Мұң», «Арман», «Тағдыр», «Өлең» сияқты базалық рухани концепттердің концептосферасын байқауға болады.

Мәселен, ақынның:

*«Білем өзім Жан мен Тәнді еліктірген Ес емін.*

*Ақын деген дауасызбын.*

*Күлкім – әке, шеше – Мұң...»* [5].

Осы жолдарда «Ақын» концептісінің когнитивтік моделі көрініс табады. Мұнда ақын бейнесі дәстүрлі өнер иесі ғана емес, рухани жаралы, қоғамнан бөлектенген тұлға ретінде сипатталады. «Күлкім – әке, шеше – Мұң» метафорасы арқылы «Мұң» концептісі ашылып, қазақ менталитетіндегі мұңның қасиетті, киелі ұғым екені байқалады.

*«Сен өзіңді өмір сүріп жүрмін дейсің, бейбағым.*

*Жақсы шығар, армандаумен айдалада қой бағу...*

*Арманда сен...*

*Ескертерім: армандау да – қауіпті!..»* [5].

үзіндісінде «Арман» концептісі көрінеді. Қазақ дүниетанымында арман – болашаққа бастайтын күш. Алайда ақын арманды «қауіпті» деп бағалап, оның тағдырдан адастырушы қыры бар екенін меңзейді. Бұл когнитивтік тұрғыдан концептінің қарама-қайшылықты сипатын көрсетеді. Ал:

*«Мен – мың өліп, мың тіріліп үлгеретін баламын.*

*Бір-бір тажал жұлдыз күтіп, тағдырлардың торабын...»* [5].

деген жолдарда «Тағдыр» концептісі айқындалады. Мұнда «мың өліп, мың тірілу» метафорасы қазақ халқының тарихи жадымен байланыстырылады. Бұл – ұжымдық санадағы қасіретті тағдырдың символдық бейнесі. «Тажал жұлдыз» тіркесі – апат пен сынақтың ғарыштық деңгейде берілген лингвомәдени коды.

*«Музыкамен ойлап көрсем,*

*сөйлеп көрсем Өлеңмен,*

*сыздап тұрған Ақылымнан дірдектен бір сор ақпақ!..»* [5].

– «Өлең» концептісінің рухани мәні ашылады. Қазақ мәдениетінде өлең – тек сөз өнері емес, өмірді, болмысты танудың құралы, рухани ем. Ақын үшін өлең – ойлаудың, дүниені сезінудің басты тәсілі. Бұл ұлттық өнер мен рухани кеңістіктің тұтастығын көрсетеді. Осылайша, ақын шығармашылығындағы концептілер когнитивтік модель арқылы өрнектеліп, қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы рухани-мәдени кодтарды – тағдырға сену, мұңды қасиет тұту, арманға арқа сүйеу, өлеңді өмір мәнімен сабақтастыру – жаңаша қырынан танытады.

Қазақ дүниетанымында «Бостандық» ұғымы – ғасырлар бойы халық аңсаған ең басты рухани категориялардың бірі. Бұл ұғым тәуелсіздікке, әділетке, еркін өмірге деген арманмен сабақтас. Когнитивтік тұрғыдан «Бостандық» – адамның өмір сүру кеңістігін, таңдау еркіндігін, ойлау еркіндігін білдіретін күрделі концепт. Лингвомәдени тұрғыдан ол – халықтың тарихи тағдырында айрықша мағынаға ие, ұлттық рухтың тірегі. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы шығармашылығында «Бостандық» концептісі поэтикалық әрі символдық сипатта көрінеді. Ақын «Арман» мен «Бостандықты» егіз ұғым ретінде қарастырады:

«Ал, Аспанға тәуелді боп қалар болса БОСТАНДЫҚ,  
жұлдыздарымен қоса қабат жұлып алам АСПАНДЫ!..  
...АРМАНЫМЫЗ ғана біздің – ӨМІРДЕГІ ЕРКІНДІК!» [5].

Бұл жолдарда «Бостандық» – ғарыштық деңгейдегі ұғым. Ол тек саяси немесе әлеуметтік мәнде емес, ғаламдық құндылық ретінде бейнеленеді. Ақын еркіндікті аспанмен теңестіру арқылы оның шексіздігін, мәңгілігін көрсетеді. Сонымен бірге, «Бостандық» – жеке адамның да, тұтас халықтың да рухани мұраты. Мұнда ақынның философиялық ойы анық сезіледі:

- Жақсы шығар, армандаумен айдалада қой бағу...
- Арманда сен...
- Ескертерім: армандау да – қауіпті!..» алмайды.

Лингвомәдени тұрғыдан алғанда, қазақ мәдениетінде «бостандық» ұғымы еркіндік, азаттық, тәуелсіздік категорияларымен мәндес. Бұл ұғым жыраулар дәстүріндегі ұлт-азаттық рухтан бастау алады. Бұқар жырау «Басыңа бітер бостандық, Құдайдың берген несібі» деп, бостандықты халықтың тәңірден алған сыбағасы деп таниды. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясында «бостандық» ұғымы жаңа қырынан ашылады. Ол енді тек тарихи-күрестік ұғым емес, бүкіл адамзатқа ортақ ғарыштық категорияға айналады. Мұнда ақын еркіндікті шексіз аспанмен теңестіріп, адам болмысының ең биік құндылығы ретінде сипаттайды. Егер жыраулар үшін бостандық – ел мен жердің тағдырына қатысты болса, Тыныштықбек үшін ол адамның рухани азаттығы мен арманға адалдығы. Осылайша, қазақ әдебиетіндегі «Бостандық» концептісі тарихи сабақтастықпен дамып, жыраулардан бастау алып, Тыныштықбек шығармашылығында жаңа лингвомәдени және рухани-философиялық мазмұнға ие болды.

Қорытындылай келе, ақын шығармашылығындағы рухани концептілер – қазақ халқының рухани болмысын жаңғыртудың кілті. Олар поэзия арқылы ұлттық санаға әсер етіп, ұмыт қалған мәдени кодтарды қайта тірілтеді. Бұл

үрдіс әсіресе жастардың дүниетанымында ұлттық рухты қалыптастыруда маңызды

Қазақ поэзиясындағы рухани концептілер – ұлттық дүниетаным мен мәдени жадтың айнасы. Тыныштықбек Әбдікәкімұлы шығармашылығын талдау барысында оның поэзиясында «жан», «ар», «рух», «арман», «бостандық» сияқты концептілердің терең философиялық әрі мәдени мәнге ие екендігі айқындалды. Бұл ұғымдар тек көркемдік бейне ретінде ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тарихи жады мен рухани болмысын жеткізетін мәдени код ретінде қызмет етеді.

Когнитивтік талдау олардың санада метафоралық құрылым арқылы қалыптасатынын, ал лингвомәдени талдау ұлттық тілдік бейненің негізінде мәдени мағынаға ие болатынын көрсетті. Ақын шығармаларындағы рухани концептілер ұлттық рухты жаңғыртуға, дәстүр мен қазіргі заман арасындағы рухани сабақтастықты сақтауға ықпал етеді.

Сонымен, Тыныштықбек поэзиясы – рухани концептілерді когнитивтік және лингвомәдени тұрғыдан зерделеудің айқын үлгісі. Ол қазақ мәдениетінің терең қабаттарын ашып, ұлттық рух пен заманауи ойды тоғыстырған поэтикалық феномен.

#### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. «Ана тілі». 1992. – 448 б.
2. Колесов В.А. Концепт культуры: образ-понятие-символ // Вестник С-Петербургского университета, Сер 2, Вып. 3, 1992.
3. Гуревич А.Я. Категория средневековой культуры – М 1984, - 185 с.
4. Маслова В. А. Лингвокультурология. Учеб. пособие. Академия, 2001. – 208с.
5. Әбдікәкімұлы Т. Ақшам хаттары. – Алматы: ҚазҰПУ, 2016. – 120-121 б.

## **ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САЯСИ- ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР**

**Б.А. Ердембеков, Б.Е. Салимжанов**

«Шәкәрім университеті» КеАҚ

Семей, Қазақстан

Дулат Бабатайұлының шығармалары – халықтың сан қырлы тарихын, салт-дәстүрі мен тұрмыс-салтын, әлеуметтік ортаның саяси және рухани келбетін нақты әрі терең бейнелеген туындылар. Ол аласапыран, болашағы бұлдыр заманда өмір сүріп, өз ұстанымынан таймай, шындықты ашық айтып отырған. Заман шындығын дөп басып суреттеген, пікірін ашық білдірген, ел тағдырына алаңдаған күрескер ақын ретінде танылған. Оның поэзиясы көбіне әлеуметтік толғау сипатында жазылып, өзі өмір сүрген дәуірдің жағдайын шынайы суреттейді. Қоғамдағы өзгерістерге сыни көзбен қарап, оған қарсылық білдіріп отырған.

Дулаттың шығармашылығында ерекше орын алатын туындыларының бірі – «Еспембет» дастаны мен бірнеше өлеңдері. Бұл шығармалар ХІХ ғасырдағы

қазақ әдебиетінің құнды мұрасы саналады. Ол елге, туған жерге деген сүйіспеншілігін, езілген халықтың ауыр хәліне деген жанашырлығын өлеңдеріне арқау етті. Ақын халықты азаттық үшін күреске үндеп, ерлікке жігерлендірді. Оның бұл бағыттағы туындылары – терең әлеуметтік мәнге ие, тәрбиелік сипаты бар шығармалар.

«Еспембет» поэмасы Дулат Бабатайұлының шығармаларының ішіндегі ең күрделісі және оның әлеуметтік лирика, дидактикалық поэзияға ғана емес, сюжетті шығармаларға да шебер екендігін көрсетеді. Поэманың сюжеті: жетім өскен Еспембет нағашысының елінде жүруге арланып, ол өзінің туған жеріне кетуге рұқсат сұрайды. Нағашысы Қосайдың ұсынған сыйлықтарынан бас тартып, тек Ақбөрте тайды беруді сұрайды. Еліне (Найманның Сыбаны) келгесін, ағайындары онша елемейді. Арада үш-төрт жыл өтіп, Ақбөрте санаулы күліктердің бәйгесінен жалғыз келеді де оның бәйгесіне тізілген жүз тайлақты бес Сыбанның ұлына Еспембет бөліп беріп, өзінің ірілігін, мырзалығын танытады. Осы оқиғадан кейін көзге түсіп, ауызға ілігеді. Қаракерей Қабанбай, Байжігіт, Ақтамберді батырлар қалмаққа қарсы жасақ құрып қол жиғанда, жас жігіт Еспембет те бірге аттанады. Қалмақпен шайқасқан жерде, ұрысқа алты жүз рет кіріп, талайды тұралатқан тап сол күні жекпе-жекте қазақтан сегіз батырды бір өзі өлтірген қалмақтың батырына Еспембет жалғыз өзі қарсы шығып, қалмақ батырын өлтіріп, атын олжа етеді. Осыдан кейін қазақ қолы жөпелдемеде шабуыл жасап, қалмақтарды жеңіп еліне қайтады. Жасынан-ақ халқының жауына қару жасап, қызмет етсем деген тілегі орындалады. Сөйтіп, Еспембет «батыр» деген даңққа жетеді [1].

Дулат өз дәуірінің шындығын шынайы суреттеп, сол уақыттағы қоғамның жай-күйіне терең үңіле білген ақын. Ол елдің мұң-мұқтажын, арман-тілегін өлеңдеріне арқау етіп, өз азаматтық көзқарасын ашық білдірген. Ақын тек замандас оқиғаларды жырлап қана қоймай, солар арқылы маңызды әлеуметтік ой-толғамдар жасай білді. Осы қасиеті оны тек шебер ақын емес, терең ойлы, қоғам тағдырына алаңдаған ойшыл дәрежесіне көтерді.

«Кеудеме қайғы толған соң,

Тұнық жырмен жуынам...» – деп жырлаған Дулат ақынның мұңы – отарлық езгінің салдарынан ауыр халге душар болған қазақ халқының қайғысы. Ол өз ішіндегі зар-мұңын халықтың мұңымен сабақтастырып, сол қайғыны өлең арқылы сыртқа шығарды. Тұнық жыры арқылы Дулат елдің ішіне еніп, тамырын жайған жағымсыз мінездерді, келеңсіз құбылыстарды ашық сынады. Сонымен бірге, сол мінездердің ұнамсыз бейнесін айқын суреттеп, қоғамға ой тастай білді.

«Тегімді менің сұрасаң» деп басталатын өлеңінде:

Майырдың алса бұйрығын,

Борбайға қысып құйрығын,

Ел пысығы жортады-ай ..... , - десе, «Сүлейменге» деген өлеңінде:

Ұлық сықса ұлықты

Ұласып ештай былықты.

Атқа мінер ауылда,

Итше ілігіп ылықты..., - деп, отаршылдық билік жүйесімен елін сатқан атқамінерлер бейнесін жасайды. Дулат Бабатайұлы – қазақ әдебиеті тарихында ұлттық сананы биікке көтерген жаңашыл ақын.

Дулат Бабатайұлы өз шығармаларында ел билеушілерін – халықты қанаушы, зорлық пен озбырлық жасаушы ретінде бейнелейді. Ол ел ішіндегі әкімдерді тек әділетсіздігі үшін емес, сонымен қатар қазақ халқын патша үкіметінің отарына айналдыруға себепші болған сатқындар ретінде қатты сынға алады. «Бараққа», «Тырнақтай меңі болған соң», «Әуелгі қазақ деген жұрт», «Кеңесбайға», «Сүлейменге» сияқты өлеңдерінде Дулат ұлттық тілімен оларды аямай әшкерелейді. Сонымен қатар, ақынның туындыларында ел тарихының өнегелі тұстары, туған жерге деген терең сүйіспеншілік пен атақонысқа деген қимастық, болашаққа алаңдаушылық сезімі кеңінен көрініс тапқан [2].

Дулат Бабатайұлы қазақ халқының отарлық езгіге түсіп, күйзеліп бара жатқанын терең сезініп, осы қасіреттің басты себебі ретінде ел ішіндегі «жақсыларды» — билік басындағыларды қатты сынға алады. Ол оларды «күшіген ит», «қорқау қасқыр», «жемтікке қонған күшіген», «өлексе», «аузын бұған қой» сияқты ауыр теңеулермен бейнелеп, бар жағымсыздықты соларға телиді. Ақын халқының торғайдай тоз-тозы шығуының бірінші себебі – хандық биліктің жойылуы деп білсе, екіншіден – орыс патшалығының шұрайлы жерлерді тартып алып, халыққа алым-салықты ауырлата түсуі, бекіністер салып, бейбіт елді арандатуы деп есептейді. Мал шаруашылығымен күнелткен ел үшін жайылым мен қоныстың маңызы зор еді. Ал осы кең өрістерге орыс қалаларының орнауы халықтың тынысын тарылтты, тіршілігін тұралатып, күйзеліске ұшыратты. Дулат бұл әділетсіздікке тек мұңмен емес, ашу-ыза, кек, күйінішпен жауап береді. Ақын үшін жер – тек тіршілік көзі ғана емес, адамның кіндік қаны тамған, жанымен байланысқан ең қастерлі ұғым. Сондықтан да туған жердің тартып алынуы – елдің ғана емес, ақынның да жүрегіне түскен жара болды.

Дулат Бабатайұлы өз заманында үстем тапқа, әсіресе олардың қарапайым халыққа жасаған әділетсіздігі мен озбырлығына қарсы ашық күрескен алғашқы ақындардың бірі болды. Ол бұқара халықтың мұңын жәй ғана жалпылап жеткізумен шектелмей, үстем тап өкілдерімен бетпе-бет келіп, олардың озбырлығын нақты мысалдармен, аттарын атап, көздеріне тіке айтып, батыл сынады. Дулаттың бұл әрекеті — оның ақындық қана емес, азаматтық ұстанымының айғағы. Ол ел ішіндегі әділетсіздікті әшкерелеуден тайсалмай, билік иелерінің бетпердесін ашып, оларды халық алдында әшкереледі:

Жақсы болса ұлығы,  
Өз елін жаудай таламас.

Қасқыр тартып, қан шықса,

Жаман ит кеп жей бере..., - деп жалпы қазақ ұлықтарын сыпыра сынға алады [3].

Дулат жыраудың өлеңдері отаршылдық езгіге қарсы халықтық ниеттен туғандықтан, ол ел әкімдерін сынағанда жай озбыр, зорлықшы, елді сорушы деп қана, сынамайды, қазақ елін патша өкіметінің езгіге салуына себепші, елді сатушылар деп сынады.

Дулат Бабатайұлының үстем тап өкілдері туралы көзқарасы — белгілі бір әлеуметтік топтың емес, бүкіл халықтың мүддесін көздеген терең танымнан туған. Ол таптық тұрғыдан ғана емес, жалпыұлттық, қоғамдық әділет пен азаттық тұрғысынан ой қорытып, халықтың мүддесін қорғай білді. Бұл тұста Дулат тек бай, би, төрені сынаумен шектелмей, елдің болашағына алаңдап, олардан үміт күтуді де тоқтатпағанын байқаймыз. Ол шындықты айтудан тайсалмаса да, кей тұстарда ел басшыларынан оң өзгеріс күтуді де доғармаған.

Ақынның «Сандықтас» өлеңінен алынған жолдар – сол дәуірдің ащы шындығын, саяси-әлеуметтік жағдайын, қорлық пен езгіден қажыған елдің халін нақты бейнелейді. Онда ханы опасыз, әйелі ақылсыз, батыры жігерсіз елдің сүреңсіз тіршілігі суреттеледі. Бұл — Дулаттың сол қоғамға деген ашынған көзқарасының көрінісі.

Дулат — өз заманының ақиқатын бүкпесіз айтып, отарлық езгінің елге әкелер зардабын терең түйсіне білген, шыншыл әрі көреген ақын. Ол — халқының жоғын жоқтаған, шындықты ту еткен, отарлық бұғаудағы елдің ауыр жағдайына жүрегімен қайғыра білген аса көрнекті ойшыл тұлға.

Дулат Бабатайұлы елінің басына түскен ауыртпалық пен отарлық езгінің зардабын терең сезініп, шарасыз күй кешкен ақын. Өз халқын басқыншы күшке қарсы қорғай алмағанына налиды. Ол өзін:

«Көл қорыған қызғыштай,

Сен десе салам байбалам» – деп сипаттап, халқы үшін жанын шүберекке түйіп, шырылдаған күйін бейнелейді.

Ақын заманының ауыр шындығын – ел ішіндегі түрлі әділетсіздік пен азғындықты ашық айтады. Халықтың шаруашылығы күйреп, адамзаттың ниеті мен пейілі бұзылып бара жатқанына күйінеді. Мұндай рухани және әлеуметтік күйреуге себеп болғандар – дүниеқоңыз байлар, мансапқа құныққан бекзадалар, ар-ұяттан безген пейілсіз адамдар, қулық пен сұмдыққа бой алдырған алаяқтар деп біледі.

Дулат бұл ойларын тек күйінішпен емес, ащы шындық пен уытты тіл арқылы жеткізе отырып, қоғамның дертін ашып көрсетеді. Оның өлеңдері – халықтың көзін ашуға, әділет үшін күреске үндеуге бағытталған азаматтық поэзияның айқын үлгісі.

Халық басына түскен ауыртпалыққа бұзақы шонжарлар мен құлқынқұмар қу-сұмдар жауапты дей келіп, ақын халқының қайғысын ойлап егіле-төгіле жыр шертеді:

Елді бастар ер қайда?

Аға сұлтан абызар.

Еліңді қамап көрге айдар

Барсакелмес жерге айдар.

Күш кеткен соң қолыңнан

Зарлаудан, сарнау не пайда?!-

деп, «Елге қиын-қыстау шақ келгенде сенім артар кім бар?» деп сұрақ қойып, оның жауабын аға сұлтан мен абыздан таба алмай, тек күрестің өзінен көреді.

Елді басқаратын, жол көрсететін шынайы азаматтар жоқ болып, олардың орнын енді тек өз мүддесін ғана ойлайтын, өлексе іздеп, шуылдақ жаман

қарғалар сияқты әлсіздер басып алып жатыр деп Дулат мұңаяды. Ақшалай алым-салыққа көшкен кезеңдегі бұзылған молдалар, имандылар мен байларды сынға алуда ақынның батылдығы ерекше көрінеді. Ол молдалардың жаман әрекеттерін, дінді өз пайдасына пайдаланып, елді алдап жүрген зұлымдықтарын ашық көрсетеді.

Қорыта айтарымыз, Дулат Бабатайұлы шығармашылығында ең көп қозғалған тақырып – туған жерге деген махаббат пен сағыныш. «Сандықтас», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Сауыр жерден айрылып», «Ата қоныс Арқадан» сияқты өлеңдерінде туған мекеннің қасиеттілігіне, ол жат қолдарға көшкеніне терең өкініш пен сағыныш сезімі айқын көрінеді. Ақынның ғибратты ойлармен өрілген өлеңдері мен толғаулары шыншылдық пен адалдыққа толы. Қазақ халқының қуанышы мен қайғысын қара өлеңге сыйғызған Дулат Бабатайұлының саяси-әлеуметтік лирикасы дәуірдің қайшылықтарын айқын жеткізіп, тарихи оқиғаларға нақты әрі өміршең сипат береді. Оның шығармалары – сол кезеңнің шынайы көрінісі, халықтың жан сырын жырлаған құнды мұра.

#### **Әдебиеттер:**

1. Раев Қ. Дулат Бабатайұлы шығармалары мен тағылымы. Алматы: «Раритет», 2003. – 288 б.
2. Пертаева. Э. Дулат Бабатайұлының ақындығы. Алматы: «Жазушы», 2000. – 240 б.
3. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. Алматы. «Ғылым», 1983. – 236 б.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЛИНГВОМӘДЕНИ БАҒЫТТА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Л.К. Кастуганова**

Орал қаласы №26 жалпы орта білім беретін мектебі

Орал, Қазақстан

Қазіргі білім берудің маңызды мақсаттарының бірі-балаға оқытылатын пәндер бойынша белгілі бір білім беру ғана емес, сонымен бірге қоғамда өмір сүруге, қарым-қатынас жасауға, алған білімдерін практикада қолдануға қабілетті функционалды сауатты тұлғаны тәрбиелеу. Оқу сауаттылығы мен функциоанлдық сауаттылық тілдік дағдыларды тиімді қолдану арқылы мәтінмен жұмыста қалыптастады.

Тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы. Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қоймай, келер ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Адам баласының таным түсінігі толысқан сайын санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі. Ақиқат дүниенің кез – келген үзігінің денотаты мен жағдаяттары тіл арқылы санада таңбаланып сақталады және жұмсалады. [1,18]

Мәтінмен жұмыс барысында лингвомәдениеттану қағидаларын қолдану оқушылардың немесе студенттердің тілдік құзыретін ғана емес, ұлттық дүниетанымын да тереңдетуге мүмкіндік береді. Тіл – ұлтымыздың қазынасы, халық тілі-сол халықтың шынайы болмысының айнасы. [2,21]

Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлттың мәдени кодын тіл арқылы тану жолдарын зерттейтін ғылым.

Мәтінмен жұмыста лингвомәдениеттану жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың негізгі бағыттары:

Мақсат қою

Негізгі мақсат: мәтін арқылы ұлттық-мәдени құндылықтарды ашу, тілдік бірліктердегі мәдени ақпараттарды жинақтау, саралау, зерделеу.

Мәтінмен жұмыс барысында лингвомәдениеттану жұмысты дұрыс ұйымдастыру үшін төмендегі кезеңдер мен әдістерді ескеруге болады:

1. Мақсат пен міндеттерді айқындау

Мәтінді талдау арқылы қандай мәдени-тілдік құбылысты зерттегіңіз келетінін анықтау.

Мысалы: ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр, этномәдени лексика, фразеология.

2. Мәтінді таңдау және дайындау

Зерттеу тақырыбына сай көркем, публицистикалық немесе ауыз әдебиеті үлгілерінен мәтін іріктеу.

Автор, дәуір, жанр ерекшелігін ескеру.

3. Лингвомәдени бірліктерді анықтау

Мәтіндегі мәдени мағынасы бар тілдік бірліктерді белгілеу:

Ұлттық-мәдени реалийлер: киім, тағам, дәстүр, ұлттық ойын атаулары.

Фразеологизмдер, мақал-мәтелдер: ұлттық дүниетаным көрінісі.

Тарихи-мәдени атаулар: көне топонимдер, этнонимдер, антропонимдер.

Когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттану – қазіргі тіл біліміндегі өзара байланысты екі бағыт. Екеуі де тілді тек грамматикалық жүйе емес, мәдени-танымдық құбылыс ретінде зерттейді. Төменде мәтінмен жұмыс тұрғысынан олардың негізгі қырлары көрсетіледі.

1. Когнитивті лингвистика және мәтін

Когнитивті лингвистика – тілдің адам санасымен, ойлау үдерістерімен байланысын зерттейтін бағыт.

Мәтінді зерттегенде ол:

Концепт ұғымына сүйенеді – белгілі бір мәдени қауымға ортақ менталды бейне (мысалы: «жер-ана», «қонақжайлық»).

Фрейм, сценарий, скрипт сияқты когнитивтік модельдер арқылы мәтіндегі оқиғалардың қалай ұйымдастырылғанын түсіндіреді.

Мәтіндегі метафоралар мен бейнелерді адамның дүниетанымын бейнелейтін когнитивтік механизм ретінде қарастырады.

Мәтінмен жұмыс үлгісі:

– Көркем шығармадағы табиғат суреттерін концептуалдық талдау (мыс., «көшпелі кеңістік» концепті).

– Публицистикадағы саяси метафораларды (мыс., «экономикалық дағдарыс – дауыл») танымдық тұрғыдан сипаттау.

## 2. Лингвомәдениеттану және мәтін

Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлттық-мәдени кодтарды тілдік деректер арқылы зерттейтін ғылым.

Мәтін аясында ол:

Ұлттық болмыс пен мәдени құндылықтарды жеткізетін тұрақты тіркестерді, фразеологизмдерді, символдық сөздерді талдайды.

Әдет-ғұрып, дәстүр, дүниетаным көріністерін тілдік бірліктер арқылы ашады.

Мәтіндегі мәдени коннотацияны, ұлттық стереотиптерді айқындайды.

Мәтінмен жұмыс үлгісі:

– Қазақ фольклорындағы «қонақ күту» дәстүрінің тілдік көріністерін сипаттау.

– Мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының табиғатқа көзқарасын зерттеу.

## 3. Екі бағыттың тоғысуы

Когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттану мәтінді:

Ұжымдық сананың айнасы ретінде,

Ұлттық мәдениеттің коды ретінде,

Танымдық модельдердің бейнесі ретінде қарастырады.

Осылайша мәтінді талдау барысында:

Когнитивті тәсіл – ойлау мен концепт құрылымын ашады.

Лингвомәдени тәсіл – ұлттық-мәдени мазмұнын көрсетеді.

Мәтінмен жұмыста когнитивті лингвистика – адамның дүниетанымдық модельдерін, ал лингвомәдениеттану – ұлттық-мәдени реңктерді түсіндіру үшін қажет. Екі ғылымның үйлесімі мәтінді тереңірек, көпқабатты деңгейде талдауға мүмкіндік береді.

Адамзат тіршілігінің ең басты құралы деп танылатын тіл болмысына зер салу, сөз мағынасын халықтық таным тұңғығынан өрбіту, тіл тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру, дәстүр мен жаң ашылдық үдерістерін танымның динамикалық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы универсалды, яғни барша жұртқа ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге, оркениетті мемлекеттің қоғамдық -әлеуметтік мүмкіндігін арттыруға әсер етері хақ. [5,4]

Мәтінмен жұмыс жүргізу- тіл үйретудегі негізгі және басты бағыттардың бірі. Өйткені оқушы мәтін бойынша тақырып негізінде білімін толықтырады. Мәтін негізінде монолог қалыптастады, мәтін мазмұны негізінде диалогті жүзеге асыра біледі. Ал монолог пен диалог- тілді үйретудегі коммуникативтік құзыреттіліктің басты элементтері.

Мәтінмен жұмыс- функционалдық оқу дағдыларын дамытудың негізгі тәсілі.

Дәстүрлі білім беруде ертеден-ақ мәтіннің үш түрі ұсынылады: баяндау (әңгімелеу), сипаттау, пайымдау.

Осындай үш түрге бөлінуі мәтінде көзделген негізгі мақсат пен сөз саптау тәсілімен байланысты.

Жұмыс барысында талдау, салыстыру, жинақтау, зертеу әдістері қолданылып, тақырыптың практикалық маңыздылығын арттыруға септігін тигізеді. Мәтіннің қызметін таныту- оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауының бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жалпы тәжірибеде мәтінмен жұмыс барысы келесі кезеңдерді қамтиды.

- Мәтінмен таныс болғанға дейінгі жұмыс (сөздікпен жұмыс)
- Мәтінмен тікелей танысу жұмысы (оқу, талдау, сұрақтарға жауап беру)
- Мәтінмен таныс болғаннан кейінгі жұмыс (мәтін мазмұны бойынша тапсырмаларды орындау).

Бірінші кезеңде сөздікпен жұмыс жүргізу, сөз тіркесін, сөйлемдер құра отырып, жаңа сөздерді барынша есте сақтауға тырысу, сурет бойынша жаңа сөздерді табу тәрізді жұмыс түрлері жүргізіледі.

Екінші кезеңде мәтін оқу арқылы оқушылардың тілдік норманы сақтау, орфоэпиялық нормаларды басты назарда ұстау, мәтін мазмұнын түсінуге тырысуға бағыттау жұмыстары жүзеге асырылады.

Мәтінмен таныс болғаннан кейін алған түсініктерін бекіту, есте сақтау, монолог пен диалог дағдысын дамыту үшін алуан түрлі тапсырмаларды қолдануға болады. Әрине, тапсырмалардың қарапайымдылығы мен күрделілігі оқу сатысына, оқушының жас ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге тапсырма мазмұны мұғалімнің қандай мақсатты көздеуіне де тікелей байланысты болады.

Мәтінмен жұмыс оқушылардың бойында тілдік сезімді дамытады, грамматикалық, стилистикалық және сөйлеу қателіктерін жоюға ықпал етеді, көркем шығармалардың стилистикалық-семантикалық қабылдауын едәуір тереңдетеді, дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді: мәтін авторымен дұрыс, дәлелді диалог құра білу, өз ұстанымын сенімді түрде дәлелдеу.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда алдымен оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай мәтінмен жұмыс түрлерін тілдік дағдылар нешінде ұйымдастырған тиімді. Мысалы, Көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу.

Мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау.

Мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу.

Ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау.

Мәтінмен жұмыс- функционалдық оқу дағдыларын дамытудың негізгі тәсілі. Жұмыс барысында талдау, салыстыру, жинақтау, зертеу әдістері қолданылып, тақырыптың практикалық маңыздылығын арттыруға септігін тигізеді. Мәтіннің қызметін таныту- оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауының бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс істеу оқушылардың білімін қалыптастыруда, функционалды сауаттылығын артыруда маңызды жұмыс болып табылады.

Мәтінмен жұмыс істеуде:

- ✓ мәтіннен ақпарат алып, оған тақырып қою;
- ✓ мәтіннің жалпы мағынасын беретін тезис құрап жазу;
- ✓ графиканың негізгі бөліктері мен картаның, суреттің мақсатын түсіндіру;
- ✓ салыстыру және мәтіннің сипаты мен түрін анықтау.

Мәтіннен ақпарат табу үшін оқушы мәтінді оқи отырып, оның негізгі бөліктерін айқындап, ондағы айтайын деген негізгі ойды табады. Сонымен бірге мәтіндегі түрлі ақпаратты салыстырып және қарама-қарсы қойып, тезистер арқылы қорытындылар жасайды. [6,12]

Негізгі мәтін- оқулықтың ядросы. Ол меңгерілуге тиісті курстың бағдарламалық материалының логикалық жағынан байланысқан, жүйелі түрде баяндалуы болып табылады.

Когнитивті лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Таным мәтінмен жұмыста мағынаны тану арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың сөйлеу дағдыларын, зейінін дамытуға, оқуға деген құштарлығын дамытуға, коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді, ана тілін әр түрлі салаларда және оны қолдану жағдайларында еркін меңгеруді қамтамасыз етеді; оқушылардың сөздік қорын және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын байытады; сөйлеу қарым-қатынасы мен өзара түсіністікке дайындығы мен қабілетін, сөйлеуді өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін дамытады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Э.М.Самекбаева «Когнитивтік лингвистика» Семей. 2015ж.
2. Манкеева Ж. «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» //Тілтаным 2001, №4 39-436.
3. Әбікенова Г.Т. «Когнитивті лингвистика» Оқу құралы. Семей 2008. 118-б.
4. Қордабаев Т. Қалиев Ғ. «Жалпы тіл білімі» Алматы 2004ж.
5. Э. Оразғалиева «Когнитивтік лингвистика:қалыптасуы мен дамуы» Алматы 2004ж.
6. Базилбаева К.М. «Мәтінмен жұмыс жасау методологиясы» 2023ж.

# КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

**Сарсенбаева С.Ш.**  
№12 орта мектеп КММ  
Ақтөбе, Қазақстан

Тіл – ұлттың рухани коды болып табылады, ал оны меңгеру мен қолдану мәдениеті әр жас ұрпақтың тұлғалық, әлеуметтік және мәдени дамуына шешуші әсер етеді. Қазіргі білім беру процесінде тіл мәдениетін қалыптастыру оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, танымдық қабілеттерін жетілдірудің негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан қарағанда, көнерген сөздерді үйрету тек тіл білімінің тарихи саласын меңгерумен шектелмей, оқушылардың тілдік сезімін, сөздік қорын және сөйлеу мәдениетін дамытуға қызмет етеді.

Қазақ тілінің тарихи-мәдени қабаттарын таныстыру – тіл мәдениетін қалыптастырудағы маңызды бағыттардың бірі саналады. Бұл бағытта көнерген сөздер ерекше лексикалық бірлік ретінде оқушының тілдік және танымдық дамуына зор үлес қосады. Көнерген сөздер – халықтың өткен өмірі, тұрмыс-салтын, дүниетанымын және рухани мәдениетін көрсететін маңызды тілдік деректер болып табылады. Олардың көмегімен оқушылар тілдің тарихи кезеңдеріндегі ерекшеліктерін ғана емес, сөзге деген жауапкершілікті де меңгеріп, сөйлеуді дұрыс, дәл және мәдениетті ұстауға дағдыланады. Мұның бәрі тіл мәдениетінің негізгі белгілерінің бірі болып табылады.

Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеу барысында сөздерді орынды, әсерлі, мағыналы әрі тіл нормасына сай қолдану қабілеті. Көнерген сөздерді меңгерту арқылы бұл қабілетті дамытудың бірнеше ғылыми негіздері бар. Біріншіден, бұл сөздер оқушының сөздік қорын кеңейтеді, екіншіден, тарихи-мәдени санасын дамытады, үшіншіден, сөздердің стильдік реңін ажырата білу дағдысын қалыптастырады. Мәселен, «сәукеле», «ханзада», «сардар», «шідер», «жарлық», «мәслихат» секілді сөздер тарихи және әлеуметтік контексте ғана толық мағынаға ие бола алады. Оқушы мұндай сөздердің мағынасын түсіне отырып, оны қазіргі тілмен салыстырып, сөйлеу барысында стильдік дәлдікке мән бере бастайды. Бұл тілдік талғамның және сөз мәдениетінің көрсеткіші.

Көнерген сөздерге негізделген тапсырмалар оқушылардың когнитивтік ойлауын, тілдік интуициясын, сөйлеу эстетикасын дамытуға ықпал етеді. Мұндай тапсырмалар тек лексикалық біліммен шектелмей, тарихи, мәдени, көркемдік дүниетанымды да бірге дамытады. Мәселен, оқушыларға көнерген сөздердің мағынасын ашу, оларды қазіргі сөздермен салыстыру, мәтіннен табу, сөйлем құрау, шығарма жазу секілді тапсырмалар беруге болады. Сонымен қатар оқушыларға көне сөздерді қолдана отырып, шағын көркем мәтін құрату немесе тарихи рөлдік ойындар арқылы кейіпкердің атынан сөйлеуге мүмкіндік жасау – тіл мәдениетін қалыптастыруда тиімді әдіс. Бұл оқушылардың сөздік қоры мен сөйлеу қабілетін байытып қана қоймай, сөз мағынасына терең бойлауын, тарихи тілдік контексті түсінуін қамтамасыз етеді.

Көнерген сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың сөйлеу әдебі мен сөзге жауапкершілікпен қарау көзқарасы қалыптасады. Бұл тіл мәдениетінің этикалық қыры. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамында қолданылған «кұда», «төркін», «ата-баба», «ұлық», «жарлық» секілді сөздер тек атау емес, белгілі бір әдеп, рәсім, қатынас түрін де білдіреді. Мұндай сөздерді оқыту оқушыларды тек ақпаратпен қаруландырмайды, оларды ұлттық сана мен тілдік тәрбие тұрғысынан қалыптастырады. Яғни, көнерген сөздер арқылы оқушы тек сөйлеуді емес, сөйлеудің мәдениетін, мәнерін, астарлы мағынасын игереді.

Психолингвистикалық тұрғыдан алғанда, көнерген сөздерді меңгеру оқушының тілдік есте сақтау, ассоциативті ойлау, семантикалық талдау қабілеттерін дамытады. Бұл өз кезегінде оқушының жалпы коммуникативтік мәдениетінің жоғарылауына әкеледі. Оқушы көнерген сөздердің мағынасына үңіле отырып, оның қолданылу аясын, маңызын түсінеді. Соның негізінде сөзді саналы қолдану дағдысы қалыптасады. Бұл тіл мәдениетінің функционалдық аспектісімен тығыз байланысты.

Сондай-ақ көнерген сөздерді оқыту оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға үлкен әсер етеді. Мұғалім оқушыларға көнерген сөздерді қатыстырып, көркем сипаттама жасау, кейіпкер бейнесін ашу, тарихи оқиғаны сипаттау сияқты тапсырмалар бере отырып, олардың тілдік креативтілігін дамыта алады. Мысалы, «бәйбіше» сөзіне сипаттама беріп, оны қазіргі өмірмен байланыстыру, «хан» сөзі арқылы мінездеме жазу, «жырау», «батыр» сияқты сөздерді қатыстырған мәтін құрау – оқушыны тек сөз қолдануға емес, мағыналық дәлдікке, бейнелілікке, стильдік үйлесімге баулиды.

Көнерген сөздерді меңгеру барысында оқушы тек сөздің мағынасын емес, сол сөз арқылы берілген тарихи, әлеуметтік және мәдени ақпаратты да таниды. Бұл – тіл арқылы таным әрекетінің жүзеге асуы. Мұндай жұмыс оқушының когнитивтік белсенділігін арттырып, тілдік және тілтанымдық рефлексияны қалыптастырады. Оқушы көнерген сөздердің мәнін түсініп, оны қазіргі әдеби тілмен салыстыра отырып, сөйлеу барысында дәл, әсерлі әрі мағыналы сөз таңдай алуға үйренеді. Осылайша, тілдік талғам қалыптасады. Тілдік талғам – тіл мәдениетінің негізі. Сонымен қатар көнерген сөздер оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың да пәрменді құралы. Мысалы, көнерген сөздерді қатыстырып шығарма жазу, тарихи көрініс құрау, диалогтар құрастыру, мәтіндермен жұмыс істеу – баланың ойлау қабілетін арттырып, тілдік құралдарды стильдік мақсатта қолдануға үйретеді. Мұндай тапсырмалар оқушылардың тілдік санасын дамытып, сөзге жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Сөйтіп, оқушы тек грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеп қоймай, мағыналық дәлдікке, әсерлілікке, мәнерлілікке де мән бере бастайды. Бұл – сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейі. Бұған қоса, көнерген сөздерді меңгеру оқушыларда ұлттық құндылықтарға деген құрметті қалыптастырады. Олар бабалар тіліне ден қойып, өздерінің ұлттық тамырларына жақындай түседі. Бұл тілдік-мәдени сабақтастықты қамтамасыз етеді. Тіл мәдениетін қалыптастыруда тек тілдік материал жеткіліксіз. Оқушы оны саналы түрде түсініп, тарихи-мәдени контексте қабылдауы қажет. Көнерген сөздер осы міндетті атқара алады. Олар тек сөз емес, олар – тарих, мәдениет, ұлттық сана.

Көнерген сөздер – тек тілдің тарихи қабаты ғана емес, оқушының тіл мәдениетін дамытуға бағытталған тиімді әдістемелік құрал. Олар арқылы оқушының сөйлеу мәдениеті, сөздік қоры, стильдік сезімі, тарихи-мәдени танымы, тілдік талғамы қалыптасады. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі, мазмұнды, сабақтастықпен жүргізу – қазіргі білім беру үдерісінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Демек, көнерген сөздерді тиімді оқыту тіл мәдениетін қалыптастырудың пәрменді жолы болып қала береді.

Көнерген сөздерді оқыту – қазақ тілінің тарихи даму сатыларын оқушыға түсіндірудің, тілдік сананы кеңейтудің және ұлттық танымды қалыптастырудың маңызды бір саласы. Бұл бағытта оқытушы тек тілдік мазмұнмен шектелмей, тарихи, мәдени, әдеби контекстерге сүйене отырып кешенді әдістерді пайдалануы қажет. Өйткені көнерген сөздер – ұлттық болмыстың тілдік көрінісі, рухани жадының көркем коды.

Көнерген сөздерді қолдануда түрлі әдістерді пайдалануға болады. Соның ішінде тарихи-контекстік талдау әдісі көнерген сөздердің мазмұнын түсіндіруде негізгі тәсіл болып саналады. Бұл әдіс бойынша сөз тек мағыналық жағынан емес, тарихи-әлеуметтік маңызы тұрғысынан да қарастырылады. Мәселен, “хан”, “би”, “жарлық”, “нөкер”, “орда”, “сауыт”, «қанжар» сияқты сөздер оқушыларға тек номинативті бірлік ретінде емес, белгілі бір дәуірдегі саяси-әлеуметтік жүйенің элементтері ретінде ұсынылады [1]. Мұндай тәсіл оқушыға тарихи оқиғалар мен тілдік деректердің байланысын ұғынуға мүмкіндік береді. Сыныпта мұндай сөздер мәтіндік талдауға салынып, оқушылар сол дәуірдің ерекшелігін түсініп, қазіргі қолданыспен салыстырады. Бұл әдіс тілдің тарихи сабақтастығын ұғынуға ықпал етеді.

Көркем мәтінмен жұмыс – көнерген сөздердің көркемдік мәнін ашуға бағытталған тиімді әдіс. М.Әуезовтің, І.Есенберлиннің тарихи романдарындағы немесе жыраулар поэзиясындағы лексикалық бірліктер – тілдің көнерген қабаттарын танытатын маңызды дереккөздер. Мәселен, “сәукеле”, “ақ отау”, “жамбы ату”, “жарлық” сияқты сөздерді оқушы мәтіннен анықтап, олардың мағынасын, қолдану орнын, стильдік рөлін, тарихи-көркем контекстен бөліп талдай алады [2]. Мұндай жұмыс оқушыны тілдік талдауға ғана емес, мәдени, көркемдік және тарихи ойлау жүйесіне жетелейді.

Салыстырмалы талдау әдісі көнерген сөздердің қазіргі тілдегі баламасымен, синонимдерімен немесе семантикалық өзгерістерімен салыстыру арқылы оқытуды көздейді. Бұл әдіс оқушыға тілдік жүйенің дамуын, мағына трансформациясын, сөздердің қызметтік өзгерістерін ұғынуға жол ашады. Мысалы, “шақша” (бас киім), “сауын айту” (жариялау), “шаһар” (қала), “желпен” (жеңіл бас киім) сөздері қазіргі нұсқаларымен салыстырылып, мағыналық эволюциясы көрсетіледі [2]. Бұл оқушының талдау және қорытынды жасау қабілетін дамытады. Қазақ тілінің бай сөздік қоры – ұлт тарихының, мәдениетінің, дүниетанымының айнасы. Осы байлықтың бір саласы – көнерген сөздер, яғни архаизмдер мен тарихи сөздер, бүгінгі ұрпақтың тілдік санасын байытып, сөз саптау мәдениетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Көнерген сөздер тек ескі тілдік элементтер ғана емес, олар – ұлттың өткенімен тікелей байланысты рухани-мәдени мұра.

Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында көнерген сөздерді мақсатты түрде таныстырып, олардың мағынасын, қолданылу аясын түсіндіру – оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге, тілге деген құрметін арттыруға сеп болады. Сонымен қатар, көнерген сөздер арқылы оқушылар халқымыздың дүниетанымы мен тарихына үңіліп, өз мәдениетімен тереңірек танысады.

Осылайша, көнерген сөздерді оқыту – тек тіл үйрету ғана емес, ұлттық сана қалыптастырудың, рухани сабақтастықты жалғастырудың тиімді жолы. Сондықтан бұл сөздік қабатты оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіруде белсенді түрде қолдану – уақыт талабы.

**Әдебиеттер:**

1. Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1981.
2. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994.

## МАЗМҰНЫ

### 1-СЕКЦИЯ: ДИСКУРС ТАЛДАУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

*Sedliarova O.M., Soloveva N.S.*

GRAPHIC NOVEL TRANSLATION AND LOCALISATION AS LINGUOCULTURAL PROBLEM IN MULTIMODAL DISCOURSE..... 3

*Айхынқызы Б.*

ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ДИСКУРС ЖӘНЕ ДАРАЛЫҚ СТИЛЬ: Ә.НҮРШАЙЫҚОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ..... 8

*Куштаева М.Т.*

ЭТНОМӘДЕНИ КОНЦЕПТИГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ..... 13

### 2-СЕКЦИЯ: ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІ ПАРАДИГМАСЫНДАҒЫ ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫ

*Абдикаримова А., Есенова Қ.Ө.*

COMMUNICATIVE-PRAGMATIC FEATURES OF KAZAKH HUMOR: REFLECTION OF NATIONAL VALUES..... 19

*Сағынбек И.Ж.*

СИНТАКСИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СКАЗОЧНОГО ДИСКУРСА (НА МАТЕРИАЛЕ БАШКИРСКИХ НАРОДНЫХ САТИРИЧЕСКИХ СКАЗОК ОБ АЛДАРЕ) ..... 31

*Кобыскан А.С.*

ЮМОР КАК ИНСТРУМЕНТ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ: ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ДИСКУРСА ЖУРНАЛА «ПЕРВИЧКА»..... 34

*Makmutova N. K., Sapargaliyeva D. D.*

LOSS OF COMIC EFFECT IN TRANSLATION: COGNITIVE MECHANISMS AND CULTURAL BARRIERS IN HUMOR PERCEPTION..... 38

*Морозов Е.А., Морозова П.Е.*

ЮМОРИСТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В ЭПОХУ ЦИФРОВОЙ КОММУНИКАЦИИ: НОВЫЕ ФОРМЫ И ФУНКЦИИ СМЕХА..... 43

*Дубских А.И.*

ДИДАКТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ЮМОРИСТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА НА ЗАНЯТИЯХ ПО ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В ВУЗЕ..... 49

*Аминев З.Г.*

ВЛИЯНИЕ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ НА ЭТНИЧЕСКИЕ СТЕРЕОТИПЫ В ЮМОРИСТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ..... 54

*Самситова Л.Х.*

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ СКАЗОЧНОГО ЮМОРИСТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА (НА МАТЕРИАЛЕ БАШКИРСКИХ НАРОДНЫХ БЫТОВЫХ СКАЗОК).....	57
<i>Садирова К.К.</i>	
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ ТІЛІНДЕГІ ӨЗІЛ-ОСПАҚ: ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ДИСКУРСЫ.....	65
<i>Култанбаева Н.К.</i>	
АРАБ-МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ӨЗІЛ-ОСПАҚТЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ: ИСЛАМДЫҚ КӨЗҚАРАС.....	68
<i>Жетесова Ж.А.</i>	
АНЕКДОТТЫҢ ДИСКУРСТЫҚ ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ АНТРОПОӨЗЕКТІК СИПАТЫ.....	73
<i>Жетесова Ж.А., Тухтарова А.С.</i>	
ҰЛТТЫҚ СИПАТ ЖӘНЕ ӨЗІЛ-ОСПАҚ.....	78
<i>Кондратьева Н.В.</i>	
ФЕНОМЕН ЯЗЫКОВОЙ ИГРЫ В СОВРЕМЕННЫХ ФИНСКИХ АНЕКДОТАХ.....	84
<i>Ахмет А.Н.</i>	
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӨЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫНЫҢ ЖАҢА ФОРМАЛАРЫ: СТЕНДАП.....	88
<i>Пулеха И.Р., Гаврилина Д.С.</i>	
ПОЛИТИЧЕСКИ КОРРЕКТНАЯ БИБЛИЯ: ОТ САКРАЛЬНОГО ТЕКСТА К СОЦИАЛЬНОЙ САТИРЕ.....	91
<i>Маджаева С.И., Исакова С.С.</i>	
ХАРАКТЕРИСТИКА МЕДИЦИНСКОГО ЮМОРИСТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	94
<i>Токатова Л.Е.</i>	
ЮМОР И СПРАВЕДЛИВОСТЬ КАК УНИВЕРСАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН В СКАЗКАХ ОБ АЛДАРЕ КОСЕ.....	99
<i>Исакова С.С., Қартжан Н.Е.</i>	
ФРАНЦУЗ ӨЗІЛ-ОСПАҒЫ.....	103
<i>Ермекбаева Г.Г., Танатова Р.К.</i>	
ҚАЗАҚ ӨЗІЛ-ОСПАҒЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ.....	108
<i>Исакова С.С., Танатова Р.К.</i>	
ОРЫС ӨЗІЛ-ОСПАҒЫ.....	113
<i>Танатова Р.К.</i>	
ҚҰМЫҚ КҮЛДІРГІ ӘҢГІМЕЛЕРІНЕ ТӨН БЕЛГІЛЕР.....	116
<i>Қуандықова А.С.</i>	
ҚАЗАҚ КҮЛДІРГІ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАҢҒЫРУЫ.....	122
<i>Кузыассова А.М.</i>	
THE PECULIARITIES IN RENDERING ENGLISH HUMOUR IN ENGLISH WORKS OF ART.....	126
<i>Камалова Г.Р., Шакурова Ш. Р.</i>	

НАРОДНЫЙ ЮМОР БАШКИР: АНАЛИЗ КУЛЭМЭСОВ (ПО МАТЕРИАЛАМ КНИГИ РАШИТА ШАКУРОВА «СОКРОВИЩА БАШКИРСКОГО НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА» ..... <i>Зеркина Н.Н.</i>	130
АНГЛИЙСКИЙ ЮМОР КАК ПЕРЕВОДЧЕСКАЯ ЗАДАЧА.....	135

### 3-СЕКЦИЯ: КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Ахвандерова А.Д.</i> ОБ ИСТОЧНИКАХ ИСТОРИЧЕСКОЙ ДИАЛЕКТОЛОГИИ ЧУВАШСКОГО ЯЗЫКА.....	140
<i>Хусаинова Л.М.</i> О БАШКИРСКИХ ОРНАМЕНТАХ .....	144
<i>Куспанова Г.Д.</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-ЭТНОМӘДЕНИ ТҮРҒЫДАН ҚАРАСТЫРЫЛУЫ.....	147
<i>Mukhanbetsharip N.A., Sapargaliyeva D.D.</i> ETHNOCULTURAL DIFFERENCES IN THE PERCEPTION OF POLITENESS.....	156
<i>Kartzhan N.E.</i> LINGUOCULTURAL DIMENSIONS OF CONCEPT DESCRIPTION.....	163
<i>Shokhayeva K.N., Aitzhanova G.D.</i> THE ROLE OF AI TECHNOLOGIES IN TRANSFORMING BUSINESS COMMUNICATION.....	169
<i>Айтбенбетова А.Қ.</i> ӘЛЕМНІҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ ВАРИАЦИЯСЫ.....	186
<i>Уразалиева А.Р.</i> К ВОПРОСУ ОБ УПОТРЕБЛЕНИИ ФРАНЦУЗСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ.....	188
<i>Бисенова Д. Р.</i> ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘНДЕРІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	191
<i>Молдабаева З.М.</i> ОРЫС ТІЛДІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН КОГНИТИВТІК ТҮРҒЫДАН МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	194
<i>Елубаева А.Н.</i> МӘТІНДЕРДІ КОГНИТИВТІК ТҮРҒЫДАН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ.....	199
<i>Мукатова М.Е.</i> ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА ҰСТАНЫМДАРЫ.....	205
<i>Тайжанова Ж.Ж.</i> ГЕЙМИФИКАЦИЯ АРҚЫЛЫ ОРТА БУЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ.....	209

<i>Улмагамбетова Г.М.</i>	
ТІЛДІК САНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОГНИТИВТІК ӘДІСТЕРДІҢ РӨЛІ.....	215
<i>Жасанова А.Қ.</i>	
ҚАЗАҚ ТЕРМИНТАНЫМЫ: КӘСІБИ БІЛІМНІҢ КОГНИТИВТІК АСПЕКТІСІ.....	220
<i>Тоқсамбаева А.О., Д.Д. Турсынова Д.Д.</i>	
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ: ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ.....	223
<i>Ердембеков Б.А., Салимжанов Б.Е.</i>	
ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР.....	227
<i>Кастуганова Л.К.</i>	
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЛИНГВОМӘДЕНИ БАҒЫТТА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ .....	231
<i>Сарсенбаева С.Ш.</i>	
КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ .....	236

“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ”  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫҚ КІТАП НОМЕРІ  
ISBN.  
ӘМБЕБАП ОНДЫҚ ЖІКТЕУ,  
КІТАПХАНАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖІКТЕУ,  
ШТРИХ - КОД  
БЕРІЛДІ (ТІРКЕЛДІ)  
“НАЦИОНАЛЬНАЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ КНИЖНАЯ ПАЛАТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН”  
ПРИСВОЕНЫ (ЗАРЕГИСТРИРОВАНЫ)  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ СТАНДАРТНЫЙ КНИЖНЫЙ НОМЕР  
ISBN  
УНИФИЦИРОВАННЫЙ ДЕСЯТИЧНЫЙ КЛАССИФИКАТОР,  
БИБЛИОТЕЧНО-БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ КЛАССИФИКАТОР,  
ШТРИХ-КОД.

ISBN 978-601-376-040-7



«ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫ: САЛҒАСТЫРМАЛЫ АСПЕКТІ»  
халықаралық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
2025 жыл 19 қыркүйек

МАТЕРИАЛЫ  
международной конференции  
«ЮМОРИСТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС: СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ»  
19 сентября 2025 года

MATERIALS  
of the international conference  
«HUMOROUS DISCOURSE: A COMPARATIVE ASPECT»  
September 19th, 2025